Бұл рас, өмірдің өткінші екендігі әлем халықтары ақындарының бәрінде жырланатын тақырып. Қазақта жыраулар поэзиясынан бастау алып, бүгінгі ақындық поэзияға ұласып жатқан тақырып Шәңгерейдің:

Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қаранды үзіп барасың

Бізден де қайран дүния»- деген өлең жолдары қазақтың жасы өңкейген қай қыртының болса да ойында жүретін, іштей айтатын сөзі болса керек.

Абай осы өлеңді аударуды ойға алғанда өмірдің өткіншілігі туралы осы секілді халықтық пайымдауларды ескерсе керек.

Қараңғы түнде маужырап, балбырап ұйқыға бас қойған тау — адам бейнесін, даланы жым-жырт, дел-сал ғып басып келе жатқан түн — өлім бейнесін беретін секілді. Ал осының нақты шешімі соңғы екі жолда ашық айтылады.

Ескере кетер бір жәйт өлеңдегі «жапырақ» сөзіне байланысты. Г.Бельгер бала кезінен жаттап өскен Абайдың бұл өлеңінде «сыбдырламас жапырақ» деп айтылатын дейді. [92].

Текстологиялық салыстырулар бойынша 1909 жылғы жинақта екінші шумақтың алдыңғы екі жолы былай болып келеді:

Шаңдай алмас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ.

Біздіңше, «сыбдырламас жапырақ» деген дұрыс, өйткені жел соқса жапырақ сыбдырлайтыны дұрыс, ал ол өздігінен тұрып сілкіне алмайтыны кәдік. Сілкіну жанды биологиялық тіршілік иелеріне тән.

Қалай болғанда да ұлтымыздың рухани паспорты болып табылатын Абай мұрасына абай болғанымыз жөн.

Германияда бүкіл немістің ұлттық мақтанышы болып «Гете оқулары» өткізіліп тұрады. Бізде Абай оқуларын тек оның 175 жылдық торқалы тойы қарсаңында ғана емес, жоспарлы түрде өткізіп тұруымыз керек. Өйткені ХХІ ғасырға аяқ басып отырған Абай ілімі – еліміздегі өркениет көшінен қалдырмайтын мәңгілік ілім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Бельгер Г. Гете и Абай. Алматы: Жалын, 1989

АБАЙ МҰРАСЫ АДАМГЕРШІЛІК ҒІЛМІНІҢ ҚАЙНАРЫ

Марат Нұрғазыұлы Бекбосынов

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абайдың адамгершілік ілімі, рухани мұрасы, оның бастау көздері, Абай мұрасының зерттелуі жан-жақты талданған. Қазіргі таңда абайтанудағы мақсат міндеттер нақты дәйектермен көрсетілген.

Түйінді сөздер: ұлт, рухани, мұра, төл әдебиет, халық даналығы.

Біз неге Абайды ұлтымыздың рухани ұстазы, адамзатқа ортақ өлмес сөздің иесі дейміз? Жалпы Абайды не үшін оқимыз? Сөзді бұлай бастаудың себебі, кейінгі кезде: «Біз Абайды түсіндірмеуіміз керек, біз Абайды түсінуіміз қажет» - деген сөздерді оқып, естіп жүрміз. Олай болғанда, ұстаз бен шәкірт, мектеп пен оқушы, тұлға мен қауым сынды үйретуші мен үйренушінің қажеті не? Бұл орайда Абай: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим (өзіндік дұрыс қасиет; өзіңе тән мінез-құлық) һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады»[1, 124],- дейді. Яки, адамның махаббатпен білмекке құштар болуын оятатын осы үш үйретуші. Осы үшеуі бірігіп нағыз жақсы ата-ана, жақсы ұстаз, жақсы замандас болған қоғамда, сол елдегі халықтың келешегі жарқын, атар таңы арайлы болмақ. Міне, сондықтан да Абайдың «сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «таңың белден атады, күнің сонау жақтан шығады»[2, 275],- деумен өткен арпалысты ғұмыры халқын, қала берді адам баласын адамдық игі қасиеттерге, білім-ғылымға, адамзатқа ортақ мораль принциптері мен гуманизмге шақырумен өтті. Сондықтан, біз Абай мұрасын түсініп қана қоймай, шамамыз келгенше, түсіндіруіміз де қажет. Мұны:

Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі - тұл[3, 62],-

деп Абайдың өзі де айтқан. Алайда, кез-келген шығарманың нақты айтар идеясы, қорытынды мазмұны болады. Шығарма бөлшектері сол басты мазмұнды толықтыруға қызмет етеді. Сондықтан, кемеңгердің сөзін сол шығарманың негізгі мазмұнынан үзіп алып, өз мақсатына қарай пайдалануға жол жоқ. Әйтпесе, Абай: «Ел тыныш болса, жақсы сол»- деген, деп билік өкілдері, Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»- деген, деп дін өкілдері, басқа да топтар Абайдың тұтас шығармасындағы негізгі идеясын түсінбей немесе қасақана бұрмалап, өз мүдделеріне пайдаланып жүргеніне мысалдар жетерлік.

Сонымен, Абайды біз не үшін оқып, неліктен түсініп қана қоймай, қал-қадырымыздың жеткенінше түсіндіруіміз керек? Қанша жерден құбылтып, құйқылжытып, түрлі стильде, алуан терминдерді қолдана отырып сөйлесек те, Абай мұрасының күллі мазмұны адамды тәрбиелеуге, адамгершілік ілім бұлақтарынан нәр алуға жетелейді. Екінші сөзбен айтқанда, Абай мұрасы – адамгершілік ілімінің қайнары.

М.О.Әуезов Абай мұрасының нәр алған, толысқан, кемелденген рухани бұлақ көздерін «Абай ақындығының айналасы»[4, 239-254], «Абай еңбектерінің биік нысанасы»[2, 275-282] атты еңбектерінде: төл әдебиет пен халық даналығы, Шығыс руханияты және орыс, сол

арқылы Батыс әдебиеті мен мәдениеті деп атап-атап көрсеткен. Алайда, Абай нәр алған осы айтылған рухани бұлақ көздерінің әрқайсысы күні бүгінге дейін үлкенді-кішілі талай-талай зерттеулерге жүк болған ауқымы зор күрделі кең тақырыптар. Оған қоса, бұл мәселеде Абайдың ақындық кітапханасы, сол дәуірдегі осы үш мұра көздері өкілдерінің шығармашылық әдеби бағыттары мен олардағы идеялар, олардың Абайдың әдеби көзқарастары мен адамгершілік ой-танымдары, азаматтық ұстанымдарына сәйкестігі сынды қадау-қадау мәселелері бар. Сондықтан біз бұл шағын мақалада осы аталған рухани бұлақ көздерінің ішіндегі төл әдебиет пен халық даналығынан Абайдың алған рухани нәрлерін кемеңгердің өмір жолымен, рухани кемелдену эволюциясымен байланыста ала отырып, Абай мұрасындағы адамгершілік ілімін бүгінгі заман жайымен сабақтастықта қарастырмақпыз.

Қазақ халқының Шоқаннан соңғы ғұлама ғалымы (ал Абай хакім) Ақымет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926) атты әдебиеттану ғылымына арналған ғылыми еңбегінде өнер түрлерін жіктеп, саралай келе, сөз өнерін арнайы теориялық тұрғыда зерттеп, оның мақсаты мен міндеттерін айқындап, әдебиет – сөз өнері болса, оның басты мақсаты – адам тәрбиелеу екендігін дәйектеген. Ғалымды бұл байламға әкелген Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты сөз өнеріне принципті талаптар қойған атақты өлеңінің әсері болғаны даусыз. Мұны М.О.Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясындағы осы өлеңге қатысты: «Халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз – өлең деп қарайды»[5, 127],- деген тұжырымы да нақтылай түседі. Сондықтан да Абай өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің Шығыстық, Батыстық және ұлттық ең таңдаулы жауһарларын оқып, игеріп, солардағы озық идеяларды өз шығармаларында өрістетіп дамытты. Бұл орайда ол өзіне дейінгі әдеби-философиялық мұралардағы идеяларды өзінің сау ақыл, ыстық жүрегінің сарабына салып, қорытып, өз заманының қоғамдық-саяси жағдайлары, халықтың рухани хал-күйі, келешек мүддесімен байланыста алып, жаңаша әдеби бағытта дамытты. Сөйтіп, әлемдік ақыл-ой қайнарларынан және өз жанынан сұрыптап алған асыл құндылықтарды өзінің көркем мұралары арқылы өз заманына ғана емес, келешек ғасырларға да рухани азық боларлық өлмес сөз, өшпес өсиет етіп ұсына білді.

Осылардың алғашқысы «қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры»[2, 278],- десек, Абайды Абай еткен ең басты қайнар да осы төл руханияттан басталады. Мұны М.О.Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты еңбегінде Абайдың нәр алған рухани бұлақ көздерін көркем тілмен кең арналы өзенге теңей келіп, «Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан қайнар көздер – ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды»[4, 240],- деп баса суреттеген.

Абайдың осы төл руханияттан нәр алуы бала кезден басталған. Әжесі Зере, әкесі Құнанбай, аналары Ұлжан мен Айғыз, ел ішіндегі өнер жаршылары: ақындар, билер, шешендер, күнделікті өмірдегі ұлттық шаруашылық қалып, содан туған салт, ұлттық мінез, дәстүр, ғұрып, өнер түрлері, осының бәрі – Абайдың алғашқы нәр алған рухани арнасына құяр сағалары болды. Абай осы руханияттың озығын бойына сіңірді, тозығын сын тезіне салды. Мәселен, Абайдың бала күнінде суырып салып айтқан экспромт өлеңдерінен бізге жеткен алғашқы «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» өлеңінде-ақ қазақ дәстүріне кереғар жайт сынға алынады. Сөйтіп Абай төл әдебиет пен руханияттан алған үлгі-өрнектерді дамыта отырып, ұлттық әдебиетті жаңа сыншыл реалистік бағытқа бұрды. Бұл жолда ескілікті кертартпа кемшіліктерді сынады, халқын адамдық асыл қасиеттерді бойына сіңіруге, білім-ғылымды игеруге шақырды. Абайдың «Мыңмен жалғыз алыстым» деген сөзінде, қазақтың бойындағы мың кеселге қарсы күресі тұрса, «Интернатта оқып жүр» («Ғылым таппай мақтанба» осы өлеңнің жалғасы) өлеңінде халықтың келешегі ғана емес, әр адамның екі дүниедегі ғұмыры да білім-ғылымға байлаулы екендігін айтқан. Неге десеніз, адам баласы жан мен тәннен тұрады. Тән бұ дүниеде (фәни дүние) қалып, жан о дүниеге (бақи дүние)

өтеді, яки тән өткінші, жан мәңгі. Абай осы өлеңде «Интернатта оқып жүр» («Ғылым таппай мақтанба» осы өлеңнің жалғасы) адам жаны мен тәніне керек бес түрлі жақсы қасиеттерді атап айтады. Олар: талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым. Енді ойлап көріңіздер, талап пен еңбек бұ дүниеде тән үшін керек, алайда оның жеткен нәтижесі жан қоштауын туғызады. Келесі терең ой бұ дүниеге де, о дүниеге де, тән үшін де, жан үшін де керек. Себебі терең ойдың жемісі бұ дүниеде тәнді рақатқа бөлейтін дүниелік ғылымдағы нәтижеге жеткізсе, жанды екі дүниеде де махаббатпен жаратқан Жаратушыны махаббатпен тану жолында рақатқа бөлейді. Ал қанағат пен рақым екі дүниеде де жанды кемелдендіріп, Жаратушының мейіріміне бастайды. Міне осы себептен де Абай:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсін бұйрығың[3, 92] -

деген. Яғни «бес асыл іс» бұ дүниенің де, о дүниенің де басты керегі деп отыр.

Десек те, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінен алынған осы шумақтағы (сол үшін де шумақты толық алып отырмыз) «екі кемені» кей ғалымдар Батыс, Шығыс білім-ғылымы деген түсінік береді. Олай болғанда, жоғарыда айтқанымыздай, тұтас өлең мазмұны дидактикалық сарындағы ағартушылық бағытта жазылған білім-ғылымға шақырған туынды болуы керек. Ал «Сегіз аяқ» өлеңіне берілген 1995 жылғы академиялық жинақтың 2004 жылғы қайыра басылған төртінші басылымындағы «Түсініктерде» өлеңге: «Сегіз аяқ» (1899) – 1909 жылғы кітапта басылған (8- бөлік. Сегіз аяқ, 60-62- беттер). «Сегіз аяқ» өлеңі – кең көлемді, бай мазмұнды, терең мағыналы, ерекше көркем шығармалардың бірі. Әрбір шумағы сегіз жолдан келіп, қайырылып отыратын, өзгеше жаңа түрмен жазылған өлең.

Ақын осы өлеңінде заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел қамтып, сипаттайды. Өзінің көп ойларын толғайды, сезім-сырын, көңіл күйін шертеді – ел іргесі сөгіліп, берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді»[3, 216]- деген түсініктеме берілген. Ал М.О.Әуезов «Абай Құнанбаев» монографиясында дәл осы өлеңге: «1889 жылы, жоғарыда санауымыз бойынша, Абайдың тоқтаған тағы бір тақырыбы бар. Ол – бұдан бұрын да ақын шығармаларында бізге таныс болған көңіл лирикасы.

Өз ойымен халық мұңын қоса мұндап ойшылдық, сыршылдық үлгіде туғызған терең толғаулары. Бұл қатарға қосылатындар атақты «Сегіз аяқ», содан соң «Ішім өлген, сыртым сау», «Қажымас дос халықта жоқ» деген өлеңдер.

«Сегіз аяқ» - ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарманың бірі»[5, 137],- деп баға берген. Демек, аталмыш туынды – Абайдың әлеуметтік-философиялық лирикасы. Олай болса өлеңнің мазмұнына «Батыс, Шығыс» емес, «Екі дүние» деген ұғым сәйкес келеді.

Абайдың адамгершілік ілімі қазақ халқы үшін ғана емес, барша адам баласы үшін де ғибратты мұра болатын болса, біз осы мұраны үлгі тұтып, қаншалықты өз өмірімізде іске асырып жүрміз? Абай өсиетін осыдан 106 жыл бұрын: «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар»[6, 73],- деген Міржақып Дулатов атамиздың үмітін ақтай алдық па? Осыны бүгінгі күнмен бағамдап,

салыстырып көрейікші. Абай алысқан бойымыздағы мың кемшіліктерден арылды па? Қазірде қазақтың бойында өтірік, өсек, мақтан, еріншектік, дүниеқұмарлық, т.б. жаман қасиеттер жоқ па? Ал егер білім-ғылымға ұмтылсақ, қазақ елі неге әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарында емес, Африканың ең артта қалған жұрттарымен бір деңгейге түстік? Біздің қазақтан шыққан өнертапқыштарымыз, әлемге танылған брендті өніміміз бар ма? Біз неге Головкин, Тэн, Ильин сияқты өздері айналысқан істе белгілі бір нәтижеге жеткендерді мақтан тұтамыз? Олардың жеке жетістіктері еліміздің материалдық, рухани қорына қандай табыс әкелді, жалпы елге солардан не пайда түсті? Бүкіл халық солардың жетістіктерінен қандай игілік көріп отыр? Өз заманындағы дәл осындай даңғаз пайдасыз мақтан жайлы Абай атамыз былай деген: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Осы қуаныш қазақ ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар?... Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері»[1, 110].

М.О.Әуезов Абайдың нәр алған рухани бұлақ көзінің алғашқысын «қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры» деп бекер айтпаған. Өйткені, бұл сөзде екі дәуір әдебиеті мен қазақ фольклоры жинақталып, тұжырымдалған. Мұны таратып айтсақ, қазақ әдебиеті тарихы қазіргі әдебиеттану ғылымында алты дәуірге бөлінеді: қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі (б.д.д. X-XIV ғғ.), хандық дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғғ.), отаршылдық дәуіріндегі әдебиет (XIX ғғ.), ояну дәуіріндегі әдебиет (XX ғ. басы), кеңес дәуіріндегі әдебиет (1920-1991 жж.), қазіргі қазақ әдебиеті (1991 жылдан бергі әдебиет). Абайға дейінгі дәуірде қазақ әдебиеті осы дәуірлердің екеуін бастан өткерді. Ал қазақ фольклоры халық мұрасы ретінде ұлттың ұлттық дәстүрінде, салтында, ғұрпы мен әдебиетінде, өнерінде сақталып жетті.

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірінің мұраларын Абай екі түрлі дерек көздерінен алған. Бірі – жазба мұралардан, екіншісі – XIV ғасырлардан бастап қазақтың көшпелі өмір салтына ауысуына байланысты ел ішінде жыр дастандарды жатқа айтатын ауыз әдебиеті өкілдерінен алды. Және, тағы да қайталап айтамыз, сол алғандарын өз заманына ғана емес, халық келешегіне де оң бағыт берер мақсатта түлетіп қолданды. Мысалы, XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ халқының шығу тарихын діни тұрғыда теріс түсіндіру етек алған кезеңде жазған (Абайдың өз қолжазбасы сақталған) «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген тарихи мақаласында Абай: «Біздің қазақтың ықыласы атасын ғараптан шықты дегенді, яки бәни Исраилден шықты дегенді ұнатқандай. Онысы – әр не тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. Һәммаға мағлұм, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі. Бірі – Үндістан тарапынан; ол жақтан келген жұрттардың көбі – білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер. Екіншісі – маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихтарын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі – біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят»[1, 155]- деп бастап, XV ғасырға дейінгі қазақ тарихына дұрыс ғылыми талдау жасаған. Демек, Абай қазақ халқының жеке шаңырақ көтергенге дейінгі тарихы мен әдебиеті, мәдениетін жете білген. Ал ол білімді инемен құдық қазғандай жоғарыда айтылған дерек көздерінен жанын жеп ізденіп жүріп тапқан. Ал бүгінгі оқыған, көзі ашық (көкірегін қайдам) деген ұрпақ туған елінің тарихын неге 1991 жылдан бастап қана оқуы керек?! Тарих өткеннен үлгі, келешекке сабақ емес пе еді?!

Жалпы Абайдың нәр алған рухани бұлақтарын, соның ішінде ежелгі жазба мұралардан алған дерек көздері жайлы айтқанда олардың жариялану, таралу жайы, Абайға келу жолы, Абай шығармашылығындағы көрінісі сынды дәйекті дәлелдердің болуы қажет. Онсыз айтылған сөз дерексіз болжал болмақ.

Абайға дейінгі дәуірдегі кемеңгер мұрасына өзінің әсерін тигізген келесі әдебиет - хандық дәуірдегі әдебиет. Ұлттық төл әдебиеттің басы, ауызша тарап, негізгі туындылары жыраулық толғаулар күйінде ұлттық әдебиет пен мәдениетте өшпес із, тағылымды мұра қалдырған қазақ халқының тәуелсіз хандық дәуіріндегі әдебиеті болды. XV-XVIII ғасыр арасын қамтыған осынау мол рухани мұрадан Абай көп үлгі, өрнек алды. Мысалы, жыраулардың ой толғауларында да, сыр толғауларында да дедукция (жоғарыдан төмен) мен компаративизм (салыстыра суреттеу) колданылса, Абайда да осы әдеби суреттеу әдісі мол ұшырасады. Мұның алғашқысына Асан қайғының «Бұл заманда не ғаріп?», Бұқар жыраудың «Тілек», т.б. көптеген толғаулары мен Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Көк тұман – алдындағы келер заман», т.б. өлеңдерінен дәлелдер келтіруге болады. Ал, салыстыра суреттеуге келгенде жыраулар толғауларының басым бөлігінде осы әдіс кең пайдаланылады. Мәселен, Шалкиіз жырау:

Айырдан туған жампоз бар,
Жүгін нарға салғысыз.
Арғымақтан туған будан бар,
Күнінде көрінім жерді алғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Бір асым асқа алғысыз»[7, 44]-

десе, Ақтамберді жырау:

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең»[7, 65]-

дейді. Ал Абай өз шығармаларында осы суреттеу әдістерін барынша қысқа да нұсқа, нақты ситуацияларға сай дәлдікпен, реалистік тұрғыда түлетіп өрістеткен. Оған ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінен бір шумақ алсақ та жеткілікті. Онда Абай жақсы мен жаманды салыстыра келіп, мынадай қорытынды жасайды:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Өр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйгені көп пен дүрмек[3, 46].

Абай бұл өлеңді 1886 жылы жазған. Арада 134 жыл өтті. Бүгінгі қазақ әр ісін ақылға сала ма, әлде көп айтса, болды, жұрт айтса, көндімен жүр ме?! Абай: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады»[1, 105]- деп еді.

Абайдың «қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, өсіріп келген өз даналығынан» алған нәр бұлағына сөз зергерінің «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» сынды көп-көп өлеңдері мен «Жиырма тоғызыншы сөз», «Отыз жетінші сөз», басқа да шығармалары дәйек десек, олардан бөлек Абай замандастарының, Абайдың әдеби мектебі өкілдерінің, алғашқы абайтанушы Алаш арыстары мен барша саналы ғұмырының басым бөлігін Абай мұрасын зерттеуге арнаған М.О.Әуезовтің еңбектерінде нақты мысалдар молынан кездеседі. Солардың бірі А.Байтұрсынұлы бұл турасында: «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атакты билерінің бірі болуы шүбәсіз»[8, 46]- деген.

Абайдың ғұмыр кешкен дәуірі ескі заманды жаңа заман илеген, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақи дәстүрлерге өзгерістер ене бастаған, елінен, жерінен, малынан айырылып, түрлі отарлық қысым мен қыспақтан зәрезап болып, бүкіл тұрмысын, шаруашылық қалпын өзгертуге мәжбүр болған заман болды. Халық кедейлікке ұшырап, қала маңындағы жерлерге отырықшыланып, жатаққа айнала бастады. Абай шығармашылығындағы осынау отарлық езгіге қарсы туған азаттық идеялары жайлы диссертация қорғап, арнайы «Тәуекел мен батыр ой» атты монографиялық зерттеуімізде жазғандықтан, біз осы мақаламызда Абайдың жаңа заманға сай сөз өнері мен өмір тәжірибесі арқылы салған тың жолына ғана қысқаша тоқталмақпыз.

Орыстың бір мәтеліндегі: «Бақыт болмас еді, бақытсыздық көмектесті»- дегеніндей, отаршылдық езгімен бірге қазақ даласына буржуазиялық қоғамның өзгерістері де ене бастады. Семейде тері илейтін, кеме жөндейтін кәсіпорындар ашылып, оларда мыңдаған жатақтар жұмыс істеп, бір жерге шоғырланған халық арасында ақпарат алмасу, Ресей патшалығындағы, өзге де елдердегі жаңалықтардан хабардар болу, сауданың дамуына орай қазақ ішінен ірі саудагерлер, көпестердің шығуы, олардың қазақ ішіне жаңа өндіріс өнімдерін саудалауы, басқа да жаңа қоғамдық қатынастар орнай бастады. Қалаға жер аударылып келген революционер-демократтар, Императорлық Орыс жағрапия қоғамының Семей бөлімшесі, Семей Өлкетану музейі, Статистикалық комитет пен қалалық кітапханалар, Ресейде, жақын қалалар мен Семейдің өзінде жарыққа шыға бастаған әкімшілік басылымдар, патшалықтың Санкт-Петербург, Москва, Уфа, Қазан, Омбы, т.б. қалаларында басылған кітаптардың ел ішіне тарай бастауы, бір сөзбен айтқанда, Ресей империясының буржуазиялық қоғамдық қатынастарынан туып, шеткергі отар аймақтарға тараған бүкіл басқару жүйесі мен қоғамдық, мәдени өмірдегі өзгерістер алдыңғы қатарлы ұлт интеллигенциясының санасында сапалық серпілістер тудырды. Қазақтың оқыған жастары ішкергі Ресейдің ірі қалаларында білім алып, түрлі әкімшілік, қоғамдық мекемелерде қызмет ете бастады. Міне осындай заманда көшпелі тұрмыстағы қазақи өмір салтына лайықталған, демократиялық сипаттағы ұлттың фольклорлық мұрасы шешендік өнер, билер сөзі, ауыз әдебиеті мынадай таптық антоганистік шиеленіскен қоғамдық қатынас орнаған қоғамда халықтың қоғамдық, рухани сұранысын өтей алмады. Енді елге заманға сай түзелген сөз қажет болды. Сондықтан да Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел»- деді. Алайда Абай жаңа реалистік жазба әдебиетті тудыруда өзіне дейінгі әдебиетті мүлде терістеген жоқ, қайта ондағы тіл мәдениетін ұштады, көркемдік сөз өрнегін түзетті, әдебиетті жаңа қоғамдық қатынастарға лайық формаға түсіріп, адам тәрбиелеудің қуатты құралына айналдырды.

Жоғарыда біз атаған Семейдегі мәдени-ағартушылық мекемелердің бәрін дерлік дүниеге әкеп, солардың жұмыстарын жолға қойып, жүргізуге ұйытқы болған - Семей облыстық Статистикалық Комитет. Комитет 1878 жылы құрылған. Негізгі жұмысы – Семей

облысына қарайтын уездердегі халықтың әлеуметтік-шаруашылық есебін жүргізу және ел тарихын, мәдениетін, жағрапиялық жағдайын зерттеу болған. Комитеттің ашылған күнінен Өскеменге ауысқанға дейін 15 жылдай уақытта оның хатшысы қызметін Е.П.Михаэлис атқарған. Міне осы Комитет Семейдегі Облыстық өлкетану музейін (1883), Қоғамдық кітапхана (1883), Бастауыш білім ісіне қамқорлық жасау қоғамы (1893), Орыс Императорлық Жағрапия қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі (1902) сынды мәдени-ағартушылық мекемелер ашып, Абай солардың бәрінің мүшесі болып, жарнасын төлеп, әлеуметтік, мәдени, ғылыми жұмыстарына белсене араласты. Осы мекемелерде негізінен жер аударылып келген демократтар Е.П.Михаэлис, Н.И.Долгополов, Н.Коншин, С.Т.Мирошниченко, А.И.Деров, Лобановский, Леонтьев, А.Е.Грубе, т.б. қызмет еткен. Сол азаматтардың қоғамдық-саяси көзқарастарындағы ағартушылық бағыт әсерімен отарлық езгі кесірінен білім-ғылым ғана емес, ішкі рухани дамуда да деградацияға ұшыраған халқын алға жетелеуде тоқсаныншы жылдардың басына дейінгі кезеңдегі Абайдың мәдени-ағартушылық идеясы шығармаларында көрініс берген. (Аталған деректер М.О.Әуезовтен соңғы атақты абайтанушы ғалым, Алаш арыстарының асыл тұяғы Қайым Мұқаметханұлының «Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі»[8, 38-42] атты еңбегінен алынды).

Бәрімізге белгілі 1945 жылғы жинақтан бері Абайдың «Қара сөздері» 1890 жылдан бастап, 1899 жыл аралығында жазылған деген мәлімет орныққан. Осы мерзімді басшылыққа алсақ, Абайдың «Қара сөздеріндегі», өлеңдеріндегі ағартушылық-демократтық көзқарастары 1890 жылдан бері қарай жаңа бағытқа, гуманистік, ойшылдық белеске бет бұрғанын көреміз. Бұл орайда Абай ұлттық болмысқа негізделген білім мен мәдениетті насихаттау жолындағы нағыз ағартушы-демократтар мен ағартушылықты бетке ұстап, ұлттық болмысты кертартпа кесел ретінде көрсетіп, миссионерлік, великоростық мақсат көздеген жалған ағартушы-демократтарды айыра білген. Себебі халықтың ұлттық тәрбиесі тұтасымен ұлттық тағылымнан нәр алуға бағытталған. Сондықтан қазақтың барша тағылымдық ілімінде, Абай шығармашылығында ағартушы деген сөздің жоқ болуы заңды. Абайдың осындай кез-келген идеяны сана сарабына салып, ұлттық, адамшылық, мұсылмандық елегінен өткізіп барып, сол идеяларды ұлтқа үйлесімді деп танығанда ғана қабылдап, өз жүрегінде қорытып ұсынатын асыл қасиеті жайлы Көкбай: «Абай Европа ғалымдарының ірі пәсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өзінің басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Сондағы көп насихаттың түп қазығы: адамшылық, ақтық, әділет болса, осының барлығын да мұсылман дінінің дөңгелегіне әкеліп, бір шалып келіп отыратын»[10, 53]- дейді.

Сөйтіп, Абай қоғам мен адамды бостандық, теңдік, ғылым-білімді насихаттау арқылы түзеуге болады деген ойдан Шығыстық дүниетанымға (Түркі руханияты, Мұсылмандық Шығыс руханияты) негізделген жаңа ойға, барлық кеселдерден қоғамды өзгерту, халықты білім-ғылымға шақыру арқылы емес, адамның ішкі жан әлемін түзеу арқылы ғана жетуге болады деген идеяға келген.

Ойлап отырсақ, шындығында да, адам баласының бақытты ғұмыр кешкен заманы деп ешбір қоғамдық құрылысты айта алмаймыз. Өзімізді мектеп пен университетте ұстаздарымыз: «Социалистік қоғамға дейінгі алғашқы қауымдық құрылыстан өзге қоғамдардың бәрі әділетсіз, таптық антоганистік қоғамдар болды. Социалистік қоғамда ғана әділет, теңдік бар»,- деп оқытты. Алайда сол әділетсіз, таптық, антоганистік қоғамдарда өмір сүрген қаншама тұлғалардың ақыл-ойы мен еңбектерінен туған игіліктерді пайдаланып отырмыз. Сол жаман деген капиталистік қоғамның материалдық, рухани табыстарын қолданып, сол жаман деген социалистік қоғамдағы ата-апаларымыздың маңдай тері, ақыл-ойымен жасалған өнімдерді әлі күнге дейін пайдаланып келеміз?!

Олай болса, заманның жақсы, жаман болмағы қоғамға емес, адамға байлаулы. Адам түзелмей, қоғам, заман түзелмейді. Ал адамды түзеу үшін адам жанын тәрбиелеу керек. Сондықтан Абай «Отыз сегізінші қара сөзінде» Алла адамды жаратқанда өзінде бар сипаттардың әрқайсысынан адамзатқа да дарытқандығын айтып, оларға түсініктемелер (тағриф) беріп, талдай келе әділет пен махаббатқа (бұл жерде махаббат деген қазіргі біздің түсінігіміздегі ер мен әйелдің арасындағы сүйіспеншілік сезім емес, ғаламдық мәндегі ұғым) қатысты сөздерінде: «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында Һәм ғадаләт һәм махаббат бар»[1, 130]- деген. Демек, махаббат пен әділет адам баласына екі дүниеде де керек қасиет екен. Жердің тартылыс күші сияқты күллі дүниәні ұстап тұрған - махаббат пен әділет. Осы ойын «Насихат» сөзінің 13- бабы ретінде арнайы жеке шығарманың құрамында барша көкірек көзі ашық адамдарға бағыштап жазған еңбегінде (қазіргі «Қырық бесінші» сөз) былайша айтқан: «Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол - жаратқан Тәңірінің ісі»[1, 153]. Ал осы махаббат пен әділеттің мекені – жүрек. Сондықтан Абай:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі[3, 126]-деген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы. Т.2 том. Өлеңдер мен аудармалар. -2004. -336 бет.
- 2.М.Әуезов. Абай еңбектерінің биік нысанасы/ Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). - Алматы, «Санат», 1995. -320 бет.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы. Т.1 том. Өлеңдер мен аудармалар. -2004. -296 бет.
4. М.Әуезов. Абай ақындығының айналасы/Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). - Алматы, «Санат», 1995. -320 бет.
- 5.Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). -Алматы, «Санат», 1995. -320 бет.
6. М.Дулатұлы. Абай//Абай журналы, 1992, № 4.
- 7.Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық (Құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). -Алматы, -РББ. 1991. -Т.1. -384 бет; -Т.2. -496 бет.
- 8.Абайды оқы, таңырқа...(Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М.Мырзахметов. Алматы: Ана тілі, 1993. -160 бет
9. Қайым Мұқаметханұлы. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі//Абай журналы, 1992, № 1.
10. Көкбайдың айтқандары//Абай журналы, 1992, № 1.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МОДУСЫ

Мұратбек Бағила Құрманбекқызы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада философия және тіл білімінде модус терминінің қолданылуы, Абай шығармаларындағы модус мәселесі, оның жаңа ғылыми парадигмада қарастырылуы, «сөз энергетикасы» ұғымының Абай мұрасының тіліне қатысты қолданылуы сөз болады. Абай тілінің поэтикалық қуаты авторлық фразеологизмдер мен образды сөз-қолданыстардың поэтикалық астары арқылы түсіндірілген.

Түйінді сөздер: модус, көркем құрылым, фразеология, тілдік ракурс, аллегория, бейтарап қабат.

«Модус» дегеніміз (латынша *modus* – өлшем, тәсіл) – субстанцияға тек кейбір жағдайда ғана тән болатын қасиетті белгілейтін философиялық термин. Спиноза субстанцияның қасиеті қажетті деп есептелетін заттардың барлық қасиеттерін (түсі, салмағы, температурасы, т.б.) модус деп санаған. Ол жеке заттарды субстанцияның көрінісі, модусты деп атайды. Модуста бірыңғай, мәңгі және шексіз материалдық субстанция алғашында, модус үлгісі, орындау әдісі, алгоритм қадамдарды білдірді. «Модус» бұл бірнеше бірдей мағыналы оқиғаларды немесе іс-әрекеттерді сипаттау үшін өте ыңғайлы деп қарауға болады. Сол себептен де барлық ғылымда өзіндік мағынасы бар қолданысқа ие. Көркемдік модус – өнер, әдебиет, лингвистика т.б. заңдылықтарды өзектендірудің амал-тәсілдері. Элегиялық модус – идиллиялықпен бірге жеке тірліктің ішкі оқшаулануын эстетикалық игерудің жемісі болып табылады. Көркем шығармадағы басты образды кейіпкердің мұны, өмірден түңілуінің бейнесі жасалады.

Философиялық – модус тұжырымдамасы Декарт, Спиноза, Лейбниц еңбектерінде, ортағасырлық Схоластикада табылған. Олардың әрқайсысы өзінше тұжырымдамасын түсіндіреді. Декарт модус режимдерін қисынына, атрибуттары және қасиеттері бірдей заттың сипаттамалары болып табылады деп санаған. Спиноза толығырақ осы кезде оны сипаттайтын емес, заттың жалпы мемлекет ретінде тәсілі ретінде алып қараған [1]. Әр дәуірдің әдебиет атты өз көркем туындысы бар. Абай шығармаларының тілін терең зерттеген ғалым Р.Сыздықованың пікірінше, «Абай шығармалары тілінің лексикасы (тілдік қабаттары, қазақтың төл сөздері, семантикалық сериялары, грамматикалық сипаты) қазіргі қазақ әдеби тілі нормаларымен салыстырғанда, Абайдың поэзиясының тілінде, әсіресе прозасында біршама ерекше болып көрінетін кейбір грамматикалық тұлға-тәсілдерді активті қолдана білген [2, 3-5]. Абайдың әр сөзінің өз энергетикасы бар. Жалпы ой ретінде, 1,5 ғасыр бұрынғы Абай мәтіндерінің мотивациясы (ақынды- мотиватор деуге де болады) мол. Көркемдік модусқа толы шығармалары (жанрлары бойынша) ақын дүниетанымының кендігінің формуласы, сөз қолдануының энергиясы.

Абай тілінің ракурсы кең. Халық қазынасын өз өлшеміне сай құрып, үлкен екі салада – поэзия және проза түрінде жазған тұлға. Абай-қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы. Өз сөзімен берсек, «соқтықпалы, соқпақсыз» жерде, белгілі лингвист Қ.Жұбанов тілімен айтсақ, «классик Рим емес, Сарыарқаның шөлінде үдере көшкен қайшылық өмірде» [3, 251] жөмір сүрді.

Көркем әдебиет – ұлттық қазына, өйткені мұнда ұлттық тілдің сөз байлығы мейлінше мол жұмсалады (қамтылады); синонимдер қорына көркем әдебиет жиі жүгінеді; көркем шығармада бір ұғымды бірнеше қырынан білдіру әрекеті басым; әр алуан ой мен сезімді

білдіретін тілдік мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану орын алуда. Осылардың баршасы дәстүрді қажет етеді, яғни әдеби тіл қазынасында мол әрі икемді фразеология қоры мен әртүрлі тіркес түрлері (комбинациялары), нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жинақталады. Ақын осы қазынаны қалай пайдаланады, сол қазынаның үлгісінде жаңаларын жасайды, осы арқылы әдеби тілді толықтырады, оның сөз мәдениетін жетілдіре түседі. Ал бұл құбылыс Абай ақынның тіл жасампаздығында дәстүрлі нормаға қайшы келмеуін, тілдің жалпы және стильдік заңдылықтарымен үйлесім де тапты. Қазақтың дәстүрлі поэзиясы мен жазба әдеби тіліне тән екінші бір сипат – бейнелілік (образдылық) болса, жас қазақ прозасы әуелден-ақ сөз мағынасын ауыстырып қолдану – метафоралауды кең пайдаланған. Метафоралау – образ жасайтын құралдардың қайнар көзі. Метафора затты (құбылысты, іс-әрекетті) атамайды, сипаттайды. Метафоралаудың (метафоризация) негізінде салыстыру мен теңеулер жатады. Бұлардың алғашқы әңгіме, повестерде бірден орын алғаны көзге түседі.

Аллегория (астарлап атау), перифраза (затты, құбылысты, іс-әрекетті суреттеп атау) сияқты сөздің образды-сипаттама мүмкіншіліктерін, яғни сөздің ауыспалы-бейнелеуіш мағынасын кең және еркін пайдалану – қазақ көркем сөзінің ұлттық басты белгілерінің бірі. Сірә, мұны «шығыстық мәнерлілік» (шығыс халықтары әдебиетіне тән мәнерлеп сөйлеу, орысша айтқанда, «восточная витиеватость») деп тануға, яғни оны, айталық, араб, парсы, шағатай әдебиеттері дәстүрінен ауысқан деуге болмайды. Бұл – ең алдымен, поэзия тіліне етене тәсіл. Поэзия – образдардың көрінісі. Ал қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілерінің қалыптасуында жалпы поэзияның, оның ішінде өте ертеден келе жатқан, ауызша тараған ақын-жыраулар поэзиясының, бай ауыз әдебиетінің орны ерекше.

Сөзді астарлап, бейнелеп қолдануды қазақ әдеби тілінің ұлттық белгісінің бірі дегенде, әңгіме тек бұрыннан қолданылып келе жатқан дайын образдарды – дайын штамптарды, яғни кәнігі фразеологизмдерді, теңеулерді, эпитеттерді, перифраздарды орнымен жұмсай білу жайында ғана емес, солардың қалыбын (моделін) пайдалана білуде де болу керек.

Көркем текстегі метафоралар мен метонимиялар дегеніміз – семантикалық неологизмдер немесе семантикалық инварианттардың дені болғандықтан, біздіңше, оларды жалпыхалықтық тілдің «мүлкі» деп танудан гөрі, жеке жазушының «мүлкі» (қолтаңбасы) деп білу дәлірек. Мысалы, Абайдың өз ортасын соқтықпалы соқпақсыз жер деп перифраздап (метафоралап) атауы – барлық ситуацияда, яғни жалпыхалықтық қолданыста болатын образ емес, қалам иесінің өз меншігіне жататын семантикалық неологизм. Сірә, тілдік метафора (мысалы, «бір нәрсенің бастауы, негізі» мағынасындағы көз сөзі немесе «сын» мағынасындағы талқы сөздері сияқты) мен стильдік метафора (мысалы «өмірдің өтуі» дегенді Абайдың «күнді айдау» деп беруі тәрізді) деп бөлушілік дұрыс болар.

Қазақ тілінің ұлттық көркем әдеби нормаларының келесі сипаты – лексикалық мүмкіндіктердің молдығы. Ең алдымен, қазақ лексикасының тарихи бейтарап (нейтрал) қабатының өзі информацияның (ақпараттың) қай түрін беруде де мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде екенін көрсету керек.

Бұл бейтарап қабат – көркем шығарма тілінің де негізі, өйткені көркем проза өмір айнасы болғандықтан, күнделікті өмірдің кәнігі, қалыптағы суреті де беріледі, ол үшін алдымен ешбір стильдік бояусыз бейтарап сөздер қолданылады. Сонымен қатар бейтарап емес, стильдік ассоциациямен келетін лексикалық топтардың: поэтизмдердің, қарапайым сөйлеу тілі элементтерінің, тосын сөздер мен көнерген сөздердің т.т. көркем текстте еркін қолданылуы қазақ прозасы тіліне тән болып келеді. Мысалы, ақын өзіне дейінгі ауызша әдеби тіл поэтизмдерінің көбін орынды пайдаланады. Алаш (қауым), айдыну (жасқану), азырқану (қомсыну, азсыну), дидар (жүз), алқау (қолдау) сияқты сөздер семантикасында көтеріңкі реңк бар дәстүрлі поэтизмдер. Жалпы поэтикалық образдар жасауда бұрынғы дәстүрдің кейбір үлгілерін пайдалана отырып, экспрессивтік бояуын пайдаланып, стильдік

жүкпен жұмсап жаңа бір өлшемді,үлгінің формасын ұсынғандай деуге болады. Мұндай мысалдарды қазақ поэзиясынан,әсіресе Абайдай дананың лингвистикалық ракурсынан (қолданысынан) көптеп келтіруге болады. Көркемдеудің бұл тәсілі – қазақ көркем әдеби тіліндегі лингвистикалық модельдің немесе стильдік тәсілдердің бірі деп қарауға болады. [2, 368-369].

Лингвостилистикалық зерттеулерге сүйенсек, лексикалық мүмкіндіктердің молдығын танытатын элементтердің бірі – поэтизмдер, яғни белгілі бір экспрессивтік-эмоциялық реңкі бар, кез келген ситуацияда қолданыла бермейтін, көбінесе бейтарап параллелі көрініп тұратын сөздер. Мысалы, биік, сияқты, тәрізді, заман, жамандау деген сөздер – бейтарап мағыналы элементтер, ал осылармен мағыналас асқаралы, заңғар, сынды, замана, ғайбаттау деген сөздер белгілі бір стильдік бояумен (мақсатпен) қолданылатын, жай хабарлау үшін емес, суреттеу үшін жұмсалатын элементтер.

Қазақ әдеби тілі образды фразеологияға бұрыннан да өте бай болатын. Тың образды тіркестер ұсыну-Абай поэтикасының модусы. Әсіресе,семантикасы жағынан бір-бірімен жанаспайтын сөздерді тіркестіріп,поэтизмге айналдырды. «Күйлі,күйсіз бәйгеге Қажыды көңілім көп шауып»деген жолдардағы «көңілдің бәйгеге шабуы» дегеннің өзі тың образ. «Көңіл» деген дерексіз ұғымның нақты қимыл атауымен тіркесіп, сол көңілдің бәйгеге бірде күйлі,бірде күйсіз түсуі-тағы да образды метафора.

Лексикалық байлықты пайдалануда көркем тіл нормасы тұрғысынан келгенде, оның қалың көпшілікке түсініктілігі, ортақтығы, жалпылығы сөз болуға тиіс. Көркем шығарма авторының негізгі мақсаты да – айтпақ идеясын, баяндамақ оқиғасын көпке түсінікті және әсерлі түрде жеткізу екендігі аян. Ал түсініктілік (бұл жерде әңгіме жеке сөздердің мағыналарының түсініктілігі және ол сөздерді орынды қолданудан туған ойдың – сөйлемдердің, контекстің түсініктілігі жайында) сөздердің жалпыға ортақтығын, жалпы тілдік нормаға айналған, оның ішінде көркем әдеби тіл нормасы үдесінен шығатын сөздер болуын талап етеді. Әрине, жалпыға бірдей түсініктілік дегенді тым жабайы түрде ұғынуға болмайды, яғни көркем текст үлкенді-кішілі баршаға түсінікті белгілі бір сөздерден ғана тұрсын деген ұғым тумаса керек.

Абай поэзиясында елеулі орын алатынқұбылыстың бірі-динамизм көрінісі [2,371]. Образды етістіктерді белгілі бір стильдік мақсатпен жеке де,шоғырлап та жиі қолдануы. Абай ақын көсемшенің – ып/-іп жұрнақты түрімен және етістіктің –мақ/-мек жұрнақты тұлғасымен беріледі. Мысалы, «Қартайдық, қайғы ойладық,ұйқы сергек» басталатын өлеңінде:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,

Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.

Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,

Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек,

Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек,

Өнерсіздің қылығы өле көрмек.

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,

Еріншек ездігінен көпке көнбек, - деген жолдарында 12 шумағында 10-ы – мақ/-мек жұрнақты тұлғасымен беріледі. Көптеген өлеңдерінде –ып/-іп көсемше тұлғалы тұтас ұйқас құрап,бірде қимылдың сынын,бірде іс-әрекеттің өзін білдіріп, өлеңдерді нағыз «қимылға» толтырған. Айталық, «Жаздықүн шілде болғанда» деген өлеңінде жаз суретін осы кезеңдегі табиғаттың, жан-жауарлардың,адамдардың іс-әрекеттерін,қимыл-қозғалыстарын

бейнелеу арқылы береді. Сонымен қатар, Абай халық ауыз әдебиетін елеп-екшеп бір қалыпты нормаға түсірген, шағатай уезінен құтқарып өзінің буын екпін ережелерін қазақ поэзиясына енгізген. Абайды зерттей келе ғалым Қ. Жұбанов: «Мұндай үлкен жігер, халқы үшін пайдалы іс үйреніп және үйретуге қанағат етпеушілік, ақын ойының басты идеясы», - деген пікір айтқысы келеді.

Жаңа образ жасайтын немесе айтпақ идеяны күшейтетін тіркестер құрастыру үшін бір сөзді қазық етіп алу тәсілін Абай өз шығармашылығы арқылы ұсынды, -деуге негіз бар. Абай творчествосын филологиялық «лингвистикалық) терең талдаған академик, тілші-ғалым Р.Сыздықованың еңбектері, Абайдың «сөз құдіретінің» дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тер-Минасова С. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. «Тіл және мәдениетаралық коммуникация». Алматы: Ұлттық аударма бюросы. 2018- 320 бет
2. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. 1-том. Алматы: Ел-шежіре», 2014.-284 бет
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Абай қазақ әдебиетінің классигі» мақаласы// 251-273 бб. Ішінара өңделген үшінші басылымы. Тіл білімі институты. Алматы, «Атамұра» баспасы. 2010.- 608 бет

ИДЕИ АБАЯ КУНАНБАЕВА И ПРОГРАММА ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

**Унгарбаева Гульмира Ибрагимовна
Курманова Бахтыгуль Жакеновна**

Актюбинский региональный государственный университет
им. Кудайбергена Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

Аннотация. Преемственность идей Абая прослеживается в казахстанской модели трехязычного образования, в необходимости владения разными языками, в выявлении творческого потенциала каждого ребенка и творческом подходе к каждому уроку. Идеи А.Кунанбаева не просто актуальны, но и отражают проблемы педагогической мысли XXI века. Обновленные образовательные программы Республики Казахстан следуют принципу, согласно которому учащиеся должны «научиться учиться» и стать самостоятельными, мотивированными, заинтересованными, уверенными, ответственными и интеллектуально развитыми личностями.

Ключевые слова: полиязычие, государственный язык, трехязычное образование, межкультурные компетенции, язык межнационального общения.

Ключ к просвещению казахского народа Абай видел не только в русской культуре: «Русская наука и культура - ключ к осмыслению мира, и, приобретя его, можно намного облегчить жизнь нашего народа. Например, мы познали бы разные, но в то же время честные способы добывания средств к жизни и наставляли бы на этот путь детей, успешнее боролись бы за равноправное положение нашего народа среди других народов Земли» [1]. «Чтобы избежать пороков русских, перенять их достижения, надо изучить их язык, постичь их науку». Глубоко переживая за судьбу родного народа и его будущее, Абай отмечал важность и необходимость изучения языков и культуры других народов, чтобы встать наравне с ними: « Нужно учиться, чтобы узнать то, что знают другие народы, чтобы стать равными

среди них, чтобы стать защитой и опорой для своего народа» [1]. Действительно, слова нашего великого просветителя А.Кунанбаева не только не утратили своего смысла, но и стали актуальными и востребованными сегодня, в третьем тысячелетии.

О прозорливости, мудрости и дальновидности великого гения Абая свидетельствует тот факт, что сегодня русский язык, являющийся по Конституции Республики Казахстан языком общения, – одно из важнейших звеньев полиязычного образования. В связи с этим обучению русского языка уделяется большое внимание, а языковое многообразие Казахстана всегда было в приоритете. В Законе «О языках в Республике Казахстан» (1997) подчеркивается, что все языки казахского народа – национальное достояние.

Полиязычное образование в Казахстане является одним из главных приоритетов государственной политики. Цель языковой политики в Казахстане – интеграция Республики в мировое сообщество и, как следствие, подъем науки, экономики и социально-культурной составляющей страны. По инициативе нашего первого президента Н.А.Назарбаева в 2007 году была начата поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков» и началась история трехязычного образования в Казахстане. Идею выражает простая и понятная формула: развиваем государственный язык, поддерживаем русский и изучаем английский. На сегодняшний день развитию системы непрерывного преемственного и взаимосвязанного языкового образования в нашей Республике способствуют «Концепция развития полиязычного образования в Республике Казахстан», целью которой является «обеспечение универсализации языкового образования по всем языкам триединства на основе единой научно-теоретической платформы и гармонизации отечественных и современных международных образовательных моделей» [2, с.3], и «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» [3]. Эти нормативные документы являются единой системой управления трехязычным образованием Казахстана. Внедрены в учебный процесс Типовые программы по триединству обучения языкам, а целью «Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2020 годы» является «обеспечение поэтапного внедрения трехязычного обучения на всех уровнях образования в Республике Казахстан для повышения его конкурентоспособности и развития человеческого капитала» [4]. Намеченные цели в данных нормативных документах поэтапно достигаются и реализуются планомерно с помощью комплекса мероприятий по внедрению полиязычного обучения в школах и вузах. Усовершенствование системы образования начали с управления образовательным процессом. А ведь еще Абай в Слове 32 в знаменитых «Словах назидания» точно и верно подметил, что главное в процессе обучения состоит в том, что оно должно принести ученику радость познания. «Если страстно полюбишь науку и само знание будешь считать достоянием, то оно даст тебе высшее блаженство. Тогда тыкрепишь в памяти то, что знаешь и будешь страстно стремиться познать то, чего ещё не знаешь» [1]. Обучение должно носить творческий, деятельный и коммуникативный характер. Акцент был сделан на системном подходе к преподаванию. Получая трехязычное образование, учащийся должен принимать более активное участие в процессе, а преподаватель – стать для него наставником. Такая форма сотрудничества должна повысить степень ответственности ученика и его способность к самообучению.

Сегодняшнее трехязычное образование объединяет три разных языка, которые имеют различные уровни использования в жизни: английский язык — язык глобализации, русский язык — один из мировых языков, и казахский язык, который является государственным языком и полностью функционирующий только на территории Казахстана, являющийся языком СМИ, образования и внутри этнического общения в Китае, языком внутри этнического общения казахов на территории России, Турции, Германии и других стран. Для

создания эффективного межкультурного общения необходимо создавать языковую гибкость представителей различных культур. Социальное значение трехязычия измеряется и оценивается его социальной функцией, а общественное функционирование трехязычия напрямую связано с государственным языком Республики Казахстан. Итак, трехязычие в нашей стране должно развиваться на основе казахского языка. Молодое поколение наряду с изучением других языков, не должно переставать уважать и знать свой родной казахский язык. Этот факт подчеркивал в «Словах назидания» наш духовный учитель и просветитель Абай Кунанбаев. Чтобы обучение было успешным, он предлагал сначала обучать детей родному языку, обучать действительным научным знаниям, а потом уже приступать к обучению другим языкам, в частности, арабскому и персидскому.

Абай считал необходимым дать детям общее образование, подразумевая под этим развитие их ума, мировоззрения и общей культуры. «Учи сына. Без просвещения нет ни веры, ни блага. Без знаний ни намаз, ни посты, ни паломничества не достигнут цели» (Слово 10) [1]. «Если хочешь, чтобы сын твой стал человеком, отдай его в учение!» (Слово 25) [1]. Трехязычие, развиваемое на базе государственного языка, станет мощнейшим средством реализации всех долгосрочных приоритетов, в том числе, внутривластной стабильности и консолидации общества. Одной из важных сфер социальной жизни является сфера образования, которая способствует развитию и расширению социальной функции языка и обеспечивает коммуникацию в наиболее значимых сферах жизнедеятельности людей. Применение языка в преподавании означает расширение его диапазона функционирования, поскольку он используется для высказывания о предметах и явлениях, не встречавшихся ранее в социально-коммуникативных сферах общения.

Обучение на трех языках в Казахстане в экспериментальном режиме внедрено в 2007 году на базе 33 средних школ. На сегодняшний день в Казахстане в 117 школах обучение ведется на трех языках и им охвачено 63 000 (2,3%) учащихся республики. Кроме того в этих школах, наряду с углубленным изучением русского и казахского языков, обучение ряда предметов естественно-научного направления проводится на английском языке. В 42 вузах страны открыты специальные отделения с обучением на английском языке. В 2018-м году впервые была апробирована практика сдачи ЕНТ на английском языке. Если в системе среднего образования в целях реализации трехязычного обучения в 2013-2014 учебном году изучение английского языка введено с 1 класса и 1 час в неделю, то в нынешнем 2018-2019 учебном году изучение английского языка увеличено до 3 часов в неделю. Трехязычное образование внедряется и в дошкольных учреждениях. Важно отметить, что с 2018-2019 учебного года дисциплина «История Казахстана» изучается на казахском языке, а «Всемирная история» на русском языке независимо от языка обучения в школах, также с 2019-2020 учебного года началось изучение на английском языке таких дисциплин, как «Информатика», «Химия», «Биология» и «Физика» по выбору школ. Подчеркнем, что повышаются требования к педагогическим кадрам, которые должны не только в совершенстве владеть своим предметом, но и английским языком.

В « Концепции языкового образования Республики Казахстан» четко определены основные компетенции, которые формируются при трехязычном образовании:

1. Для иностранного языка - межкультурно-коммуникативные компетенции в наборе следующих ее составляющих: лингво-культурологической, социо-культурологической, когнитивной, коммуникативной, профессионально-ориентирующей, контентно-профессиональной, профессионально-специализирующей. Последние две компетенции формируются лишь в иноязычном профессионально-отраслевом образовании.

2. Для родного языка – лингво-профессиональная коммуникативная компетенции.

3. Для вторых языков как неродных – лингво-коммуникативные компетенции.

В условиях отсутствия языковой среды через моделирование общения становятся возможными все формы письменного и устного общения в соответствии с речевыми типами и типологией коммуникации.

По «Концепции языкового образования РК» инновационно-технологическими методами, обеспечивающими цели уровневых образовательных моделей по овладению триединством языков, являются:

- метод корпоративного обучения и социального партнерства, который представляет собой особую форму организации учебных занятий на базе заказчиков, в рамках которых моделируются прагмо-профессиональные ситуации, требующие от обучаемых решения проблемы с участием реальных партнеров-специалистов указанных организаций;

- метод рефлексии, представляющий собой решение профессионально-значимых проблемных ситуаций-кейсов на основе групповой рефлексии, происходит анализ профессиональных инцидентов как рассмотрение и обсуждение профессиональных межкультурно-коммуникативных ситуаций представителей разных культур в профессиональной сфере регионоведов; анализ ключевого информанта, который дает образец оценки речи и поведения для студентов в ситуациях их проявлений; анализ культурно-маркированных иноязычных средств в профессиональной сфере, позволяющий осознать специфику иноязычного оформления высказывания [4].

Коммуникативный подход к обучению языкам предполагает активное использование языка в повседневной жизни обучающегося. Поэтому обучение целевым языкам направлено, в первую очередь, на формирование разговорных норм речи изучаемого языка, где большое внимание уделяется аудированию и говорению, активному пополнению словарного запаса обучающегося для употребления языка в различных целях, поддержание разговора, создание текстов различного типа. Это никак не умаляет роль грамматики и грамматическая компетенция важна, так как обучающийся должен знать грамматическую структуру изучаемого языка. Коммуникативный подход, прежде всего, фокусируется не на правильности языковых структур, а на таких параметрах, как осознание возможных вариантов развития диалогов, достижение общей коммуникативной цели, развитие навыка перефразирования.

Казахстанская модель трехязычного образования реализуется на основе уровневого обучения целевым языкам, выбран наиболее эффективный и современный межкультурно-коммуникативный подход, сбалансированное содержание предметных знаний по целевым языкам дает возможность на одинаковом уровне владеть двумя доминирующими в коммуникативной мощности языками в стране - казахским и русским.

ЛИТЕРАТУРА

1.Кунанбаев А. Слова назидания. Перевод С.Санбаева [Электронный ресурс] Режим доступа: abai-inst.kz>rus/?p=113 Дата обращения: 05.03.2020.

2.Кунанбаева С.С. Концепция языкового образования Республики Казахстан / С.С. Кунанбаева, А.Т. Чакликова, К.К. Дуйсекова, А.М. Иванова. — Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2010.

3.Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки). ГОСО РК 6.08.085-2010. -Алматы, 2010 [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://multiurok.ru/blog/>. Дата обращения: 05.03.2020

4. Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://bilim-pavlodar.gov.kz/content/view/29/15094>. Дата обращения: 05.03.2020

ХӘКІМ АБАЙ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Жабал Шойынбет

ф.ғ.к., «Хәкім Абай» ғылыми зерттеу орталығының директоры, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Абай ұстанған адамгершілік кредо, оның «толық адам» концепциясында көрініс табуы сөз болады. «Толық адам» концепциясының басты тұжырымдарын жүзеге асыруда атқарылған жұмыстарға тоқталған.

Түйінді сөздер: «толық адам», парасат, патриотизм мектебі, қайрат, ақыл, жүрек.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы университеттің «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының ұжымы жаңа серпіліс әкелген еңбек ретінде қуанышпен оқып, талқылады. Себебі, Қазақстан жоғары оқу орындарының арасында тұңғыш рет университет басшылығының бастамасымен 2010-2011 оқу жылынан бастап барлық факультет студенттеріне «Абайтану» пәнінен дәріс жүргізуіміз өте орынды екеніне Президент Қ.Тоқаевтың «Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн» деген сөзін оқығаннан кейін бұрынғыдан да сенімді бола бастадық. Біз дәріс беретін «Абайтану» пәні тек Абайдың шығармаларын ғана қамтып қоймай, сонымен қатар ертедегі өлең-жырлардан бастап, Қорқыт, Әл Фарабиден Дулат ақынға дейінгі айтылған ұлттық құндылықтарды да айта отырып, ұлттық тілді, дінді, дәстүрді де оқытып жас ұрпақты елін, ұлтын Абайша сүйеге тәрбиелейміз.

«Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығы алғаш ашылған 2008 жылдан бастап бұрын айтыла бермейтін адамзат баласын рухани кемелдікке жетелейтін Абайдың «Толық адам» туралы ілімін зерттеп, ғылыми еңбектер жазып, «Абайтану» дәрісін өткізуде пайдаланып, іске асырдық. Абайтанушы-академик М.Әуезов Абайдың «Толық адамын» алғаш рет айтып, білсе де жан-жақты зерттеуге, насихаттауға сол кезеңнің қысымынан мүмкіндігі болмады, тек «Абай жолы» эпопеясында, ғылыми еңбектерінде ойын жасырын, бүркемелеп ғана айтып кетті. Осылайша жасырылған «алтын көмбені» өзінің бүкіл алпыс жылдық шығармашылық өмірін арнап толығымен осы күннің абызы, ғұлама ғалым Мекемтас Мырзахметұлы жан-жақты зерттеп, көпшілікке ұсынды. Профессор М.Мырзахметұлының Абайдың ілімін ашудағы инемен құдық қазғандай ізденісінің нәтижесінде тек Абай туралы жазған, жарық көрген еңбегі он кітаптан асып жығылады.

Президент Қ.Тоқаевтың мақаласын оқып отырып, ол кісінің М.Мырзахметұлының еңбегімен тереңірек танысқандығы байқалады, мысалы, мақаладағы «Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн» дегені оқығандығын байқатса, ал «Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы» дегені хәкім Абай еңбегіне ден қойғандығын білдіреді.

Біз қазақ баласы Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін бала күнімізден жаттап өстік. Осы өлеңді талдағанда екі шумағына айрықша мән бердік:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сенде – бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан! – немесе

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға, –

деген шумақты негіз еттік. Ал шын мәнінде Абайдың айтайын деген негізгі ойы:

Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың жалын, артың – мұз
Барар едің қай жаққа? –

деген шумаққа жауап іздеуінде, тыңдаушысына сұрақ қоя отырып, терең ойға жетелейді.

Хәкім Абайдың бастапқы екеуі дегені – қайрат пен ақыл, ал соңғысы дегені – жүрек. Абай мен Мұхтар Әуезовтің мұрасын зерттеуге бүкіл шығармашылық ғұмырын арнаған, бүгінде тоқсанға толып отырған ғұлама ұстазым Мекемтас Мырзахметұлының айтуына сүйенсек: «Осы арқылы Абай ақыл мен қайрат екеуі әділет, шафағатқа, яғни жүрекке сүйенбесе, оның ырқынан тыс әрекет етсе, ол ізгіліктен, жақсылықтан алшақтап, адамшылықтың асыл мұраттарына қызмет етуі екі талай деген өз нанымын ұсынып отыр. Осы ойдың негізі оның шығармаларында басты да тұтастай орын алған ой байламдарына айғақты дәлел болғандықтан, бұлар Абайдың гуманистік асыл мұраттарының бір төркіні қайда жатқандығына сенімді сілтеме де бергендей... Абайдың жүрекке ерекше мән бере қарайтын соны көзқарасы жалпы қазақ әдебиетінің тарихында бұрын-соңды орын алмаған философиялық-гуманистік негіздегі тың құбылысты, жаңа бағытты аңғартады» деген болатын. Университетіміздің абайтанушылары Президент мақаласы мен Абайдың «Толық адам» туралы ілімін Алматы қаласы мен Алматы облысының оқушылары мен студенттері, полицейлер мен әскерилермен кездесу жасап, оларға жан-жақты насихаттауда.

Ал университетіміздің «Абайтану» музей-кабинетіне қаладағы, облыстағы оқу орындарының оқушылары мен студенттері келіп, Абайдың өскен ортасы мен білім алған қайнар көздері туралы мол мағлұмат алып, Абай шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыруда.

Біздің университетімізде Абай мерейтойына дайындық өткен жылы басталған болатын. Ғылыми кеңестің шешімімен 2019-2020 оқу жылын «Абай жылы» деп жариялап, бүкіл оқу тәрбие жұмысын және іс-шараларды осы атаулы жылмен байланыстырып өткізуде.

Президент Қ.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы мақаласында: Абайды тану – адамның өзін өзі тануы. Адамның өзін өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі кемелдіктің көрінісі», деген еді. Сондықтан «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының абайтанушылары университетіміздің әрбір студенті Абай ілімімен терең сусындап, одан өмірлік тәлім алуы үшін үлкен ізденіспен еңбек етуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Жазушы» баспасы. 1986
2. М. Мырзахметұлы. Абай және Шығыс. Алматы. «Қазақстан» баспасы. 1994
3. Қ. Тоқаев. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан». «Егемен Қазақстан» газеті. 9 қаңтар 2020 жыл

АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МҰРАТТАРЫ

Рақымжан Тұрысбек

филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абайдың өмірі, шығармашылығы, оның қазақ поэзиясын, қазақ танымын қалыптастырудағы орны қарастырылады.

Түйінді сөздер: Абай, ағартушы, ақын, ұл мұраты, шығармашылық, Абай әлемі.

Ұлт руханиятындағы жарқын тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы ақын-ағартушы, аудармашы һәм композитор, әрі жаңа әдебиеттің негізін қалаушы ретінде де алыс-жақынға аса мәшһүр екені белгілі. Осы орайда, Абай әлеміне қайта енер болсақ, ел-жерге, дәстүр мен дінге, тарих пен танымға, білім мен ғылымға, тәлім-тәрбие арналарына жаңа жол, кең өрістер ашқанын аңғарар едік. Мұның бәрі-баршасынан ел-жерге құрмет, адам өмірі мен еңбегіне, дәстүр мен тарихқа тағзым, бастысы ұлт пен ұрпақ қамына жауапкершілік пен жанашырлық, сүйіспеншілік сезімі кеңінен көрініс береді.

Ұлт мұратының асыл арқауы – азаттық болса, еркіндік аңсаған елдің арман-аңсары – тәуелсіздікке табан тірері анық. Ел тарихының арғы-бергі жүріп өткен жолы – азаттық пен еркіндік, тәуелсіздік екенін қазіргі кезең шындыққа шығарып отыр. Асылы, ұлт азаттығы мен елдік болмыс – халық келешегін, кемелдік пен кеңдік көкжиегін, биіктік пен тереңдік мәнін де айқындайды. Кеше мен бүгін байланысын, өмір тағылымын да танытады. Анығында, «Мәңгілік Ел» идеясының басым бағыттары, мұрат-мазмұны да осы тұстан айқын аңғарылады. Оның бағыт-бағдары мен маңыз-мәніне Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында төмендегіше түйін жасайды: «...Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - ол, қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді - «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық...

Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз» [1].

«Мәңгілік Ел» мұраттары мен құндылықтары арғы арналардан бастау алып, ғасырлар қойнауындағы «тар жол, тайғақ кешу» кезеңдерінде де халықтың арман-аңсарына айналып, әр тұстары қоғамтанушылар мен тарихшылар, әдебиетшілер еңбектерінде кең орын алды [2.416].

Тегінде, дәстүр тағылымы мен сабақтастық мәні мен оның сыр-сипаттары ұлт мұраты мен руханиятынан, оның танымал тұлғаларының есімі мен еңбегінен кеңінен көрініс береді. Бұл ретте, сөз жоқ арыдағы әл-Фараби мен Хакім Абай әлемі арасындағы әдеби-рухани байланыс пен сабақтастық сырларының маңызы зор. Айталық, Абай әлемі, мақсат-мұраттары, елшіл-қоғамшыл қасиеттері, дүниетаным арналары кеше мен бүгін байланысын барынша айқындай түседі. Бастысы, Абай әлемінің мың сан арналы бағыт-бағдары, қазақ сөзінің құдіреті мен қасиеті, ондағы ұлттық-қоғамдық, тарихи-фәлсафалық, мәдени-рухани

Һәм танымдық-тәрбиелік мәні мол мүмкіндіктері мен сыр-сипаттары қазіргі кезеңде де маңызы мен құндылықтарын жоғалтқан жоқ. Ол, әсіресе ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық мәні мен тұжырымы терең, тағылымы мол мақаласынан анық аңғарылады [3].

Анығында, Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай мемлекет көлемі мен халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жәйі кеңінен қозғалады. Оның өзі «...той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін» аса мәнді мүмкіндік әрі айрықша құбылыс болатындығына маңыз беріледі. Ақын әлемі, шығармашылық мұрасының мәдени-рухани байлығы мен құндылық қайнарларына, тағылымдық Һәм тәлімдік тұстарына да кең орын беріледі. Абай әлемі, басты мұраты мен мұрасы, ондағы тақырыптық ерекшелік, жанр табиғаты, көркемдік кеңістігі, мазмұн байлығы, мәтін құрылымы, тіл мен стиль сипаттары кең түрде зерделенеді. Ақын мұраты айқындалады. Басты ерекшеліктері, оның ішінде адами мұраттары, бүтін болмысы, дүниетанымы мен ұстанымы, көркемдік қайнарлары, талант қырлары мен басқа да ұнамды үрдістері, басым бағыттары айрықша аталады: «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды».

Абай мұрасын зерттеп-зерделеу ісінде оқу эстафетасының кең өріс алуы, осының негізінде маңыз-мәні жоғары көзқарас пен қолтаңба, ұстаным жүйесіне ден қойылып, көкейкестілігі мен тағылымдық сыр-сипаттарына айрықша назар аударылады. Ақын мұрасында қоғамдық жағдай, ел-жер тарихы мен тағдыры, дәстүр тағылымы, адам мұраты мен еңбегі, тұрмыс-тіршілік тауқыметтері, болмыс бедері, өмір өрімі, уақыт рухы, азаттық-теңдік мәні, білім-ғылым өрісі, тәлім-тәрбие арналары кең орын алады. Бұдан басқа, «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен істің бәрі бос», немесе «Адам бол – мал тап» сынды талап-тілектер кең өріс алады. «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп» мәні ашылады. Мұның өзі - «Мәңгілік Ел» мұраттарымен рухтас, тамырлас екені терең танылады. Атап өткен жөн, бағдарламалық еңбектің басты бөліктерінде («Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы», «Торқалы тойдың тағылымы») Абай мұраты мен мұрасы ел бірлігі мен мүддесімен телқабыс сөз етіледі. Қазақ қоғамы, ондағы артық-кем тұстар қатар беріледі. Айталық, «Ұлттық болмыстың үлгісі» бөлігінен қоғам мен заман шындығы, адам болмысы мен дүниетаным арналары кең орын алады. Қазақ қоғамын дамыту, ел-жерге қызмет ету, мақсатты биікке ұмтылу мұраттары адамдық борыш, білім-ғылым ісімен байланыстырылып, оны дамыту мен жетілдіру жолдары – Абайдың шығармашылық мұрасымен сабақтастықта сөз етіледі. Оның мәні: «Ғылым таппай мақтанба», «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» сынды белгілі өлеңдері аясында кең өріс алады. Білім-ғылымды ерте меңгеру, «Артық ғылым кітапта», «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол» сынды қағидалы ойлары мен толғаныстарының мәні ашылады. Білім беру саласын заманға сай дамытып, жетілдіру жолдарына ден қойылады. «Педагог мәртебесі туралы» заңның осы бағытқа арналғаны, ұстазға құрмет пен мұғалім мамандығын құрметтеу қажеттілігі көрсетіледі. Бұл бағытта ана тілін дамыту мен дәріптеу жәйі, көптілді білу мен меңгеру мәселелері де кеңінен қозғалады. Ақыл-парасатқа кең өріс ашу, сананың ашықтығын қамтамасыз ету, елдік пен ерлікті қадірлеу, ұлттық патриотизмді қалыптастыру, өркениеттің озық тұстарына батыл қадам жасау қажеттілігі – Абай мұрасына ден қою мен оны оқып-үйрену, зерттеп-зерделеу, тану ісінде маңызды болатындығы баса көрсетіледі. Бұдан басқа, әсіресе: «Патша құдай, сыйындым, Тура баста өзіңе», немесе: "Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой, сыр мен сымбат"

сынды ақынның мін-сын ретіндегі астарлы-қатпарлы ой-жүйелері де басты назарда тұрады. Әрі өмір тағылымы мол. Мұның мәнісі былай беріледі: «...Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды - қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты». Мұны да біліп, қаперде ұстаған жөн.

«Мемлекет ісінің мүдделесі» атты келесі бөлікте ұлт мұраты мен елдік бірлік, әділетті қоғам құру идеясы, өркениетті мемлекет қағидаттары кеңінен қозғалады. Даму мен тұрақтылық тірегі - бірлік пен татулық екені баса көрсетіледі. Мемлекеттік мүдде, қоғамдық келісім, дәстүр мен сабақтастық сырлары ашылады. Абай айтқан: «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды», «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып» деген дәуір тынысы, өмір тағылымы, қатқыл үн, қатаң ескертулері де назарға алынады. Сондай-ақ, заң үстемдігі, билік пен халық арасы, жастарға мемлекетті сыйлаудың сыр-сипаттары да басты бағыттарға ие болады. Әділетті қоғам құру, сындарлы диалог мәні – жаңа буын жауапкершілігімен сабақтастықта сөз етіледі. Түйінді тұста: «Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық...Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз», - деп анық айтады.

«Жаңа қоғамның жанашыры» атты бөлікте әлемдік өркениеттің өзінде орын алған қала мен ауыл арасы, бай мен кедей мәселесі, білім мен білімсіздік мәні, әлеуметтік жауапкершілік жәйі жан-жақты қозғалады. Оның кілті мен түйінін Абайдың «Толық адам» формуласы арқылы ашады. Ақын мұрасындағы: « Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» сынды қоғамдық құбылыстардан туған, кезең көріністері мен заман шындығынан орын алған, өмір-тұрмыс сапасын жақсартуға қатысы бар маңызды тұстарды бөлекше атайды. Осының негізінде тәуелділік психологиясынан арылу, мақтан мен масылдық сынды тегізсіз, жат та теріс көріністерден алыс болу, керісінше ерен еңбек етіп, білім қуып, шағын және орта бизнесті өркендету бағытын алға тартады. Бұл ретте: «Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды», - қоғам сұранысын, еңбек мәнін, өмір тағылымын алға тартады.

Бұдан басқа, «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» атты бөлікте Абай әлемін жер-жаһанға таныту мұраты қозғалады. Халық мәдениетін, бітім-болмысын, өмір-тарихын, тұрмыс сапасын – Абай арқылы таныту мәселесі қозғалады. Абайдың ақындық қуатының қайнар көздері, Батыс пен Шығысқа қатысы, бастысы ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі өмір тағылымы мен тұжырымдар жүйесінің мәнін ашу, жалпыадамзаттық құндылықтары мен рухани байлығын жоғары ұстау қажеттілігі айтылады. Абайдың ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығының сырын ашу, ұлтымыздың мәдени капиталы, Қазақстанның бренд ретіндегі орын-үлесі айқындалып, маңыз-мәні жан-жақты қозғалады. Анығын айтқанда: «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге, Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатнас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені, ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы», - деп терең мәнді фәлсафалық түйіндер жасайды.

Ал, «Торқалы тойдың тағылымы» бөлігінде: «Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы» деген қорытынды жасалады. Оның мәні: қазақтың төрінде домбыра, ақын кітабы мен М.Әуезовтің «Абай жолы» тұруы керектігі айтылады. Ақын мерейтойы тұсында –

500-ден астам іс-шаралар өтіп, кеш-кездесу, конференциялар ұйымдастырылатынына да мән беріледі. Ақын шығармалары он тілге аударылып, «Абай» телесериалы түсіріледі. Әдебиет пен өнер саласындағы сыйлық – Абай атымен аталатын болады. Семей өңірі – ел тарихындағы киелі өлкеге айналып, атақты Жидебай абаттандырылады. «Абай» журналына қолдау көрсетіледі. Қысқасы, анығын айтқанда: « Абай арманы – халық арманы...Абай мұрасы - біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» деп бағаланады. Осы реттен ойға алсақ, тегінде: «Абайды түсіну үшін Әуезовті оқимын, Әуезовті түсіну үшін Абайды оқимын» (Д.Рамазан) дегенде ерекше мән, зор маңыз бар. Демек, Абай мұраты мен мұрасы – елдік мүдде мен бірлік көрінісі. Бұдан басқа, ақындық өнері, қара сөз мұрасы – ұлт руханиятының байлығы һәм қымбат қазыналар қатарына жатады. Әрі атап өткен жөн: «...Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар» (М.Әуезов). Маңыздысы: «...Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады» [4.166]. Ал, Әл-Фарабиге жүгінсек, адам мұраты, өмір мәні, еңбек қуаты, қарыз-парыз ісі, адамгершілік күші, тәрбие нәрі, уақыт рухы мен сипаттары былай беріледі: «Адамның басына дарыған төрт түрлі нәрсеге халықтар мен қала тұрғындары қол жеткізсе, олар бұл өмірде дүние бақытына, басқа өмірде алыс бақытқа жетеді. Бұлар теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер» [5, 434].

Асылы, Абай әлемі, өмірі мен шығармашылығы, ондағы ұлт мұраты, елдік мүдде, адамдық борыш, адамгершілік қағидаттары, дәстүр мен дін тағылымы, тарих пен таным арналары, тәлім-тәрбие иірімдері кеше мен бүгін байланысын айқын танытады. Абай мұрасындағы елдік мұратқа қатысты көзқарастар жүйесі, ақыл-парасат мәні, білім-ғылым орны, еңбек қуаты, жан мен тән сипаты, тәлімдік арналар, өмір өрімі, уақыт рухы қазіргі кезеңде де мәдени-рухани һәм көркемдік-эстетикалық нәрімен маңызды сипат алады. Бастысы, Хакім Абайдың поэзиясы мен «Қара сөздер» мұрасындағы үндес тұстар, ел-жер, ерлік дәстүрлер, жан мен тән қуаты, ақыл-парасат мәні, білім-ғылым нәрі, жүрек ісі мен иман иірімдері өмір тағылымы арқылы беріледі. «...Өз сөзім өзімдікі» немесе «Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді» сынды өмір өрнектері мен көзқарас қағидаттарының тағылымдық мәні зор.

Бұдан басқа, «Ақыл керек, ес керек, мінез керек», «Пайда ойлама, ар ойла», «Адам бол – мал тап», «Өнер өлшеніп тартылса», «Шын жүрек – бір жүрек» сынды өмір өрімі, дәстүр тағылымы, тәлімдік мәні мол қағидаттары қазіргі кезеңде де өзекті, мәнді болып табылады. Әрі елдік мұрат- мүдде мен жалпы адамдық құндылықтарды, руханият арналарын анық аңғартады.

Абай мұраты мен мұрасының рухани байлығы мен құндылықтар қайнарының маңызды да қымбат қазыналарының бірі осы. Мұның өзі, ел дамуының бағдарын айқындайтын - «Мәңгілік Ел» идеясының жарқын да жасампаз өнегесіне, кеше мен бүгіннің өрнекті өрістеріне келіп саяды. Қысқасы, Хакім Абай мұрасы мен «Мәңгілік Ел» мұраттарында ортақ байланыс, үндестікпен бірге, сабақтастық жалғастығы да терең танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Қазақстан -2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауынан. - «Егемен Қазақстан», 2012, 14 желтоқсан
2. Жолдасбеков М. Ұлы Дала әдебиеті. - Алматы: Ғылым, 2018. – 416 бет; Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. - Астана: Күлтегін, 2005 т.т

3. Тоқаев Қ.Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. - «Егемен Қазақстан», 2020, 9 қаңтар

4. Абай. Таңдамалы өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1985. – 166 бет

5. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. - Алматы: Арыс. 2009. – 434 бет

АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Бекежан Өмірбек Қадырханұлы

философия ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай танымы және қазіргі «Рухани жаңғыру» проблемасы жаңаша қырынан, жаңа көзқараста талданады. Абайды әлемге, өз елімізге жаңаша танытудың маңыздылығы көрсетіледі.

Түйінді сөздер: Абай, таным, рухани жаңғыру, сананың жаңаруы, философиялық, әлеуметтік, танымдық, мәдени өзгеріс.

Өткен ХХ ғасырдың басындағы Абайды алғаш болып таныған, оның тереңдігін, жаңашылдығын түсінген қазақ зиялылары Абай есімінің қазақ даласына тарамай, көпшіліктің оның атын да естімей жүргеніне өкініш білдірген екен. Ондай өкінішті Абай жайлы алғашқы болып жазған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов мақалаларынан кездестіруге болады. Абай сөзінің баспасөз болмай таралмауын, халықтың надандығын айтады. Сонау 1918 жылы Ж.Аймауытов пен М.Әуезов былай деп жазады: «Бұл күнде Абай сөзімен пайдаланып айтқанын ала қоймағандық-көптің қараңғы, надандығынан. Бірақ Абайдың соңынан ерген, сөздері әсер берген кісілер жоқ деуге тағы болмайды. Халық жалпы ғылымға бет қойып, көзі ашылған сайын Абайдың сөзінің бағасы артылып, өзінің нұсқаған жолдарына, халықтың ұғымын сүйремей, көпшіліктің қараңғы надандығына Абайдың көп сөзі ертерек айтқанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды». Ал Ә.Кекілбаев 1995 жылы ақынның 150 жылдығына арнап жазған «Пайғамбардай пір тұтқан ақыл-ой алыбы» аталған мақаласында Абайдың көрегендік, даналық сырын былай ашып көрсетеді: «арғы-бергі дала жақсыларының ішінен қазақтың ұстанып отырған үрдісі мен құрып отырған тұрмысының замана аңғарына сай келмейтінін, бүгін болмаса ертең-бәрібір опық жегізбей қоймайтынын бүкпесіз айтуға алғаш рет тәуекел еткен Абай болды». Ә.Кекілбаев осы мақаласының соңына қарай былай дейді: «Абай, сөйтіп, өз қауымынан ғана емес, жаңғыру жолына жиырмасыншы ғасырда түсіп жатқан барлық халықтардан бір ғасырда озып кетіп еді. Сондықтан да өз ғасырында оның қадіріне көп адам түсінбеді». Осының өзі Абайдың қазақ үшін нағыз рухани жаңғыруды көздеген, мүлгіген қоғамдық сананы жаңғыртушы, Мұстафа Кемаль сияқты түбегейлі саяси модернизация болмаса да халық санасы, әлеуметтік-мәдени өзгеріс тұрғысынан прогрессивті көзқарас ұстанған адам екенін көрсетеді. Тек Абайдың трагедиясы барлық ұлы тұлғалар сияқты заманынан бұрын туғандығы болды.

Абайдың рухани мұрасы қазақ халқы үшін қашанда өзіндік ерекше мән-мағынаға ие екені белгілі. Бірақ осы мән мен мағынасының да әрқилы түсінік деңгейі, қабылдану түрі бар екені сөзсіз. Біз Абай мұрасының терең ойлы болуына қарамастан, оны интерпретациялаудың бір қарағанда оңайлығына сенеміз. Шүкір, қазақ қазір сауатты, Абайдан көш ілгері білімді, сондықтан оның ойларын түсінеді, тіпті сыни қарай алады. Бірақ, соның біразы заманауи қоғамдық ойын тәртібін білетін екіжүзді, екістандарт адамдары. Демек, бізде Абайға қатысты екістандарт бар. Абай сөздері мен қазіргі рухани жаңғыру идеясы арасында байланыс қандай? Абай қазіргі жаңғыру идеясын толықтырып, тереңдетуге

пайдалы ма? Немесе біз көп айтқандықтан қазаққа тән құр ұранға айнала бастаған Рухани Жаңғыру Абай мұрасын жүзеге асырудың ХХІ ғасырдағы жаңа жолы ма? Осы рухани жаңғыру бағдарламасының орысша атауынан тікелей аударғанда әңгіме қоғамдық сананы жаңғырту жайлы екенін көреміз. Бірақ қазақша ол рухани жаңғыру, яғни, рухани модернизация жайлы болып шықты. Ал қоғамдық сана қайда? Қоғамдық сана дегеніміз де руханият элементі деуге болар еді. Бірақ руханилық пен қоғамдық сана синоним емес. Олар жақын полюстегі ұғымдар, дегенмен олардың мәні мен құрылымы бірдей емес. Рухани құндылықтарды түсініп қабылдайтын, оған қажеттік тудырып отырған, бойына сіңіргісі келіп құлшынып отырған сана иелері, ұлттық өзіндік сана субъектілері қанша? Сана кең әрі күрделі. Һәм іс-әрекетпен ұласып жатқан ұғым. Сана бүкіл қоғамға тән нәрсе. Егер қоғамдық сананы жаңғырту десек бұл ХІХ ғасырдағы Абай идеясына сәйкес келеді. Бірақ қоғамдық санада Абай сын айтқан нәрселер тұнып тұр. Ол сынаған кезде білімсіз, надан қоғамды, көпті (қазіргіше-бұқара, масса) сынады. Қазіргі білімді қоғам одан ұзап кеткен жоқ. Енді ол білімді, айлакер, пысық адамдар тобына (тобырына) айналды. Олар қазір «легион», көзге көрінбейді-әлеуметтік желіде отыр, бірақ қоғамдық санаға ықпал етуде. Абай бұл «мыңды» көрген жоқ, онымен алысудың азабын тартқан жоқ, алысудың мәнсіз екенін болжаған жоқ. Қазіргі қоғамдық сана осылай қалыптасады. Сана жаңғырмай қоғам мен адам түзелмейді. Абайда осыны айтады. Қоғамдық сананы модернизация жасауды мақсаты етіп қояды Абай. Ол өткен заманның ағартушыларының бәрі сияқты білім мен ғылым адам баласын түзейді деген сеніммен кетті. Біз Абайдың ой-толғамдары туралы айтқанда қоғамға сонау кеңес кезінен тарап, құлаққа сіңіп кеткен цитаталарды айтамыз және соны сөзімізге аргумент ретінде кіргізуге тырысамыз. Абайдың философиялық, әлеуметтік-танымдық ойларының бағыттары көп. Оның ішінде дінге, адамға, танымға, қазақтың болмысына қатысты классикаға айналып кеткен ойлар жетерлік. Соның бәрі қоғамдық санаға қатысты.

Мысалы, Абайды дәстүрлі ақындық өнерге өзгеріс енгізуші, реалист ретінде айтамыз. Бұрын қалай еді. Жыршылық өнер даладағы мифологиялық сананың сақталуына қызмет етті. Жырдың, жыршының аурасы естушілерді баурап алатын, олар осы әсермен өмір сүреді, соған сай іс-әрекет етеді. Жаңа нәрсені, өзгерісті қаламады және оған әрекеттенбеді. Басқа көшпелі емес мәдениеттерге тән айналаны өзіне бейімдеуге әрекеттенудің кенже қалуы да адамдардың мифтік-поэтикалық идиллияға, енжарлық өмірге бауыр басып кеткенін байқатады. Міне, осындай мифтік-поэтикалық мызғымас дүниетанымға алғаш сына қағушы Абай болды. Ол мифтік-ритуалдық сипаттағы қазақи әлемге философиялық категориялар арқылы рациональдық талдау жүргізуге тырысты. Тұңғыш рет қоғамдық сана қатты сынға тап болды. Біз кімбіз, қандай қадір-қасиетке иеміз? Және қандай өмір сүруге тиіспіз? деген сұрақтар поэтикалық - қиялды, мызғыған қоғамдық санаға ой тастады. Ол ескі жыраулық дәуірдің поэзиясына жазбаша әдебиет ақыны ретінде емес заман ағымын дұрыс болжаушы философ тарапында қарсы болды. Бұл қазақ мәдениетін баяғы грек қоғамындағы сияқты мифтен логосқа бұрғызудың әлсіз талпынысы еді. Ол ескі жырдың, ескі мифтің жаңа заманға, саяси-әлеуметтік, мәдени өзгерістерге қызмет ете алмайтындығын басқалардан бұрын түсінді. Қоғам үшін олар ескі сарын, кері тартпа күшке айналды. Қоғамды жаңа дәуір фактілеріне бейімдеу үшін жаңа мифтік құрылымдар керек болды. Ол жаңа мифтік дүние түсінудің саяси-идеологиялық бағытын қазаққа революция әкелді. Кеңес үкіметі дәуірінде сіресіп тұрған идеологиялық қысымға, қазақ зиялылары мен ұлттық санаға қасірет әкелген ұлтшылдықпен күрес науқанына қарамастан қазақ санасы төлтума мәдениеттен тамырын үзген жоқ. Оған да Абай қызмет етті. Оны русофил, үстем таппен күресуші еткен жасанды образына қарамастан оның арғы терең ойын, қазаққа жанашырлығын түсінген адам көп болды. Сол жылдарда ұлт зиялыларына барынша ықпал етті. Енді тәуелсіздік дәуірінде Абай ролі қандай болуы керек. Қанша үгітесек те қалың қазақ, әсіресе жастар жағы оны беріліп

оқымасы хақ. Сонда Абайдың қандай аталы сөздерін хештек жасаймыз, тәрбиелік маңызды цитатаға айналдырамыз деген сұрақ туады. Себебі, негізінен интернет кеңістігінде, гаджеттерде отырған, экрандық мәдениет баласын тек сол құралдар арқылы жазылған, берілген, көрсетілген нәрсемен қызықтыра аламыз. Өткен ғасырдың басында азғантай қазақ зиялысы Абайдың қалың қазаққа танылмай жатқаны баспасөздің болмағаны, кітаптары шықпағаны, шықса көзіқарақты сауаттылардың аз болғаны деп өкінген еді. Енді не кедергі? Енді қажеттігі- клиптік ойлау машығына кіріп кеткен жастарға Абайтаныту. Демек, жастар (үлкендер де) Абай өлеңін немесе қарасөздерді оқымайды екен, оны жеткізудің заманауи жолын іздеу керек. Клиптер, роликтер, вайндар және тағы басқа да қазіргі технологияның мүмкіндігі бар жолдарын, әдістерін пайдалану керек. Бүкіл қоғамдық сананы, әсіресе жастарды жайлап бара жатқан бұқаралық мәдениет ықпалына, әртүрлі теріс діни бағыттарға қарсы тұру иммунитетін қалыптастыру үшін Абайға жүгіну қажет болса, оның заманауи жолы осы сияқты. Елдегі жабайы капитализм әкелген, Пандора жәшігі сияқты ашылып кеткен келеңсіз құлық пен қылықты тежеу үшін де сол керек. Заманға бейімделіп, тозығы жетіп жатқан салттарды тию үшін керек. Өзіміздің осы жылдары қалыптасқан жаңа мифологиямызды бұзу үшін де Абай керек. Өткендегі Президент мақаласында осы туралы заманауи бағдарлама сияқты бір ұсыныстар болды, кейбір бағыттары көрсетілді. Ол енді ұсыныс түріндегі нәрсе. Оны орындау бізде баяғы шаралар түрінде өтіп, есеп (отчет) жасалып, сонымен аяқталады. Бірақ ол жеткіліксіз. Оны толықтырып, жетілдіру керек. Оны жастар мен қоғамдық сана үшін тұрақты «миға шабуылға» айналдыру керек. Себебі, Абайдың келесі дөңгелек жасына дейінгі үзілістің кезінде біз тағы Абайдан көз жазып қаламыз, сол уақытта баяғы жартас айналасына қайта жиналамыз. Міне, сол үшін де біз Абайды мына рухани жаңғыру бағдарламасына бір бүйірден қосуымыз керек. Себебі, бұл идеясы дұрыс болғанымен табанының бүрі жоқ бағдарлама, яғни, концептуалдық негізі жоқ дүние. Соған теориялық негіз етіп Абайды алса болар еді. Оның моральдық ілімін, «толық адамын», ал қазаққа ішкі ұлттық қолданыс инструкциясы ретінде басшылыққа алуға оның этномәдени-әлеуметтік сынын алу қажет. Біз соңғы 30 жыл бойы ұлттық идеяны іздеп келеміз, әртүрлі доктриналар бар, бірақ бәрі де жаһандану жағдайындағы қазақ ұлты қандай болуы керек дегенге жауап бере алмады, біздің этносшілік «қырық рулығымызда» содан. Міне, осы жерде Абай көзқарасы әлі де қазаққа қызмет етер еді. Оның басты идеясы (лозунгісі-қазақ ұранды жақсы көреді): «бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі - бос» және т.б.т.б. Басқасын айтпағанда, Абайдың Қарасөздерін жазуға түрті болған «Бес бағудың» қазіргі қазақ қоғамындағы жағдайына ғылыми-социологиялық талдау жасаудың өзі көп нәрсенің бетін ашар еді. Тіпті интернетке, әлеуметтік жүйге кіре қалсаңыз сол баяғы «бес бағу» мәселесін көресіз, яғни, билік, экономика, ғылым-білім, дін, бала тәрбиесі. Осы заманның қасаң ресми тілімен айтқанда: «қоғамда қалыптасып отырған саяси-әлеуметтік, экономикалық проблемалардың кешендік жүйесі». Көрші Қытайда Конфуций екі мыңжылдан аса уақыт бойы сол елдің ұлттық идеологиясының қайнар көзі. Тек мәдени төңкеріс кезінде кішкене қырын қарағандары болмаса, қазір әлемдік бәсекеде аты озып тұрған Қытай елінің рухани құндылықтарының бірі, басқа елдерге қытай ықпалының, саяси-мәдени «жұмсақ күшінің» құралы. Қазақстанның өзінде ондаған Конфуций институттары мен орталықтары бар және ол көбею үстінде. Сондықтан Абайды басқа елге «жұмсақ күш» ретінде пайдаланып жарытпасақ та, өз елімізде сана жаңғырту, рухани модернизацияның екпінді құралы тұрғысында қолдансақ мерейтойдың одан асқан нәтижесі болмаста еді. Сонау 1971 жылы ақынның 125 жылдығында Ғабит Мүсірепов айтыпты деген сөз бар: «Ұлы ойшыл-ақын бізге бай мұра – мәңгі жасар поэзия қалдырды. Бірақ сонымен қатар ол бізге өз бастамаларын тәмәмдау жөніндегі жұмысты да мирас етті». Ақынның 175 жылдығында осы

сөз әлі де өз маңызын жойған жоқ. Тек 71-ден бір айырмашылығы бізде қазір еркіндік, егемен мемлекеттік бар. Соны пайдалана білу керек.

Ә.Кекілбаев жоғарыда айтылған мақаласын былай деп аяқтайды: «Зады, Абайды туған халықпыз деп масаттанған әбден дұрыс қой. Алайда Абайды ұққан, Абайға құлақ асқан ұлтпыз деп мақтана алсақ, қандай ғанибет болар еді...». жазушының сөздерінен бір үміт әлде бір шарасыздық байқалама, кім білсін. Ол да тек, Абайдан айырмашылығы осы заманда, қазақ мінезі мен құлқының зардабын бір кісідей тартқан тұлға еді.

АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ

Нүрдәулетова Б.И.

филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ұлт тұлғасын қалыптастырудағы Абайдың «толық адам» концепциясының мәні, оның ұлт тілі мен ұлт ділі идеясындағы орны ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың мақаласын талқылау барысында ғылыми талданған.

Түйінді сөздер: «ұлт тұлғасы», «кемел адам», жаһанданудың үсігі ұрған, ұлтсыздану, ресми мезірет, құрғақ мақтан.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында елдігіміздің мәртебесін көтеруге тікелей қатысы бар ұлы кеменгер Абайдың ұлттың ұстазы ретіндегі 4 тұлғалық болмысы айшықталып көрсетілген: 1. Ұлттық концепцияны негіздеді (ХХІ ғасырдағы қазақ ұлты қандай болу керек? Интеллектуалды ұлт, ұстаздың орны); 2. Мемлекетшілдікті дәріптеді (өз елін сүю, бірлік, әділетті қоғам); 3. Қоғамды жаңғыртуға бейімділік, жанашылдықтың үлгісін көрсетті (өз ұлтыңды құрметтей отырып, өзге де мәдениетті білуге, тануға талпыну, жаңа кәсіп үйрену, масылдықтан аулақ болу т.б.); 4. Адамзатқа ортақ құндылықтарды негіздеп көрсетті (толық адам концепциясы немесе кәміл мұсылмандық үлгісі).

Абайдың ұлттық концепциясы ең алдымен ұлттың тілі мен ділі туралы ойларынан өрбиді. Қазақ тіл білімінің білгірі профессор Қ.Жұбанов Абайдың қайтыс болғанына отыз жыл өтуіне байланысты жазған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында ұлы ұстаздың қазақ мәдениетіне енгізген басты жаңалығы ретінде оның қазақ әдеби тілін қалыптастыруға жаңаша бағыт берген тілдік ұстанымына алғаш рет ғылыми талдау жасады, сол арқылы Абайды «байшыл, діншіл» деп құстаналауға дайын тұрған ортаның аузына құм құйды, Абайдың әдеби, тілдік мұрасына кеңестік ғылымның назарын аударды.

Қ.Жұбанов: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр; ол – өз тұсында, жалғыз қазақ емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үзіктігі», – дей келіп, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы бүтін Орта Азияда өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, тілін жаңа белеске шығаруда Абаймен тұстас келетін, Абаймен иықтас бірде-бір тұлғаның болмағанын дәлелдейді.

Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізін қалаған, қазақ әдебиетінде өлең құрылысына өзіндік жаңалықтар енгізген, қазақтың тілі мен әдебиетінің тазалығын, халықтық болмысын сақтай отырып, оны европаның үздік мәдениетіне жетелеген Абайдай тұлғаның үлгілі сөздері екі ғасырға жуық уақыт өтсе де мәнін жойған жоқ. 1901 жылы П.М.Мелиоранскийдің Абай өлеңдеріне жасаған талдауынан бастасақ, Абайдың

шығармашылық, кісілік тұлғасы ғасырдан астам уақыт бойы түрлі бағыттағы (әдеби, тілдік, философиялық, теологиялық, құқықтық т.б.) зерттеулердің өзегі болып келе жатыр. Бірақ әр кезеңнің өзекті мәселесімен қабысып, жаңа қырынан жаңғырып отыратын Абай болмысы адамзатты әлі де қайран қалдыра берері сөзсіз.

Абайдың ұлттың ділін қалыптастырудағы ойларын оның «толық адам» концепциясының бір құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Мемлекет басшысы мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», – дейді. Бұл – ХХІ ғасырда рухани жаңғырған қазақ қоғамын қалыптастыруда Абай ұсынған «толық адам» концепциясының маңыздылығын ұлт басшысының қаншалықты бағалайтынын танытады. Зерттеуші, абайтанушы М.Мырзахметов «Қазақ әдебиетіндегі сопылық таным» (Алматы, 2012) деген еңбегінде Абайдың 38-қарасөзінде қолданылған жәуанмәртлік (парсы тілінен аударғанда «жомарт жігіт») ұғымына талдау жасай келіп, Абайдың толық адам немесе «ал-инсан ал-кәмил» танымының төрт негізі ақыл, әділет, қайрат, қанағат ақынның бүкіл шығармашылығының түп қазығы екендігін айтады. Зерттеушінің пайымдауынша, Абай өзіне дейінгі түркі ғұламаларының – Әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнидың, Ясауидің, Румидің кемел адам жайлы ой-тұжырымдарынан хабардар болып, сол жолда ізденген, «толық адам» ілімінің негізін жасап, оны жеке адамды түзеуге, сол арқылы қоғамды, адамзатты дұрыс жолға салуға пайдаланған.

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шафқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға, – деп, толғаған Абай адамшылықтың төрт негізін қара сөздерінде философиялық ойларымен өрнектейді. 38-қарасөзінде: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері тұғралы біраз сөз жазып ядқар қалдырайын» деп, кейінгі ұрпаққа сөз арнайды. Арнау сөзін адамзатқа берілетін ең ұлық қасиет – махаббат сезімін түсіндіруден бастайды. Алланы сүю, сол арқылы бүкіл адамзатты, тіршілікті жақсы көру, білмекке құштарлық, ғылымға ден қою, ғылымды мақтан, дүние үшін үйренуден аулақ болу, адамды бұзатын жаман әдеттерден сақтану, шын мұсылман болудың жолдары туралы сыр төгеді. Абайдың толық адам концепциясының басты түсініктері Қ.Тоқаевтың мақаласында қазіргі қоғамның түсінігіне, заман ағымына, елдік мұраттарымызға сәйкестендіріліп талданады. «Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы».

Кемел адам философиясының өзі адамзатты сүю, жүректі кірден тазарту, қандай құбылысты да жүреппен бағалау ұғымына негіздейтін жүрек іліміне барып тіреледі. Қазіргі таңда қоғамымызда орын алып жүрген келеңсіздіктердің баршасы ғылымды, ақыл, қайратты жүрекке бағындырмаудан, әділетсіздік пен қанағатсыздыққа жол беруден етек алып отырғаны сөзсіз. Сондықтан мемлекет басшысының Абайдың «толық адам» концепциясын жете түсініп, оны қайта зерделеуге ұсынған бағыты көптің көкейінен шығатын орынды пайымдау екені сөзсіз.

Профессор Қ.Жұбанов жоғарыда аталған еңбегінде Ф.Энгельстің «Жаңа өсиетті» аударып, неміс прозасының негізін қалаған М.Лютерді ренессанс дәуірі тудырған титандардың бірі ретінде бағалаған пікірін келтіріп, Абайдың қазақ мәдениетіне бетбұрыс жасаудағы еңбегі одан асып түспесе, кем түспейтінін, бірақ өз елі оның бағасын әлі де түсіне қоймағанын айтып, қынжылады.

Бір жарым ғасыр өткенде «біз Абайды толық түсіндік пе?!» деген ой әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз», – деген президентіміздің сөзі де осының айғағы.

Осы мақаланың маған ерекше ұнаған тұсы, онда «біздің Абайымыз – керемет, біз Абаймен мақтанамыз» деген ресми мезірет, құрғақ мақтаннан гөрі Абайдың тұлғалық, өнегелік болмысына көбірек ден қою бар. Мемлекет басшысы ретінде Абай ұсынған «кемел адамның» жүйесін қазіргі қоғаммен қалай қабыстырамыз, ұлтсыздандудың «үсігі ұрып» бара жатырған ұрпаққа қалай сіңіреміз, тәуелсіз мемлекетімізді жаһандық өркениетке жетелеуде Абай жаңашылдығын іс жүзінде қалай қолданамыз, қайтсек ұлы тұлғаны әлемге танытып, сол арқылы ұлтымыздың мәртебесін көтере аламыз деген аландаушылық басымырақ көрініс береді. Абайдың 39-қарасөзінде бұрынғы ата-бабаларымыздың артық екі мінезі туралы мынадай өнегелі ой бар: «.. ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймасың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып, тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен», – дейді.

Аталған мақаланы XXI ғасырдағы Абайды жаңаша танудың келелі көшін мемлекет басшысы, ұлт жетекшісі өзі бастап, жол көрсетуінің ақжолтай үлгісі ретінде қабылдадық.

АБАЙ «КҮЛКІ» МАҒЫНАСЫ МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖАЙЛЫ

Абдрахманова Жұмазия Мәжитқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абайдың сыни ойлары, оның «күлкі» және «күлкішілдік» туралы көзқарастары өлең орамдарындағы астарлы ой-қорытындылары жалпы әлем әдебиетінде өзін-өзі сынау, ұлтының кемшілігін көрсету идеясы аясында талданған.

Түйінді сөздер: Абай, сыни, ойлар, күлкі, этнотанымдық, этнолингвистикалық, жан дүние, ызалы күлкі.

«Жігіттер ойын – арзан, күлкі – қымбат» дегендей, Абай шығармалары кезіндегі қазақ қоғамын, оның тіршілігінің барлық саласын қамтығаны бәрімізге белгілі. Бірақ, Абайдың айтқан кейбір сөздері мен сыни ойлары тек сол заманға ғана қатысты емес, бүгінде де өзектілігін жоймаған деуге болады. Абайдың қазаққа қатысты көптеген сыни ойларынан мен

оның күлкіге қатысты сөздеріне тоқталып өтсем деп отырмын. Себебі, бұл да – әлі өз мәнін жоймаған, «созылмалы аурудай» қазақтың бойына тарап, мысқылдап шыға алмай жүрген нәрсенің бірі. Қазіргі кезде теледидар мен әлеуметтік желіні қарап отырсақ, күлкілі, күлкі тудыратын нәрселер көп-ақ! Қаншама хабарлар, кинолар, әзіл-сықақ театрлары бар, әзілкештер бар жұртты күлдіру үшін, көрермен жинау үшін олар жасамайтын нәрсе де жоқ емес! Еркек әйел болып киініп, қыздар кемпір болып, жастар жаппай қарттарды күлкі қылып, қазақша айтқанда «ойына келгенді» істеуде. Міне, осындайда тағы да Абай еске түседі, күлкі жайлы ескертпе сөздері де тілге оралады.

Абай шығармалары арқылы күлкіге қатысты этнотанымдық, этномәденилингвистикалық бағыттағы көптеген ойлар, тұжырымдар, тіркестер береді. Әрине, бұл заңды да, себебі, Абайдың адамға, адами қасиеттерге байланысты қалам тербегені белгілі. Ал адамның қасиеттері, мінез-құлқы туралы айтқанда, тек адам баласына ғана тән қасиет – күлкіні айтпай кету мүмкін емес. Абай Қара сөздері мен жеке өлеңдерінде күлкі табиғатын ашып, оның когнитивтік сипаттарын, күлкіге қатысты ойларын береді. Ол 4-қара сөзінде мынандай тұжырым жасайды: «әрбір байқаған кісі білсе керек, күлкі өзі бір мастық екенін.. бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр..». Абайда күлкіге салыну негативті, келеңсіз қасиет ретінде қаралады. Осы жерде айта кету керек, «күлкі бақты», «күлкі күйледі», «күлкіге салынды» тіркестері фразеологиялық сөздікке қосылған ақынға тән фразеологизмдер. «Жастықтан бір күлгенің – бір қаралық, күлкі баққан бір көрер бейшаралық». Бұл жерде орнымен бір күлген бір қараға тұрарлық үлкен сезімдік нәрсе болса, күлкі бағу – шектен шыққандық болып табылады. Академик Рабиға Сыздық: «бағуды» - жаңа етістік, дерексіз ұғым ретінде күлкіні бақтыру Абай жиі қолданған «синкреттік амал, яғни, семантикалық мәндері жағынан бір-біріне үйлеспей тұрған сөздерді тіркестіру орын алған», -деп көрсетеді

Абай айтқан күлкінің келесі бір түрі – күлкіні қайғыға қарсы элемент ретінде қолдану. Ол: «орынсыз күлкімен азайтпа қайғыны, орынды харакетпен азайт», - дейді. Күлкі қайғыны азайтпайды. Неге? деген сұрақ туады. Оған жауап ретінде Абай былай дейді: «Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғандығыңнан күл, ызалы күлкі өзі де – қайғы». Осы жерде ол «ызалы күлкі» тіркесін қолданады. Бұл – ерекше эмоциялық, тіпті психологиялық күйді білдіретін күлкі. Тілші ғалым Қ.Жаманбаева: «ызалы күлкі. Жалғыздықты күлкімен тұншықтыру күйі», - дейді. Осы 4-ші қара сөздің мәтінінде Абай қолданған тағы бір күлкіге қатысты сөз тіркесі бар, ол – «бояма күлкі». Оның ерекшелігі: «орнымен іштен, көкіректен келмейді, қолдан жасап, сырты мен бет-аузын түзеп, ..әдемілік үшін күлетін бояма күлкі». Демек, «бояма күлкі» – шын ниетті жасырып тұрған маска күлкі. Одан басқа рахаттана күлу де бар: «әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл», - дейді Абай.

Абай 9-шы қара сөзінде «күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі әлдекімдікі» - деген өкініш білдіреді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан басқа Абай шығармаларында кездесетін күлкіге байланысты көптеген сөз тіркестерін атап өтуге болады: «күлкі сату», «ыржиып күле алмай», «арымас әдет», «жыртың-жыртың күлу», «ойыншы күлкішілдік», «жалған күлмейтін», «шын күлерлік», «күліп сықылдап». Міне, Абайдың қоғамға көзқарасында адам күлкісінің маңызды роль атқарғанын осыдан көруге болады. Күлкінің түрінің әлеуметтік қатынастардан, адамның ішкі жан дүниесіне құбылыстарынан туғанын да ақын дәл сипаттап берген. Адамның ішкі жан дүниесін білдіретін күлкі, сыртқы қатынастардан туған күлкі, адамның адаммен қатынасын білдіретін күлкілер.

Абайдың жан дүниесін қинаған ызалы күлкі оны қапаландырған әлеуметтік қатынастардан туғаны сөзсіз. Абайдың «ызалы күлкісі» сол кездегі қоғамдық ортаның керітартпа көріністерінен туып, сол жағдайға өзінің қатынасын білдіреді. Бұл күлкі оның «мыңмен жалғыз алысқан» көңіл-күйінен туғаны сөзсіз. «Жыртың-жыртың» күлкі – надандықты, «ойыншы-күлкішілдік» – еріншектік, даңғойлықты елестетеді. Осы жерде назар аударатын нәрсе – күлкінің бұл формалары жеке адамға қана тән құбылыс емес екендігі, себебі, ондай уақ-түйек нәрсеге Абай сияқты «тілдік тұлға» назар аудармас та еді. Абайдың қолданысындағы күлкі – полисемантикалық ұғым ретінде этнопсихологиялық, лингвомәдениеттанымдық сипатқа ие, ерекше, әмбебап адами құбылыс. Менің ойымша, күнделікті тұрмыстағы жиі кездесетін құбылысты Абай жоғары моральдық, психологиялық дағды, типтік құбылыс деңгейіне көтере білген. Абай көп нәрсені жағымсыз қабылдап, күлкіні сыни метафора түрінде көп қолданған. Оның бәрі, әрине, оның өз ортасына деген сыншыл қатынасын білдіреді. Қарап отырсақ, Абайдың күлкіге берген спаттамасы, ол сынаған адамның күлкісі, оны қолданысы, олардың түрлері тек сол заманда болып өткен нәрсе емес, қазіргі әлеуметтік ортамызда кеңінен тараған құбылыс екенін байқаймыз. Осындай келеңсіз күлкі – Абай ойлағандай тек надандық заманына ғана емес, пиғылы, түсінік деңгейі, сана-сезімі төмен адамға қай дәуірде де тән болып келетін нәрсе екен. Оның мысалдарын алысқа бармай-ақ, күнделікті қатынастан, осы ортамыздан таба аламыз. Жымысқы «арам күлкіні», жағымпаз «өтірік (бояма) күлкіні» күнде кездестіре аласыз. Ал мен басында айтып өткен, толып жүрген әзіл сықақшылар арзан, мағынасыз күлкіні саудаға салып, Абайша айтқанда, мал тауып жүргені де ақынның күлкіге қатысты ой-пікірінің өміршеңдігінің бір куәсі деуге болады. Сондықтан Абайша айтқанда: «ат арықтар, тон тозар, қадір кетер, Күлкіні онша күйлеп, шуламалық!», - деп бітіргім келеді.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ (АКАДЕМИК Ж.ДӘДЕБАЕВТЫҢ «АБАЙДЫҢ АНТРОПОЛОГИЗМІ» МОНОГРАФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Мұсалы Ләйла

филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры
м.а., Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада А.Құнанбаев шығармаларының антропоэзектік табиғаты талдауға алынған. Абай шығармаларын қазіргі ғылыми парадигмада саралаудың өзектілігі мен нәтижелілігі туралы зерделенеді.

Түйінді сөздер: антропология, неоклассика, философиялық-көркемдік таным.

Қазақтың ұлы ақыны, қазақ әдеби тілінің, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев өз ұлтының ғана емес, адамзаттың ақыл-ойына үлкен үлес қосты. Қазақ және әлемдік руханият тарихында Абай Құнанбаев Шығыстың дана ойшылы, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы гуманист ретінде танылды. Ақынның шығармашылық мұрасында – өлеңдері, философиялық прозасы және музыкалық шығармаларында – ол сыни ойдың иесі, өз халқының болашағы үшін күрескен қайраткер, талантты педагог-ағартушы ретінде өз замандастарын рухани байлыққа, білімге, адамгершілік тұрғыдан жетілуге шақырып қана қоймайды, оның нақты жолдары мен қағидаларын да ұсынды.

Шығыс пен Батыс поэзиясы мен философиясының, орыс классикалық әдебиетінің білгірі, әлемдік лириканың талантты аудармашысы Абай өнерінде де, өмірінде де халықтар

арасындағы достықтың, қайырымдылық пен әділеттіліктің жаршысы, өз ұлтының ғана емес, барлық адамзаттың данышпан ұстазы бола білді.

Жалпы, Абай шығармашылығының негізінде АДАМ және оның рухани болмысы жатыр, ақын мұрасының антропоэзектік сипаты басым болып табылады. Антропология (ежелгі грек тіліндегі ἄνθρωπος — адам λόγος — ғылым) – адамды, оның шығу тегін, дамуын, табиғи және мәдени ортада тіршілік етуін зерттейтін ғылыми пәндердің жиынтығы. Сонау антикалық философиядан бастау алатын, адам табиғатының рухани жағын қарастыратын бұл терминді классикалық және неоклассикалық ойшылдар осы мағынасында қолданды, дегенмен де ХХ ғасырдың басында арнайы философиялық пән ретінде «философиялық антропология» деген атпен қолданыла бастады. «Антропология» термині көптеген гуманитарлық ғылымдарда (өнертану, психология т.б), теологияда, діни философияда қолданыла бастады. Осылайша, педагогикада да тәрбиедегі антропологиялық ұстаным пайда болды. Кейінірек антропологиялық білім жүйеленіп, жіктеліп, күрделене түсті.

Ал данышпан Абайдың философиялық-көркемдік танымында адам мен адамзат ұғымдарының өзіндік ерекше мән-мағынасы қалыптасты. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп жырлаған гуманист ақын өз танымында адам ұғымын адамзаттық деңгейге жеткізіп, рухани жағынан даму мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бұл орайда көрнекті әдебиеттанушы, абайтанушы ғалым Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» атты еңбегін ерекше атап өткен жөн. Аталмыш монографиялық зерттеуде Абай шығармашылығындағы адам болмысының көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық мәселелері қарастырылады. Абайдың Адам туралы ілімінің негізі, құрамдас бөліктері мен бастау көздері, басты категориялары пайымдалады.

Абайдың этикалық іліміндегі негізгі ұғым – Адам және оның тәрбиесі. Оның шығармаларындағы барлық басқа да идеялар – адам және табиғат, ағарту, ғылым, өнер, білім мен тәрбие, адам өмірінің мәні, өзін-өзі тану мен мейірбандық, ар мен намыс тақырыптары осы басты концепциядан келіп шығады. Абайдың өлеңдерінде оның ерекше терең дүниетанымы мен ойшылдығы көзге ұрып тұрады. Абайдың танымындағы Адамзат пен Жаратылыс концепциялары да жоғарыда айтқан антропологизм аспектісінде пайымдалады. Абай поэзиясында адамзат пен жаратылыстың тығыз байланысы бар, бұл ұғымдар өзара тәуелді әрі дербес тұрғыда қарастырылады. Мына дүние-жаратылыс қаншалықты жұмбақ та күрделі болса, адамзаттың мақсаты осы құбылысты тану екендігін ерте түсінген Абайдың шығармашылық кредосы – адам мен жаратылыс-әлемді тану, екеуін бірлікте саралау. Адамның ең жақсы қасиеттерін тәрбиелеу үшін Алла жаратқан ғажап әлемнің мәнін зерттеу керектігін Абай жақсы түсінген. Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», – дейтіні де сондықтан. Жаратылыс пен табиғаттың мәңгі екендігі, адамның өмірі шектеулі екендігі туралы әдеттегі қалыптасқан қағиданы бұзып, «адам өлмес» деген тұжырымға келуі бекер емес. Абай дана осы арқылы өз философиясы мен шығармашылығындағы «Адам, Адамзат» образдарының аса жоғары да терең орны мен қызметін баса көрсетіп отыр. Әрі бұл ақынның өз халқын надандық шырмауынан шығарып, адамдыққа жетелеуге бағытталған шығармашылық мақсатынан да туындаған.

Жалпы, осы тармақтардағы «табиғат», «адам», «мен, менікі», «өлмес, өлер, өлді» деген ұғымдардың шегі мен өрісі кеңейіп, тереңдеп, концептілік сипат алған. Бұл концептілердің әрқайсысының ақын шығармаларындағы көркемдік қызметі мен сипаты, осы контекстегі мән-мағынасы поэтикалық-лингвистикалық тұрғыдан өз алдына бөлек зерттеуге лайық. Осылайша, Абай танымындағы адам, адамзат концептілерінің ұлттық сипаты ашылуы тиіс.

Абай Құнанбаев шығармашылығындағы адамтану мәселелері профессор Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» монографиясында жан-жақты қарастырылып,

ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Монографиялық еңбектің кіріспесінде ғалым: «Абайдың антропологизмі» дегенде, ойымызда «Абайдың адам туралы ілімі» деген ұғым тұрады. Дұрысы – Абайдың ілімі. «Абайдың антропологизмін» де осы тұрғыдан қабылдау орынды болмақ» (1.3) деп зерттеу пәнін анықтап алады. Зерттеуші өзінің мақсаты «Абайдың антропологизмі мен ақындығы өзара тығыз байланыста, бірлікте және бірнеше ғылым салаларының тоғысында пайымдау» екендігін атап өтеді.

Аталған зерттеуді абайтану тарихындағы жаңа ғылыми парадигма ретінде қабылдауға болады. Ғылымдар интеграциясы белең алып отырған қазіргі заман контекстінде алып қарағанда, ғалымның ойынша «Абайдың антропологизмін бірнеше ғылым салаларының тоғысында қарастыруда оқшау бастама жоқ. Бұл мәселені дәл осы тұрғыда қарастырғанда ғана ойдағыдай нәтижеге жетуге болады» (1.3) Солай бола тұра әдебиетші ғалымның бұл еңбегіндегі зерттеу өзегінде «әдеби-эстетикалық ұстанымның» атқаратын қызметіне зор көңіл бөлінеді және бұл дұрыс ұстаным деп санаймыз.

Монографиялық зерттеуде «Абайдың ілімі» деген терминнің мән-маңызы күшейіп, ғылыми айналымға енгізіледі, Абай ілімінің бастау көздері, осы ілімдегі қазақтың дәстүрлі дүниетанымына сүйенген ұлттық құндылықтардың мәні ашылады және ол жалпыадамзаттық рухани құндылықтармен байланыстырылып қарастырылады. «Абайдың ілімі» атты ілімді құрап тұрған құрамдас бөліктер анықталып, әрқайсысына тән сипаттарды саралауға назар аударады.

«Абайдың антропологизмі» кітабының зерттеу нысаны мен пәні, одан туындайтын мәселелер абайтану ғана емес, жалпы гуманитарлық пәндер тұрғысынан аса өзекті. Ғалым «Абайдың антропологизмі» атты жаңа ғылыми парадигма жасау арқылы бірнеше ғылым тоғысындағы аса маңызды да, іргелі ғылыми міндетті орындауға жол салады, оның бұл зерттеуі өз сөзімен айтқанда, «Абай ілімінің лайықты ғылыми құрылым жүйесін жасау», Абай ілімінің парадигмаларын анықтау бағытындағы іргелі істердің бастамасы болып шыққан.

Он екі тараудан тұратын зерттеудің бірінші-төртінші тарауларда зерттеу пәні болып отырған «Абайдың антропологизмі» мәселесінің жалпы сипаттары мен белгілері айтылады, өзге тарауларда аталмыш мәселе жалқы құбылыстар мысалында сараланады. Монографияның тоғызыншы тарауы «Адамның бес асыл ісі», оныншы тарауы «Адамның бес дұшпаны» деп аталған, Ғалым Абай айтқан он қасиеттің әрбірін тұтас бір әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде танып, оның құрамдас бөліктерін, онымен шектес құбылыстардың қырларын және олардың өзара қарым-қатынасын, байланыстарын анықтайды. Мәселен, тоғызыншы тараудың соңында профессор мынадай тұжырым айтады: «адамға тән бес асыл қасиет (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) әділеттен өніп-өседі, әділет – махаббаттан. Абай ілімінің парадигмасын анықтауда бұл жүйенің маңызы зор» (1, 166). Осылайша, зерттеуші ақын өлеңдеріндегі адам қасиеттерінің жүйесін түзіп, әрбіріне жеке тоқталып, анализ және синтез жолымен пайымдайды. Сонымен қатар, профессор осы қасиеттердің, атап айтқанда, «бес асыл істің» шығу төркінін де атап өтеді: «Зерттеушілердің бірқатары адам болу үшін қажетті бес асыл іс туралы ойдың шығу төркінін Ғұламаһи Дауаниден таратып айтады. Дауанидың атын Абайдың өзі де атайды. Солай дегенмен бұл ойлардың түп төркінін Дауаниға немесе басқа бір ғұламаға апарып телу дұрыс бола алмайды. Өйткені, бұл ойлардың түп негізі әріден, Аристотельдің «Этикасынан», әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттарынан, әһли кітаптардан басталады. Ал, әһли кітаптардан, Аристотель, әл-Фарабиден бері айтылып келе жатқан осы ойларды ақындық пайыммен саралау мен даралауға, жүйеге түсіруге, сөйтіп көптің пайдасына жаратуға келгенде, Абайдың еңбегі зор, орны бөлек» (1, 142) деп тұжырымдайды. Осы пікірдегі «көптің пайдасына жаратуға» деген ойдың өзектілігі мен маңызы зор. Тап қазіргі қазақ қоғамындағы рухани тоқырау жағдайында

адамзат данышпандарының атап көрсеткен асыл қасиеттерін барынша насихаттап қана қоймай, іске жарату, қолдану қажеттігі зәру мәселе екені даусыз.

Осылайша, адам болмысын жан-жақты, терең тани келе, ұлы ақын өзінің «толық адам» концепциясын негіздейді. Абай іліміндегі іргелі концепциялардың бірі болып табылатын бұл ұғым рухани тұрғыдан үйлесімділікке қол жеткізген «толық адамды» насихаттайды. Ғұламаның пікірінше, әр адам өзінің рухани дамуында осындай деңгейге ұмтылуы керек. Өз бойындағы кемшілігі мен пендешілігімен күресіп, адамшылыққа ұмтылу – әрбір жанның қарапайым әрі қиын міндеті болмақ. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қызығына батқан кісі имандылықтың үнін ести бере ме? Атаққа, билікке, байлыққа ұмтылған жан үшін адамшылық пен кісілік жай сөздер блып қалады, тіпті оған кедергі болады. Бірақ жаратушы құдай мен адамдарға деген саналы түрдегі таза махаббат болмаса, өз ақылын қайырымды жүрекпен тәрбиелемесе, адам өзінің рухани-адамгершілік негізін жоғалтады. Бұл ретте оның сүйенетін үш тұғыры: ақыл, қайрат, жүрек болмақ. Өкініштісі, көп пенде Абайдың «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде» деген ақылын ескере бермейді. адам өз жүрегіндегі ақиқат жарығын, Аллаға және өзге адамдарға деген көре бермейді, себебі ол көбіне жүректің үніне құлақ аспай, ақыл мен қайраттың жетегінде кетеді, осыдан келіп үлкен қайшылық туады. Осы қайшылықтардың түп себебін білген хакім Абай адам мен оның болмысын тану мен тәрбиелеудің шешуші факторы ретінде «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» үштігін ұсынады. Хакім шығармашылығының антропологиялық сипаты басым және ең бастысы, әлі де өзекті, мәнді.

Айтар ойымызды, профессор Ж.Дәдебаевтың мына пікірімен түйіндесек: «Абайдың ақындық танымының ерекшелігі адам, адамның адамшылығы туралы ілімінің негізділігі мен жүйелілігінде». Міне, данышпан ақынның негіздеп, жүйелеп, тайға таңба басқандай қолымызға ұстатқан осы Ілімін, ғылымдар тоғысында жаңаша зерделеп, барлық салада қолданып, дамытып, қазақ ұлтының рухани пайдасына жарату, ұрпақ тәрбиесінде іске жарату қазақ ұстаздары мен зиялыларының алдында тұрған маңызды міндет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. - Алматы:Қазақ университеті, 2014
- 2.Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Таңдамалы даналық сөздер. Құрастырған, жалпы ред.басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТІ САНА ТҮРҒЫСЫНАН ПАЙЫМДАУ

Даутова Бибігүл Даулетовна

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс докторанты

Аңдатпа. Уақыт пен кеңістікті түрлі аспектіде тану ғылымда ежелден бері айтылып келеді. Бұл мақалада көркем шығармадағы, оның ішінде Абайдың қара сөздеріндегі уақыт пен кеңістік ұғымдарын сана тұрғысынан пайымдау мақсат етілген.

Түйінді сөздер: қара сөз, уақыт, кеңістік, сана, көркемдік қуат.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы келер жас ұрпаққа, баға жетпес мол рухани қазына, нәрлі ойлар, «өлмейтұғын сөздер» қалдырды. Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық

дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Жалпы «Қара сөз» дегеніміздің мағынасын белгілі ғалым және саясаткер Ғ. Есім: «...Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры, өкінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі, Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине, сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді. Абай дәстүрі, яғни сөз жанры бүгінде жаңғырып, жалғасуы керек, оған алғышарт бар. Қазіргі плюрализм деп жүргеніміз, кезінде Абай қолданған ойлау тәсілі...», [1, 4] – деп сараптама жасап, талдап берді.

«Қара сөздер» – өмір, тәжірибеден алынған, әрі білім-біліктің жиынтығы, әрі көркемдік-эстетикалық, мәдени-рухани қуаты мен қадір-қасиеті жоғары, тағылымы мол қымбат қазыналар қатарына жатады. Қай қара сөзін алып қарасақ та уақыт пен кеңістіктің үлкен үйлесімі мен олардың философиялық тұрғыда тамаша көрініс алғанына көзіміз жетеді. Әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістік қатынастарының байланысы, М.М. Бахтин хронотоп деп атаған болатын. Бұл термин алғаш рет математика ғылымында Эйнштейннің салыстырмалылық теориясының негізінде қолданылған. М.М. Бахтин бұл терминді әдебиеттануда кеңістік пен уақыттың (уақыт кеңістігінің төртінші өлшемі ретінде) сабақтастығын білдіру үшін енгізді. З.Қ. Қабдолов «Сөз өнері» кітабында хронотоп ұғымын әдеби буын мен жанр мәселесіне байланысты қарастырады [2]. Абайдың шығармашылығында философиялық, этикалық, эстетикалық, танымдық және әзіл-сықақ, кеңес беру түрінде жазылған қара сөздер маңызды орын алады. Онда ойшылдың адам тіршілігінің мәні мен мақсаты, негізі туралы түсініктері шеттей қабысқан. Мұнда философ адамдардың рухани толысуын, адамдық қасиеттер жүйесін, әлеуметтік этика мен қоғамды көркейтудің жолдарын көрсетпекші болды. Таза философиялық терминдерге бой ұрмай әр алуан топтағы жетілуді түсінікті түрде ұғындырып, қоғамдық сананың дертін айқындайды да, бейнелі түрде жеткізеді. Оның сөздері қазақтың жүрегіне өтімді, өйткені ол ұлттық психологияның негізіне, барлығын да тарихи жадында сақтап қалған халықтың ойына бағытталған. Абай ойы қазақ арасында зор мәнге ие болып, күнделікті өмірде қолданылатын мақал-мәтел дәрежесіне көтерілді.

Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Ол – сөз жанры. Онда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Абай ашқан сөз, өкінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Абай өз заманының адамының атқарған негізгі қарекеттеріне: ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу және бала бағу талдау жасай келіп, ол істерді өзінің нәліктен қолға алып, атқармағанын нақты дәлелдермен көрсетеді. Бұл ақынның өмірден түңілуі емес, адамның характеріне, өміріне кеңістік бола алмай тар қапасаққа айналған қоғамдық болмысқа наразылығы. Осыдан барып: ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен өзін тапса, жазып алсын, иә оқысын, керек жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», –

деген тоқтамға келеді. Енді осы уақыт пен кеңістікті Абай қара сөздері арқылы оқырманына қалай жеткізіп, адам мен өмір шеңберіндегі кеңістік пен уақыттың мән-маңызын оқырманының санасына қалай сіңіріп жатыр деген сұрақтарға ақынның өз қара сөздерімен жауап берсек.

Ақын бірінші қара сөзінде-ақ қысқа ғұмырдың алдамшы, өткіншілігін саналы түрде оқырманына қабылдату арқылы уақыттың қадір-қасиеті мен мән-маңызын айқындап былай білдіреді: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын...» дей отырып адам болмысы мен жаратылыстың біз өзгерте алмайтын, тағдырдың толассыз ағымындағы уақыт пен кеңістіктің өлшемін көрсетеді. Сол арқылы адамзатқа ғұмырының, өмірінің жайшылық пен бекершілікте өтпеуін философиялық тұрғыда түйіндеп береді. Ақын алдағы өмірге барлау, талдау жасайды. Адам мұраты, өмірі мен еңбегіне еркін енеді. Өмірдің бұралаң жолдарына, тұрмыс-тірліктің мың сан арналы, тараулы жолдарына көңіл тоқтатып, көз жібереді. Әсіресе ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софьлық қылып, дін бағу, балаларды бағу сынды сан салалы, алуан арналы бағыт-бағдарларға, өмір-тұрмыстың, уақыт-сынаптың сырлы сипаттарына ден қояды. Оның арасында білім-ғылым, кәсіп-қызмет, дәстүр-дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне де көңіл бөліп, жіті назар аударады. Бәріне де мән-маңыз береді. Басым бағыттарына еркін енеді. Сыр-сипаттарын ашады. Нәтижесінде: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», [3, 127] – деген қағидалы көзқарастарын алға шығарады. Өмір мұратына ден қойып, тәлім-тәжірибесіне тоқтайды. Осы пайым-түсінігін төртінші қара сөзінде адам баласының бесіктен бейітке дейінгі ғұмыры өкініш болмас үшін қалай дұрыс өтуі абзал деген сауалға Абай анық ақыл береді. Себебі, екі кеңістік, екі уақыт арасындағы өмірдің саналы, еш өкінішсіз өтуін Абай жүрекпенен түйіндеп айтып кетеді. Төртінші сөзінде ол былай дейді: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды», – дей келіп, Хакім Абай сөзін былай түйіндейді: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды». Он бесінші сөзінде Абай адам өміріне философиялық ой жүгіртіп, терең топшылау жасайды. Ақын ел басқаратын, көпке өнеге көрсететін адам алдымен өзін-өзі жөнге салып алуы керектігін ескертеді. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – деген сауал қояды. Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы реуішті пікір Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» де қайталаанады. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Соңдықтан да Абай «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы

нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады. Бұл уақыт пен өмірдің мән-маңызын айқындап беретін, адамға өз ғұмырын саналы түрде қабылдауы мен оның сан қырлы қатпарын айқындауына негіз болатын сауалдарды түйіндеп бере отырып, адамзатқа дұрыс жауабын көрсетеді. Ақынның жиырма алтыншы сөзі былай басталады: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен?» [2; 163]. Автор мысқылдап, озса хайуан озды, жықса баласы не өзі емес, бөтен адам жықты, мұнда сонша мақтанарлық не бар? Мұның бәрі өзгелерді ызаландырмақ ниетпен, түймедейді түйедей етіп көрсететін қазақтың даңғойлығы дей келе, Абай сол мақтаншақтықты, біреуге ор қазуды әшкерелейді. «Біреуді ызаландырмақ – шарифатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс» [2; 164], – деп біреуді ыза қылғанға сонша қуанарлық ештеңе жоқтығын, оған ызаланып жер болып, қорланудың да бекершілік екенін айтады. Яғни ақын қазақтың әр уақыттағы сипаттарының нәтижесін нақты кеңістік орын арқылы көрсетіп, сол бойынша үлкен философиялық ойды тұжырымдайды.

Зерттеуші Р. Тұрысбек «Абайдың мұраты» атты құнды мақаласында: «Тұтастай алғанда, Абайдың «Қара сөздері» ондағы кеңінен айтылып, терең қозғалған мәселелер – «ел мінезінен» өзге: адам әлемі, қоғам, өмір, тұрмыс-тіршілік түйткілдері, даңқ пен даңқырт, жалқаулық пен талапсыздық, салғырттық пен немқұрайдылық, жамандық пен зұлымдық, «дүние рақаты», ағартушылық һәм адамгершілік мұраттары, ақыл-парасат, білім-ғылым, тарих пен тағдыр, дәстүр мен дін, әдет-дағды, жан-жүрек, мінез-құлық, намыс пен сенім, сыр мен сипат, тәлім-тәрбие т.б. болып табылады» [4, 190], – деп қорытындылаған.

Жиырма жетінші және жиырма сегізінші қара сөздердің Абайдың дүниеге көзқарасын түсіну үшін ерекше мәні бар. Ал дүние дегеніміздің өзі уақыт пен кеңістіктің бірлігі, тұтастығы, жиынтығы екені белгілі. Бұл дегеніміз олардың егіз ұғым екенін білдіреді.

Ежелден шешуін күткен мәнді мәселелер – Құдай мен дүниенің байланысын, табиғат пен адамның, тән мен жанның байланысын ұғу, түсіну. Әсіресе, Абай өмір сүрген кезеңде дүниенің сыры мен сипатын білуді аңсаған қазақ халқы бұл мәселеге жауап беруді, шешім айтуды өзінің алдыңғы қатарлы, көзі ашық Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты перзенттерінің ақыл-парасатына міндет еткен.

Жаратылыстың заңдылықтарын білуге, өз білгенін халқына білдіруге ұмтылған Абай жиырма жетінші сөзінде айтылған проблемаларға шешім іздестіреді. Өзінше жауап тауып, оларды халыққа түсіндірмек болады. Адамды алғаш жаратқан Құдай, адамға ақыл беріп, қол бітіріп, тік жүргізерлік етіп, оны басқа жануарлардан ерекше, өзгеше жасаған Құдай деген ой айтады. Ол дүние мен адамды алғаш жаратқан Құдай деп түсінсе де, жаратылғаннан кейінгі Құдай мен адамның «арақатынасын» екеуі екі басқа деп ұғады.

Ақынның отыз төртінші сөзі өмір мен өлім философиясы хақында. Жұрт өлімнің хақ екендігін, оның әманда адам әбден қалжырап қартайғанында ғана емес, кенеттен де кездесетінін және Алла жанын бір алған пенденің о жақтан қайтып келмейтіндігін біледі, соған нанады. Ал бірақ ақылына салып, ой елегінен өткізіп барып нанбайды, амалсыздықтан, шарасыздықтан көнеді. Абай осы сұраққа жауап іздеген.

Адамның болмысы баршаға ортақ, көрер қызығы, қайғысы осы екі дүние аралығында. Өмір мен өлім бәрімізге бір. Олай болса, адамға керегі мұсылмандық, имандылық. Бірақ оған адам қалай жетпек? Бұл сұраққа жауап жоқ. Себебі, нағыз мұсылман дүние қуанышын, дүние қайғысын ақырет қуанышынан, ақырет қайғысынан артық қоя алмайды. Олай болғанда ол мұсылман емес. Адам енді не істемек? Адамға керегі – дүниеге қонақ екенін сезіну, өзінің мәңгілік еместігін ұғыну, сондықтан «бес күндік» ғұмыр үшін бір-бірімен қырқыспайтын істер жасауға дағдылану. Міне, Абай ұсынған жол. Бірақ Абай бұл жолға түскендерді таба

алмай, дүние қызығын тозаққа айналдырғандарды көріп, «оның несі адам?» деп күйінеді [5, 145]. Сөйтіп, адамның рухани болмысы, өмір философиясы туралы Абай тереңнен сыр қозғаған. Бұл әлемдік философияның мәңгілік тақырыптары, олардың шешімі аса күрделі, әзірше бұл мәселелерге айқын жауаптар жоқ. Бұлар адамның рухын қозғайтын, жетілдіретін мәңгілік философиялық мәселелер. Сонымен қатар нағыз уақыт пен кеңістіктің тоғысар тұсы болып табылады.

Хронотоп жазушының дүниетанымын түсінудегі, кейіпкерлердің ішкі әлемін ашудағы, автордың әңгімесін құрастырудағы рөлін Б.Қ. Майтанов өз жұмысында осы категорияның көркем шығармашылық психологиясын зерттеудегі маңыздылығын көрсетеді [6]. Отыз бесінші сөзде адамдардың өлгеннен кейін махшарға баруы, ондағы жауаптастықтар туралы ой толғанған. Тірлікте өзі үшін өмір сүргендердің махшардағы жағдайлары жақсы болмасын ескертіп, бір Құдайды риза етерлік адамгершілік, қайырымдылық, адал істер істеп өтсе, ол адам ақыретте қадірлі, шарапатты болады деген түйіндер жасайды. Жалпы бұл сөзде Абай тірлікте ізгі істер істеп өтуге, кемтарларға көмектесуге шақырады.

Грек ойшылының түсінігінде барлық іс-әрекетті жасаушы да, жасатушы да Құдай, бәрін біліп, сезіп тұрғандықтан, адам одан сескенуі керек, сондықтан да жамандықтан аулақ, жақсылыққа бейім болу қажет. Ал Абайша, Құдай жақсылық пен жамандықтың жасаушысы, бірақ жасатушысы емес, ол адамның күнделік өміріне қатыспайды, не іс істесе де адам өзі істейді, сондықтан да өз қылығы үшін өз ары алдында жауап беруі керек. Адам біреуден қорыққандықтан, сескенгендіктен емес, адам болғандықтан, оған сай ақыл, ары болғандықтан жақсылық пен игілікке үйір болып, жамандық пен зұлымдықтан қашуы керек. Ал осы дүниені өзгертетін әсер замана желі, замана желі оңынан соққанда ғажайып өзгерістер болмағына бүгінгі ұрпақ өзіміз де куәміз. Бірақ заттық әлем қалай өзгерсе де, мейлі, рух пен сана үшін бәрі де баяғыдай көрінер. Демек, бүкіл заттық әлем уақытқа бағынышты, ал, оған бағына алмайтын, өзгермейтұғын, өлмейтұғын тек адам Рухы және оған қатысты құндылықтар ғана. Абайдай ұлы тұлға ашқан осы іспетті руханият заңдылықтары одан қалған мұраның ескірмейтіндігінің, өлмейтіндігінің, халқымен бірге мәңгі жасайтындығының кепілі. Жыл өткен сайын Абай даналығы өзінің классикалық биігінен асқар таудың шыңы құсап, жарқырап айқындала бермегі табиғи заңды құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Советханқызы Р. Абайдың «Қара сөздері» – білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы // Ел. – № 40 (116). – 2 қазан. – 4-б
2. Қабдолов З. Қ. Сөз өнері. – Алматы, 1976. – 374 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинағы: II т. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, – 312 б.
4. Тұрысбек Р. Абайдың мұраты // Жұлдыз. – 2013. – № 9. – 195 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинақ жинағы. I т. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, – 303-б.
6. Майтанов Б.Қ. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. Алматы, :Ғылым.1982.– 148 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЗОЙНАТЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Салихова Айымгүл Зинелгабиденовна

филология ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл біліміндегі сөзойнатим (каламбур) әдісінің көркемдік мақсатта қолданылуы, оның жасалуының әдіс-тәсілдері сөз болады.

Түйінді сөздер: сөзойнатим, адресант, омоним, комизм.

Қазақ тіл білімінде табиғаты толықтай ашыла қоймаған сөзойнатим (каламбур) өз алдына зерттеуді қажет ететін - құбылыс. Осы мақалада табиғаты бір ерекше құбылыстың сырын зерделеуді мақсат етіп отырмыз. Бұл құбылыс туралы «Тіл білімі»(1998ж.) сөздігінде: «Каламбур - деп мағыналы сөздерді, не айтылуы ұқсас, бірақ мағыналары әр түрлі сөздерді әзіл-сықақ ретінде пайдалану үшін жасалған сөйлеу айшығы»;

«Қазақ тілі» (1998ж.) энциклопедиясында: «Каламбур сөз бен сөз тіркестерінің дыбысталуы жағынан ұқсас келуінен туатын стилистикалық оралым, яғни сөз құбылту, сөз түрлендіру. Каламбур негізінде, омонимдер мен омографтардан құралады» деген анықтама беріледі.

Көріп отырғанымыздай, сөзойнатим сөз мағынасы мен дыбысталуы жуық сөздер арқылы жасалатынын аңғарамыз. Сөзді ойната отырып, автор тыңдаушының қабылдауының екі қырын есептейді. Жай, қарапайым мағынасынан гөрі сөзойнатимдық түрге енген мағына айқын, өткір болып келеді. Бұл өткірлік тілге енген түрлі тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Адресант сөзойнатим құрудың жолын әдейі ойланбайды. Ол негізінен ойдың берілуінің дәлдігі мен айқындылығына мән береді. Анықтамада көрсетілгендей, сөзойнатим - бір контекстегі бір сөздің бірнеше мағынасы немесе айтылуы жуық сөздердің тіркесіп келіп, күшті комикалы реңк туғызуы. Бұның негізінде семантика-стилистикалық принцип жатыр.

Біріншіден, сөзойнатимда ең бастысы - мағына ойнату, ал екіншіден, бұл құбылыс эстетикалық қызметімен ерекшеленеді. Автор сөзойнатим арқылы күлкі туғызып қана қоймайды, ол күлкіден өзге де адам сезімін, эмоциясын қозғайды. Логикалық жағынан алғанда сөзойнатим қарапайым тұрғанда қарама-қарсы қойылмайтын ұғымдардың комикалы жақындасуынан, салыстыру немесе теңестіруден жасалады.

Осы табиғаты өзгеше нәзік қырлы сөзойнатим ұлы Абай шығармасынан бастау алады. Абай өлеңдерінде омоним сөздердің тізбегі, бір түбірден өрбіген үндестігі жақын сөздердің үндесімі, басқа да тепе-тең буындар көптеп кездеседі.

Мысалы: «Жүз қараға екі жүз аларман бар,

Бас қатар бас-аяғын тексерем деп», - дегендегі «бас» сөзімен келетін буындардың қайталамасы; немесе:

«Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір, - деген жолдардағы «жүз» сөзімен келетін буындардың қайталамасы; сондай-ақ:

«Шу дегенде көрінер сұлу артық,

Көбі көпшіл келеді ондай қаншық,

Бетім барда бетіме кім шыдар? -деп,

Кімі паңдау келеді, кімі тантиқ», - деген шумақтағы «көп» түбірінен сөздердің ойнақы қолданысы және де «бетім» сөзіне екі ұдай мағына теліп қайталама ұйқас жасау Абай ақындығының халық эстетикасына табан тіреген нақыштары екені даусыз. Тек омонимдер емес, Абай өлеңдерінде сөз ойнатудың кірме сөзбен құрылған үлгілері де жоқ емес.

Мысалы: «Қылып жүрген өнері:

Харекеті әрекет,
Өзі оңбаған антұрған,

Кімге ойлайды берекет?» - бұл жердегі – «әрекет» сөздері әуел баста кәсіп мағынасындағы «харакат» түбірінен тарағанмен, қазақша әрекет болып дыбысталып, «өнімсіз іс, әурешілік, өнбес тірлік»деген мәнге ауысқан. Абай осы екі мағынаны да қамти отырып, лебіздік жағынан біршама жуық естілетін (бірақ тепе-тең емес) мағыналас сөздерді ойнақы ұйқасқа негіз еткен. Қазақ әдебиетінде С. Торайғыров, Т. Жароков, Х. Ерғалиев әсіресе, М. Әлімбаев сынды қаламгерлеріміздің ойды көркем де бейнелі түрде жеткізе түсу, күтпеген жерден дәлдей, айқындай кету мақсатымен толып жатқан каламбур тудырған. Жалпы қазақ тіліндегі каламбурларды ойнатудың мынандай тәсілдерін байқауға болады. Олар: тіліміздегі диалект сөздер арқылы: 1. Құтты болсын айтың,

Бұны ағама айтың. (Маңғыстау д.)

2. Жүр екен ол сымменен,

Тігілген алтын сымменен.(Оңт. Қ. д.)

3. Үстелде жатыр қант шақпақ,

Қасында бір түйір шақпақ.

Нысанбай шақпақты жақпақ,

Содан соң жаңғақты шақпақ. (Оңт. Қ. д.)

Тілдік құралдар арқылы сөзойнатым табиғатын тереңірек ашуға толықтай болады. Сөзойнатымның жасалуын осылайша жіктеу отырып, қазақ тілінің басқа тілдерге қарағанда құдыреттілігін аңғартады. Осы комика тудырудағы сөзойнатым тәсілі «үнемшілідгімен», әрі өткірлігімен бір мезгілде имплицитті әрі эксплицитті екі түрлі мағына туғызуымен ерекшеленетінін аңғаруға болады.

Жалпы комизм әркез халықтық бояумен, бір-біріне ұқсамайтын ұлттық үлгіде көрініс табатынын, әр халықтың өз психологиясы мен менталитетіне комикалық пресуппозицияға байланысты айшықталатынын байқауға болады.. Қазақ халқында әзіл-сықақ өте жақсы дамыған. Күлкі тақырыбы, сын-сықақ барлық халықтарда ұқсас, тіпті бірдей болып келе береді. Бірақ сол ұқсас тақырып, типтерді күлкіге айналдыруда, әзіл-сықақ етуде әр халықтың жан дүниесін ашатын элементтердің бірі - оның юморы, әзіл-оспақ, сықағы дейтініміз де сондықтан. Осы ерекшелік қазақ комизміне де тән екендігін аңғардық.

АБАЙ ИРОНИЯСЫ: ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Қабылов Ә.Д.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абайдың қарасөздеріндегі иронияның стильдік қызметі қарастырылады. Қарасөздердің идеялық-мазмұндық ерекшелігіне талдау жасала отырып, ондағы иронияның экзистенциалдық сипаты нақты мысалдар арқылы сарапталыады. Иронияның өмірлік құбылыстарға авторлық көзқарасты білдіру құралы ретінде қызмет ететіні, ақын ирониясының философиямен суарылған поэтикалық ирония екендігі пайымдалады.

Түйінді сөздер: Абайдың қарасөздері, Абай ирониясы, таным, тағлым, сыншылдық, моральдық бағыттылық.

Қазақ прозасындағы иронияның даму үрдісін сөз еткенде, Абайдың қарасөздеріне тоқталмай кету мүмкін емес. Ұлы ақынның қарасөздерінің идеялық-мазмұндық сипаты оның өлеңдерімен сабақтас, көп ретте ақын өлеңдерінде көтерген мәселелерді дамыта әңгімелеп, оқырманына мейлінше ұғынықты ету мақсатын көздегені анық.

Абайдың қарасөздері туралы М.Әуезов: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді», – дейді [1,16]. Ақынның қарасөздері терең ойлар мен парасатты пайымдарға бай. Ақын өзі өмір сүріп отырған қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерге ойшыл ретінде назар аударып, өз пайымдарын ұсынып отырады. Қарасөздер тақырыбы мен түрі жағынан түрлі сипатта болғанымен, олардың қай-қайсысында да автор ойшыл-гуманист, реалист сыншы ретінде танылады.

Абай қарасөздерінің өзіндік ерекшелігі – оларда ақын өзіндік пікірімен көрінеді, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көңілге түйгендерін қысқа да нұсқа етіп, тұжырымды ойлармен береді. Ақын көптеген қарасөздерінде қоғамдағы жөнсіздіктерді, ел билеушілерінің теріс қылықтарын, қазақтың бойындағы жат мінездерді өлтіре сынайды.

Қарасөздердің басты қасиеті – олардың сыншылдығында. Сыншылдық сарынның өзегі кейде байсалды байлам, байыпты ой-толғау болса, көбінесе ақын ащы күлкі, зілді кекесін, мысқылымен көрінеді. «Абайдың сыны, мысқылы жеңіл мазақ емес, зілді ашу. Ол ел мініне күліп қана қоймайды. Сол мінездің жөнсіз бетін ашып, халық алдында масқара етіп, одан безіндіріп отырады», – дейді Х.Сүйіншәлиев [2,100].

Абайдың сатирасы туралы М.Әуезов, Т.Кәкішев, Т.Қожекеев т.б. ғалымдардың еңбектерінде ақынның қазақ қоғамы мен адам міндерін сынайтын өлеңдері барынша талданады. Т.Кәкішев «Абай сатирасында саяси сарыннан гөрі моралистік сарынның басым болатынын» айтады [3,85].

Ақынның қарасөздерінде ирония кең тыныспен, кейде астарлы, көбінесе ашық келіп, ақын ойының астарындағы мысқылдық райды танытып отырады. М.Әуезовтің: «Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогикалық жақсы әдісті қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-насихат асырады» [4,211], – деуінен қарасөздердегі ойнақы тәсілді аңғаруға болады. Осы еңбегінде абайтанушы ғалым: «...қара сөз ой тереңдігі жағынан да көп өлең сөздерден тайызырақ, сәл ғана шындықтардың өріс-өрісін байқатқандай болады», – деп қарасөздердегі астарлы-тұспалды, оқушыны ойландыратындай мысқыл-кекесіндік өрнекті ишаралайды [4,212]. Б.Кенжебаев «Абайдың қарасөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен сюжетсіз жазылғанын» айтады [5].

Абай өлеңдеріндегі сияқты қарасөздерінде де қазақтың әдеби тілінің, сондай-ақ әдеби классикалық стилінің негізін салғаны аян. Ақынның «автор – кейіпкер – тыңдарман» жүйесіндегі эстетикалық ұштағанның арқауын негіздегені туралы ғалым А.Исмақова өзінің «Қазақтың көркем прозасы. Поэтика, жанр, стиль» еңбегінде нанымды дәлелдейді. Абай ирониясы да оның классикалық стилінде орнығып, кейінгі прозада өзінің көркем сабақтастығын тапты [6,6].

Абай «Екінші сөзінде» сарт (өзбек), ноғай, орыс халықтарымен салыстырып, қазақтың өзге халықтардан артықшылығы болмаса да (қайта кемшілігіне меңзейді), міншілдігін, дөрекі өзімшілдігін мысқылдайды: «Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдайым-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмаш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім» [7,96].

Абай ирониясы – ақынның өмір тәжірибесінен түйгендерін ой елегінен өткізіп, өз халқының мінез-құлқындағы жөнсіздіктерге жаны ашып, өмір философиясын еркін парықтай отырып, оқырмандарына тұжырыммен толғайтын, көбінесе олармен ой бөліскендей, сырласқандай болып түйіндейтін экзистенциалдық сипаттағы ирония. Қарасөздердегі ақынның стиліне тән сипаттардың бірі – ойды өткірлеу мақсатында көбінесе ирониялық сарынды ұстап отыратыны. Ақынның концептуальдық ирониясының өзегі тыңдаушысына (оқырманна) әсер ету, көтеріп отырған мәселесінің өзектілігіне назар аударту үшін ерекше екпін түсіре жеткізу болып табылады. Өлеңдеріне қарағанда қарасөздерінің «ой тереңдігі жағынан тайызырақ» (М.Әуезов) болуының себебі де осыдан. Ақын «батырып айтуды», сөйтіп, тиген жерін ойып түсіруді мақсат еткен сияқты.

Абай қарасөздерінің ашық моральдық бағыттылығы өзі бейнелеп отырған жағдайларды оқырманның анық түсінуіне, сондықтан оны барынша өзектендіре көрсетуге бағдар жасайды. Жұрттың мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріне түсінік беру мен бағалауда ирониялық көзқарас өзіндік өткірлік дарытады.

Автордың айтпақ ойының, бейнелер құбылыстың мәнін өзектендіру және оған ерекше екпін түсіру – иронияның маңызды міндеттерінің бірі. Мұндайда сол көрсетілетін жайға, объектіге ойындық қатынас та орын алады. Бұл ойын объектінің идеалдық мәні мен қазіргі жағдайының арасындағы сәйкессіздікті ашуға ықпал етеді.

Абай ирониясына парадокстік, пародиялық сипаттар тән. Автор қоғамның сырқаттарын әшкерелегенде көбінесе қазақтың кейбір мінездерін негізге ала отырып, соларды пародиялық тұрғыдан анықтап көрсетуге бағдар жасайды. Ақынның бейнелеуіндегі мінез-құлықтар мен әдет-қылықтар сол заманның (қазіргінің де) адамдарына тән әрі түсінікті қалпымен әсер етеді.

Ақынның концептуальдық ирониясының маңызды тәсілдерінің бірі – ішкі мәтін (подтекст) болып келеді. Қарасөздерде ақын көпшілікке тән кейбір ортақ ой-түйіндерді жиі пайдаланып, оларды ирония нысаны етіп отырады. Мұндай амал сын объектісінің нақтылығын дәйектейтін әрі соған орай талдау мен тәпсірлеу шарттарын белгілейтін маңызға ие. Сондықтан Абайдың қарасөздерінде ішкі мәтіндер, негізінен, қазақтың мінездерін, танымы мен пайымын әйгілеуге қызмет етіп отырады. Мысалы: «Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсаң – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?» дейтұғыны болушы еді ғой» («Он алтыншы сөз»); «...Мойнын бұрып қойып: «Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба» – деп бұлғақтап, немесе: «аяғаным жаным ба? Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек! Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма» деп қалшылдайтұғын кісі көп қой» («Отызыншы сөз»); «Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» – дейді. Я болмаса, «жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің», – дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?» – деп, ұялтамын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады» («Отыз алтыншы сөз»).

Қарасөздердегі Абай ирониясы көбінесе астарлы болмай, тура кекесін, ашық мысқылға құрылады. Автор өзінің ой-тұжырымдарын қашан да қисынды дәлелге құрады. «Үшінші сөзінде» ақын: «Осы күні қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалығынан жетерсің» деген сөз» [6,98-99], – дей келе, үш жылға сайланатын болыстың бірінші жылы өзін сайлаған елге жағынумен, екінші жылы кандидатпен аңдысып, ал үшінші жылы сайлау жақындап, тағы да болыс болып қалармын ба деген дәмемен өтеді дейді. Бұдан соң Абай болыс сайлауы туралы

өз ойларын ортаға салады. Мұндағы ирониялық колорит тұспалмен, «мақтағандай болып тұрып» емес, мақалдың мәнін нақты жағдайды мысқылмен дәлелдеп көрсетуінен көрінеді. Мұндай әжуалы-мысқылдық рай қарасөздерде жиі көрініп, дидактикалық, үлгі-насихаттық сарынға жалғасады. Мысалы, «Бесінші сөзінде»: «Қазақтар «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың», – деп, кейбір мақалдарды сынайды. Абай мақалдарды ғана сынап отырған жоқ, сол арқылы қазақтың бойындағы жағымсыз қасиеттерді де түйреп отыр. Мұндай мақалдардағы тұжырымдардың кейбір адамдардың теріс ниет-пиғылынан, түсінік-түйсігінен туғандығын еске салады.

Абайдың болыс-билерді, байларды, ұрылар мен сұмдарды сынайтын қарасөздерінде сыншылдық мысқыл сатиралық қуат алып, ащы әжуаға ұласады. «Сегізінші сөзінде» «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деген сұрақ қоя отырып, болыс пен биді, байлар мен сұмдарды сынайды. Бұл ашық сын емес, талдауға құрылған сатиралық ирония: «Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де озық кісіміз, өзіміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтамыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де қолы тие ме?..»; «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме?»

Ал «Тоғызыншы сөзде» өз халқынан көңілі қалған ақынның ызалана келе түңіліспен түйіндейтін ойы ащы әжуаға тіреледі: «Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде әттеген-ай, сондай, сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге».

Абай салмақты ойға құрылған қарасөздерінде де өз пайымдарын кейде жеңіл әжуаға жыға баяндайды. Мысалы, «Жиырмасыншы» және «Жиырма бірінші сөздерінде» жалығу мен мақтан туралы ақын қысқа болса да тереңнен толғап, қызғылықты ой қорытады. Мұндай пайымның қисындық, психологиялық дәлелі мығым, жіктемелері өмір тәжірибесінен алынғандығымен сенімді. Мысалы, жалығудың мән-маңызын талдағанда, оның философиялық астарын да аңдатып өтеді: «...Бірақ осы жалығу деген әр нәрсені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын – бәрінің баянсызын біліп, жеткен, ойлы адамнан шығады. Хаттаки ғұмырдың баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын».

Ирония өмірлік құбылыстарға авторлық көзқарасты білдіру құралы ретінде қызмет етеді. Қарасөздерінде Абай сұрақ қоя отырып, оған жауап іздеу арқылы ақиқатқа жету тәсілін жиі пайдаланады. Көбінесе, сұрақты ортаға тастағандай болып, оқушысын да ізденуге жетелейді. Ол, әдетте, әуелі тақырыпты аңғартып алып, сосын оны талдауға көшеді. Мысалы, «Жиырма екінші сөзінде»: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейін деп ойладым», – деп өзіне сұрақ қойып алып, сосын байды, мырзаны, болыс пен биді, тағы басқаларды сын тезіне салады. Сөйте келе, кекесінмен түйіндейді: «Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра тұрсын. Әлбәттә, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалмен боламын деп бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым,

қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң, һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым.»

«Жиырма үшінші сөзде» «қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбанышты» саралайды. Автор адам мінезіндегі қайшылықты сипаттарды сынауда өзіндік өрнек табады. Басқа да кейбір «сөздеріндегідей», мұнда әуелі мінез-құлықтағы кейбір сипаттарды ішкі мәтін арқылы көрсете отырып, оларды қарсы сауалдар тастау арқылы талдайды. Мұндағы риторикалық сұрақтардың өзінен олардың жауаптары көрініп отырады әрі кекесіндік-мысқылдық мәнімен ерекшеленеді: «Оның қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе?» деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен жаманшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болад-дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса жарар, алдыңда неше ат бар деп сұрар, артыңда қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?»

«Жиырма алтыншы сөзде»: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар?» – деп, бәсеке-байрақтың астарында даңғазалық пен әсіре мақтанның жатқанын мысқылдайды.

Абай ирониясының сипаттарына екі түрлі қылықты шендестіре отырып, мінез-құлықтағы қайшылықты айқындаушы риторикалық сұрақ түріндегі мысқыл арқылы ашу да тән. Мысалы, «Қырқыншы сөздегі»: «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?»; «Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде адалдық, берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе табыла қоятыны қалай?»; «Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?» т.б.

Қорыта айтқанда, Абай ирониясы – Ф.Шлегель айтқандай, «ирониялық эпизодтарға негізделген» ділмарлық ирония емес, философиямен суарылған поэтикалық ирония. Мұндай ирония «өзінің құдіретті тынысымен» поэтикалық туындыға тұтасымен кірігеді, онда «бәріне, оның ішінде өз өнеріне, рақымшылығы мен данышпандығына да жоғарыдан қарап, барлық шарттылықтардан шексіз асқақтана беретін көңіл-күй жатады» [8,282-283].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1945. 316 б.
2. Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қарасөздері. Алматы. ҚМКӘБ, 1956. 151 б.
3. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы // Абай тағылымы. Алматы. Жазушы, 1986. 85 б.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы. Санат, 1995. 320 б.
5. Кенжебаев Б. // Социалистік Қазақстан. №168, 15 қыркүйек, 1945.
6. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Алматы. Ғылым, 1998. 394 с.
7. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Алматы. Жазушы, 1986. 200 б.
8. Шлегель Ф. Критические фрагменты // Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2-х томах. Т 1. 1983.

АБАЙ ТІЛІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ («ҚАРА СӨЗДЕР» -РУХАНИ МҰРА)

Кастуганова Ляззат Курманбековна
Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай мұрасындағы дүниетанымдық ойлар, оны оқытуда қолданудың әдіс-тәсілдері тілдік-философиялық пайымдаулар арқылы түсіндіріледі. Гуманитарлық білім беруде Абай тағылымының философиялық аспектісі адамтану мәселелерімен өзектес түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: тіл, адам, философия, әдіснама, педагогика, гуманизм, ғибадат, өзгеріс, лексикалық поэтизм.

Тіл – әрбір ұлттың мәдениетімен, рухани құндылықтарымен біте қайнасқан әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық бедерін айқындаушы құрал. Сабақ уақыты шектеулі, логикалық тұрғыдан құрылымы белгіленген, мазмұны жоспарланған оқу-тәрбие үдерісінің формасы. Классикалық әдебиет – жоғары сапалы, қай заманда да идеялық, көркемдік мәнін жоғалтпайтын, аса бағалы да үлгілі әдебиет.

Жалпы ғылымдық әдіснамада гуманитарлық оқу курстарының білім мазмұны адам болмысын, адамның ішкі жан дүниесін, кейіпкер бейнесін ашуға қажетті мазмұндық желіге құрылады. Олай болса, біз зерттеу жұмысымыздың философиялық негіздерін анықтау үшін алдымен танымдық тұрғыдан «жеке тұлға дегеніміз кім?» деген сұрақтың жауабын ашып алуымыз керек. Жеке тұлға (ол класта, оқушы) дегеніміз - әрекет жүйесі шығармашылық болмыстан туындайтын адам. Ал бүгінгі қоғамға қажет, бәсекеге қабілетті, креативті ойлауы терең, жан-жақты дамыған жеке адам үшін шығармашылық - оның болмысының нысаны, іс-әрекетінің тәсілі болып табылады. Шығармашылық болмыс философиядағы таным, психологиядағы өзіндік сана, педагогикадағы дамыта оқыту идеяларының әдістемесіне сүйенеді. Әдебиетті оқытудағы философиялық аспекті қоршаған ортамен, айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауда кез келген құбылысты аңғарып, фактілерді тізіп, топтап қорытумен шектелмей, сол құбылыстың, фактінің түпкі мәнін, терең негізін, дамуын, ішкі заңдылықтарын ұғынуды талап етеді. Кез келген құбылысты соңғы нәтиже, тиянақталған қорытынды ретінде қабылдап қана қоймай, оны үдеріс ретінде тануға әкеледі. Жеке тұлға туралы ұғым, адам мәні туралы ұғым философия ғылымында терең дәйектеліп, педагогика әдіснамасында тұжырымдалған.

Әдіснама (методология) грек сөзінен алынған әдіс теориясы жайлы ілімдеген мағынаны білдіреді. Ал философиялық энциклопедияда: әдіснама дүниені философиялық тұрғыдан түсіндіретін ілім деп анықтама берілсе, ал, педагогикалық еңбектерде: "Ғылым әдіснамасы, бұл - табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеуге негіз болған, әрі сол құбылыстардың теориялық түсіндірмесіне шешімді ықпал етуші философиялық бастау болар идеялар жиынтығы"[1,78],- деп анықтама беріледі. Ғылымдардың кең арнасы ішінде педагогика ғылымы өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Себебі, педагогика қазіргі заманның ең көкейкесті мәселесі - адам, оның тәрбиесі, білімі, болашағы, жалпы адамзат қоғамының демократиялық, гуманистік бағыт алуын қарастыратын іргелі ғылымдардың бірі. Сол себепті оқытудың философиялық аспектілері адамтануға негізделеді. Объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, табиғат, қоғам және адам ойының дамуы бір - бірімен байланыста болады. Осыдан кез-келген құбылыс, жағдай, көрініс әрқайсысы бөлек-бөлек емес, барлығы өзара тығыз байланыста қарастырылады. Сонда ғана ол табиғаттың, қоғамның, адам ойлауының барлық жақтарын терең тануға мүмкіндік алады, ғылыми әдіснаманың заңдылықтары арқылы шешіледі. Қазіргі уақытта білім парадигмасының өзгеруіндегі әлемдік үрдістер, білім берудің

классикалық моделінің заңдары, білім философиясында жаңа идеяларды іздестіру, гуманитарлық ғылымдардағы тың әдістемелік өлшемдерді қарастыруға баса назар аударылуда. Сол сияқты әлемдік білім беру кеңістігіне ену, оқытуды инновациялық ірілендіру мен компьютерлеуді дамыту, пән бағдарламаларын еркін таңдауға жағдай жасау және оқыту үдерісіне рухани адамгершілік құндылықтарды кіріктіру жоғары мектептегі білім мазмұнының философиялық негіздерін айқындауға ықпал етуде. Білімнің гуманистік сипаты әлеуметтік-мәдени дамудың ең жоғарғы құндылығы – адами дамуды, оның ішкі мүмкіндігін кеңейтуде көрініс берсе, білімнің инновациялық сипаты тұлғаның, шығармашылығының дамуына жағдай жасауында болып отыр. Дана да дара классик Абайдың қара сөздеріне экскурс жасап көрсек, мысалы, он бірінші сөзге саяхат;

«Бұл сөз – ұрлық пен бұзақылық туралы. Он бірінші сөзді оқып отырып, біздің заман мен Абай заманының айырмасы жоқ па деп қаласың. Абай замандастарының аңқаулығы мен біздің заманның сайлаушыларында ешқандай айырма жоқ. Біз жай ғана сыпайы сынайтын болсақ Абай батырыңқырап айтқан. Соларға еретін байлар мен жоқ жерден байлық іздейтіндерді қалай таяуға болады? Бұл сұрақ шешімі табылмай келеді...

Немесе, он екінші сөзге саяхат, «Әлемдік тіршілік пен күнделікті тұрмыс мәселелері – Абай ойларының негізгі арқауы. Дегенмен Абай адам жанының рухани сұраныстарын да қағыс қалдырмаған. Жаратылыс барын, Жаратушы барын және оған құлшылық ету, ғибадатты болу қажеттілігін мақұлдаған. Абай: «Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз» – деп, шүкіршілік қылғандай болады. Бірақ Абай жүрекке жетпеген ғибадат пен біреуге еліктеген ғибадатшылыққа қарсы. Бұл сөзінде Абай ғибадат қылу мен ғибадатты болудың арасын анықтауға, халыққа түсінік беруге тырысқандай. Ғибадатты болу, ғибадатты болғанда да жүрекпен сезіне орындау қажеттілігін баса айтады. Әйтпесе оның хаққа жол еместігін түсіндірмекке ниеттенеді. Абай бұл тақырыпқа өз өлеңдерінде де көңіл бөлген екен.

Алла деген – сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.

Хаққа сену, жаратушыға табыну тек қана таза ынта арқылы, шынайы көңіл арқылы іске асыруды уағыздайды.

Абай: «Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды» – дейді. Абай жайлы сөз қозғасақ, данышпандық, ұлылық ұғымдары қоса жүреді. Мұғалім өз ойымен ғана шектелмей, «топтастыру» стратегиясы арқылы талқылау картасын таратады. Ол картада, Абайдың қанша қара сөзі бар, қара сөз дегеніміз не, тақырыбы, не білесіздер, өмірмен байланысы» деген сияқты жетекші сұрақтармен әрі қарай да дамыта оқытамыз. Талқылау картасын тарату, интерактивті тактадан «қара сөздерді» оқып отырып, талдату, өз ойларын экскурсия жасағанымыз бойынша өмірмен байланысты айтқызуды да ұмытпауды ескереміз.

Абайдың қара сөздері де мұрасы да-ізгілік ілімі. Тірек сызба модульмен жұмыстар ұсынылады.

Сөз соңында, Абай шығармашылығы арқылы қазақ көркемсөзінің лексикалық құрамына өзгеріс енді. Ол өзгерісті туғызған екі нәрсе: бірі ақын жырлаған тақырыптар мен шығармаларының жанрлық құрылысы, екінші жаңа образдар іздеу. Поэзия тілінің лексикалық құрамы оның мазмұны (тақырыбы) мен айтпақ идеясына тікелей байланысты болатындығы мәлім. Дегенмен соның өзінде де өлеңге қатыстырылатын сөздерді поэтизмге айналдыру ол жеке ақынның ісі. Ал лексикалық поэтизм дегеніміз белгілі бір кезеңдегі

поэзия тілінде пайда болған немесе іріктеліп шыққан сөздер мен тіркестер (обороттар), яғни өлеңнің көркемдік талабын өтеу үшін қалыптасқан элементтер. Абайды қазақ көркем сөзі мен әдеби тілінің жаңа кезеңін бастаушы, оларды жаңа сапаға көтеруші, сөз өрнегінің сонғы үлгілерін ұсынушы деп танығанда, сол жаңалықтардың, сол үлгі-қалыптардың әрі қарай жалғасуын іздейміз. Егер жалғаспаса, ол жаңа кезең, жаңа сапа, жаңа өрнек болып саналмай, тұйықталып қалар еді. Ұлтының танымы да тағылымы да осында ма, - деген ой түйдім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК. Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 527 бет.

2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. 2 том. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2014ж.

АБАЙДЫҢ «МАСҒҰТ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП ЕРЕКШЕЛІГІ

Қобланов Жоламан Таубайұлы

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ де өзінің жанрлық белгі-сипаттары арқылы ертеден-ақ жеке сала болып дамыған дастан ның ерекше. Фольклорлық туындылармен өзектесе, жарыса дамып келген бұл сала халқымыз бастан кешкен тарихи оқиғалардың көркем шежіресі іспеттес ел тұрмысының сан алуан қырларын қамтып бейнелеуге әр кез елеулі үлес қосып отырған. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы осы жанрды тақырып жағынан да, мазмұн мен көркемдік әдіс тәсілдер жағынан да жаңа белеске көтерді.

Мақалада Абай және оның шәкірттері поэмал арының өзіндік ерекшеліктері, ондағы дәстүр жалғастығы талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: лирика, дәстүр жалғастығы, сюжет, композиция, романтикалық поэма.

Әйел , махаббат тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қам тылып, жалпы адамгершілік идеялармен қабысып кетеді. Абай мұндай мәселелерді көтеруде де өзінің жаңашыл, халықшыл ын дігін көрсетті. Ұлы ақын қазақ қыздарының теңсіздікте езіліп, сүйгеніне қосыла ал май келген ауыр халін көрді. Абай ұған наразылық білдіріп, шерлі сезімге толы өлеңдерін шығарды. Қазақтың феодалдық қоғамы әйелдерді сүймеген адамына зорла п қосты. Абай мұндай өрескелдікке наразылығын білдіріп, бас бостан дығы үшін күрескен жастарды қолд ады.

Абай үйлену, ерлі-зайыпты болу ісіне немқұрайды қарауға, «мал беріп алғанның бәрі жар болып, тату өмір сүре алады-мыс » деген ескі түсініктерге қарсы шығады. Абай тық пен махаббатқа бөленген тең құқылы ерлі-зайыпты өмірді мақұлдайды. Ж үрек епке де, малға да , күшке де көнбейді. К әрі қойдың жасындай өмірі қалған қария мен уылжып тұрған жас бақытты өмір сүре алмайды деп, қалыңмал салтына батыл қарсылық

Абай өзінің шығармаларында әйелді біреуге ана, біреуге қарындас, қыз; біреудің қорғаны, ақылшысы, жанашыр қымбаты, сүйген жар ы деп дұрыс түсіндіреді. «Масғұт» поэмасында Абай:

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы,
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы.

Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйінде тексерілмес дау болар ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып,
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

дейді.

Осы поэманың бас кейіпкері Масғұттың алдына таңдау ұсынғанда дүниедегі мол байлық пен ақыл даналығын алғызбай, Абай оған әйел жұртшылығымен достықты қалауды ұсынады:

Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды,
Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.
Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

- Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре-бара.
Ақ пен сары екеуін алмағаның
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

- Мен болсам егер ағын жемек дедім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім.
Мен ақылды билемен не қылсам
Ақыл мені билесе керек дедім.

Ақылды жан табылмас маған сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.
Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды
Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас.

Адам дертті болмай ма құса тартып,
Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып.
Ептеп бағып, есерге ем таба алмай,
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузына тамам жанның болдым сөзі.
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,
Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.
Не қылса да, надандар алмақты ойлар,
Мал антұрған күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәметпек - қайыршылық,
Ақылды ерге ар болар ондай қылық.
Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма?
Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсең, қалар оларда несі ардың?
Бермесен, сен дағы ит бірге болдың.
Не өзің ит, немесе бар елің ит,
Дауасыз бір пәлеге міне қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,

Деп едім бір пайдасы маған тиер 36].

Масғұт: «еңбексіз малды болам деп, біреуді жеп, не қайыршы болып тіленіп нем бар , Ақылым артық дана болсам, мені кім ұғар, кім сыйлар , Көп ақылсыз ішінде бір ақылдының өзі-ақ ақымақ танылар » деген оймен, асқан дәулет пен байлықты да, даналықты да қаламай, әйел жұртын сүюді ұйғарады. Бұл таңдау, сөз жоқ, автордың да таңдауы. Оның дүниедегі ең қымбат санайтыны – адам, оның ішінде аяулы ана, сүйген жар. Сондықтан да әйелді адам ретінде жоғары бағалауы – ақының озат ойының жемісі. Пушкиннің орыс әдебиетінде романтикалық мектептің негізін қалағаны сияқты Абай да өз айналасына тілектес ақындар топтады. Шәкәрім Құдайбердіұлы , қылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы , Әсет Найманбайұлы сияқты ақындарды баулып, тәрбиелеп шығарды. Бұл жас ақындар Абай бастаған романтикалық поэма жанрын ілгері дамытты. Қазақ әдебиетінде бұрын болмаған жаңа мазмұндағы поэмалар

Абай шәкірттері Шәкәрім – «Ләйлі-Мәжнүн», Ақылбай - «Дағыстан» мен «Зұлысты», Мағауия – «Медғ ат-Қасым» мен «Еңлік-Кебекті», Әсет «Салиха-Сәмен», «Аға ш ат» поэмаларын жазды. Бұл поэмалар Абай дәстүріндегі жаңа үлгі, негізінен, романтикалық дастандар болды. Осылардың көпшілігі тосын оқиғалы өлеңмен жазылған новелла сияқты. Жаңа романтикалық поэмалар алып күшке сүйенген, «әулиесі» қолдайтын ерекше адамдарды емес, көбіне қарапайым, қатардағы жандарды бейнелейді. Олардың істерінде адамға сыйымсыз әрекет аз кездеседі. Асқақ сөз, асыра дәріптеу, қалың бояу да көп орын алмайды. Бірақ поэма қаһармандары өзгеше тағдырлы жандар, басқа адамдардан бөлек мінездерімен ерекшеленеді. Әйтсе де қаһарман қоғамдық тап өкілі болу қасиетінен айрылмайды. Кейіпкерлер тағдырының ерекшелігі романтикалық поэмалардың сюжетіне арқау болады, оның сюжет ерекшелігін айқындайды. Жеке адам өмірі күнделікті тұрмыстың үйреншікті көрінісінен біраз көтеріңкі асқақ пафоста жырланып, романтикалық қаһарманға жан бітіріп отырады.

Хан сезіп, халық білсе мұндай сырды,
Ажалдан қыз бен жігіт қалмайды аман.
Екеуін еркіменен қоспайтұғын,
Қатыгез хан қаһары өзіне аян [2,56],

дейді Әсет ақын. Салиха мен Сәмен ешкімнен жәрдем күтпейді. Олар бір қиын құзды тауып алып, сол жерге бекініп, жан сауғалауға бел байлайды.

Романтикалық жаңа поэмалардың новеллалы жаңа ерекшелігіне қоса тағы бір өзгешелігі – олардың лирикалық сарынына байланысты . Сол себепті кейбір романтикалық поэмаларды лирикалық поэма деп те атауға негіз бар. Бірақ басқа поэмалардағы, эпикалық жырлардағы лиризм бірдей емес. Эписта кейіпкердің күйініші, не өмір белесі шегініс

оқиғаларда бейнеленсе, романтикалық поэмалардың лирикалық сарыны бар оқиғамен біте қайнап, оның бойына түгел еніп кетеді. Кейде кейіпкер мен автор бірінен-бірі бөлінбей екеуі бірігіп жатады. Осылайша, көптеген романтикалық поэма автордың лирикалық толғауы болып та көрінеді. Романтикалық поэмалардың лирикалық сыры өз бойына сыйымды келеді. Оның эпостық тегіне ешбір қиянат етпейді. Сондықтан романтикалық поэманы таза лирикалық поэмалармен шатастыруға болмас еді.

Романтикалық поэмалардың композициясы да едәуір ерекше құрылады. Суреттеліп отырған оқиға өзінің субъективтік қалпында логикалық байланысымен дамымай, лирикалық сезімге негізделі баяндалады. Кейіпкердің ішкі жан дүниесі, сыры ашылып, ол әр түрлі жаңа жағдайға душар болып отырады. Негізгі сюжет желісі бұзылып, жеке драмалық оқиға үзінділеріне бөлініп, композициялық инверсия экспозицияны бөгейді. Қаһарманның өткені мен болашағы көп жерде бүркеме қалып отырады. Романтикалық шығармалардың мазмұны ұлттық не тарихтық болмай, басқа ел, өзге жұрт өмірінен алынады. Мысалы, А.С. Пушкиннің «Сығандарында» Бессарабияны ен жайлап көшіп жүрген сығандар өмірі бейнеленсе, Абайдың «Ескендірінде» Македония шаһарын мекендеген Ескендір мен грек философы Аристотель, «Масғұтта» Бағдат жігіті Масғұт өмірі беріледі. «Әзім әңгімесінде» де Бағдаттық адамдар арасындағы тосын оқиғалар баяндалады. Сонымен бірге, Ақылбайдың «Дағыстанында» тау халқы өмірі, Әсеттің «Ағаш атында» Бағдат жігіті Хасен тағдыры баяндалады. Бірақ Пушкиннің «Сығандары» орыс өмірінен алшақ па? - десек, оның орыс өміріне жанасымды шығарма болғанына ешкім қарсы дау айтпайды. Олай болса, Абай мен оның жолын ұстаған жас ақындар поэмаларындағы оқиғалардың да қазақ өміріне жаттығы болмаса керек. Ескендір патшаның озбырлығын мысқылдау, әшкерелеу, Масғұттың гуманистік істерін қолдау, Әзімнің адал еңбегін мақұлдау, озбырлық пен аярлық, алаяқтық сияқты адамшылыққа жат қылықтарға тегеурінді соққы беру қазақтың Абай өмір сүрген заманының шынайы шындығына сай келеді. Сол сұм өмірдің озбыр, оғаш көрінісін көз алдына елестетеді. Ақын өзінің тосын пікірлерін бұл ретте жаңа түрмен суреттеп, романтикалық поэма жасайды.

Әлеуметтік идеясы мен композициялық тұтастығы жағынан Ақылбайдың «Дағыстаны» мен Мағауияның «Медғат-Қасымы» - өзіне дейінгі шығармалардан ерекшелігі бар жаңа туындылар. Бұларда М.Ю. Лермонтовтың өткір де күшті романтизмінің әсері мол екендігін байқаймыз. Онда құлдыққа бас имей, бас бостандығы, адам ары үшін күрескен жастар дәріптеліп, бостандық идеясы көтеріледі[3,47]. Қазақтың феодалдық патриархалдық қоғамындағы құлдық пен қорлыққа бұл поэма мазмұнының қатысы жоқ деуге болмайды.

Абай әсерінен нәр алған бұл жас ақындардың поэмалары лирикалық, романтикалық сарында жазылған. Бұлардың кейбіреуі қазақ қоғамының шындығына тікелей байланысты. Мәселен, Әсеттің «Салиха мен Сәмен», Мағауияның «Еңлік-Кебек» поэмаларында бірін-бірі шын сүйген қазақ жастарының сәтсіз махаббаты, армандарына жете алмай, ескілік пен озбырлықтың құрбаны болған тағдыры баяндалады.

Әсеттің екінші поэмасы – «Ағаш атта» Бағдат жігіті Хасен еліндегі бір шебердің жасап берген таңғажайып ағаш атын мініп, ешкім бұрын-соңды көрмеген бөтен бір хандыққа ұшып барады. Сол елдегі сұлу, ақылды қызды тауып, соған үйленеді. Поэманың сюжеті «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Мұнда Әсет ақын жастардың сүйген жарын тауып, өз қалауымен отау құруын армандайды.

Осылайша қиял-ғажайып образ бен көріністер романтикалық поэмаларда белгілі дәрежеде орын алады. Бірақ ол шығарма сюжетіне негізгі арқау бола алмайды, екінші қатарда тұрады. Ертегілік дию-перілер де көп кездеспейді. Адам айласы мен өнері баса көрсетіледі. Абай поэмаларындағы көз сүйегі мен Қыдыр шалдың бейнелері – осындай романтикалық

поэмаларға тән болған қиялдар. Сонымен қатар, Әсеттің соңғы поэмасындағы «Ағаш атта» да өнер болашағына сенім арманы басым көрінеді.

Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде жартастан құлаған қыз, Мағауия поэмасындағы Еңлік пен Кебектің өлімі, Әсеттегі Салиха мен Сәмен қазалары – бәрі де азаттық идеядан туған біріне-бірі ұқсас бір сарынды танытады. Бұл феодалдық қоғамдағы теңсіздік пен әділетсіздіктен ашынған жастардың ескілікке қарсы күресінің, әлсіз де болса, айқын наразылығы еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Алматы: Жазушы, 2003. - 296 б.
2. Найманбаев Ә. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 302 б.
3. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. Монография. – Қарағанды: ЖПС «Гласир», 2009. – 400 б.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ – ТЕРЕҢ ПСИХОЛОГИЗМ БАСТАУЫ

Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай өлеңдеріндегі психологизмнің поэтикалық көрінісі талданған. Ақынның адам бойындағы терең сезімін өлең тілімен жеткізудегі шеберлігі әдебиет ұғымымен түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: Абай лирикасы, ойшылдың қайғысы, адамгершілік, мұсылманшылық, үлгі-өнеге.

Абай өлеңдері – адамның барлық қуанышы мен қайғысының, үміті мен күдігінің... жалпы көңілінің айнасы. Бұл мақалада Абай лирикасына, ақынның тікелей адам сезіміне құрылған, ақын жанын тебірткен кейбір лирикалық өлеңдеріне ғана тоқталмақпыз. Қазақ өлеңін толыққанды күйінде тың түрлерімен қазақ әдебиетінде ерекше дамытқан Абай екенін ескерсек, өлеңдегі терең психологизмнің де Абайдан басталуы – заңды құбылыс. Бұл ойымызды Ж.Ысмағұловтың мына пікірі де дәлелдей түседі: «Абай өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, ондағы негізгі тақырып шешімімен қосарлана жүретін ақынның белгілі бір құбылысқа, оқиғаға көзқарасы, қатынасын, тікелей содан туындайтын әсерін, сезімін, жан-дүниесінің басқа да иірімдерін анық көреміз. Әдебиеттану ғылымының өз тіліменен айтсақ, поэзиядағы терең психологизм деген – осы» [1, 131].

Мазмұны мен тақырыбы жағынан оқшау тұрған бірсыпыра өлеңдер баласы Әбдірахман мен інісі Оспанға арналған. Сүйікті інісі мен баласының қазасына қайғарған ұлы ақынның адамгершілік сипаты да танылады. Бұл қайғылар М.Әуезов айтқандай «өзі оқымысты, білгір және халық қамы үшін ойланған қамқор ойшылдың қайғысы болды» [2, 156]. 1891 жылы Абайдың ең жақсы көретін інісі, адал дос серігі Оспан қайтыс болғанда «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің», «Жүрегім, ойбай соқпа, енді» сияқты «Жақсы-жаман көргені, Ойлай-ойлай у болып», «сенісерге жан таба алмай, сенделген ет жүрегінен» түңілген көңіл шері, жалғыздық мұңы шертілген зарлы шер жырлары туды.

Аллитерация тәсілі арқылы аса бір екпінді шебер үйлесіммен Оспанның өміріне қабырғасы қайыса отырып жазған «Оспанға» деген шап-шағын өлеңде азаматтықтың алып

тұлғасы, адамдық қасиеті, қайтпас қайрат-жігері, жалынды жас өмірі, жақсы істері жіпке тізілгендей ап-айқын көз алдына келіп, нағыз адами қадір қасиетін шын сезінесің.

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай...

Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей...

Жайдары жүзің жабылмай,

Жайдақтап қашып сабылмай... [3, 183], - деп Оспан өлімінен кейін де өмір барлығын көңіліне сүйеніш етіп, жақсы інісінің игі істерімен жанын жұбатқан ақын өлең соңында:

Жан біткенге жалынбай,

Жақсы өліпсің, япырмай! [3, 183], - деп түйеді. Бұл – ақын басындағы трагедиялық жайдың оптимисттік рухқа толы түйінді тұсы. Ет жүрегін езген қайғыдан жаншыла бермей, інісінің өткен өміріне сүйсіне отырып, көкірегін қасіреттен тазартқысы келеді.

Оспан қайғысынан туған екінші «Кешегі Оспан бір бөлек жан» делінетін өлең де өзгелерге адамгершіліктің үлгісі боларлықтай жаңа көркемдік түрмен жазылған.

Әбдірахман науқастанып жатқанда ақынның бірінші аузына алатыны - Алла.

...Жүрегім суылдап,

Сүйегім шымырлап,

Алладан тілеймін

Құпия сыбырлап [3, 210], - деп көңіліндегі үмітті сәуле жылт-жылт етіп, өзгелерден оңаша сүйікті ұлын дертінен айықтыру тілегімен, шарасыздықпен, құдайына жалбарына сыйынған әкенің қан жылаған ішін, бір ысып, бір суынған, шошынған жүрегін, сарғайған жүзін, сарылған көзін, сағынышын, қысқасы, әкелік сезімнің құдіретті күшін көреміз. Ұлының науқасы кезінде жазған екінші («Алланың рахматын, жар тұтып әр неге») өлеңінде де сүйікті баласының тілегін тілеп, Аллаға жалбарынып, дау күткенде, діни-нанымдарды, мұсылманшылықтың дін кітаптарының өз тілін өзгертпей қолдана отырып толғанады. Діндарлық сенім, ақындық қиялмен Әбіш бейнесін құдай назарына дәл жеткізуді ойлап, «осы бір бейнеге мейірімді төге гөр» дегендей киналыспен үміттенген әке жүрегіннің, ақын-жүректің тілек-тебіренісін аңғарамыз. Әбдірахманға Кәкітай атынан жазылған екі хаттан да терең жан күйін байқаймыз. Ақын Кәкітай атынан сөйлеп толғанса да, қасіреттенген нақ өз жүрек шерінің, өз басынан кешіп отырған үміт пен күдік аралас сезімінің әсері бар. Және мұнда Кәкітай арқылы Әбдірахманға жетпек барлық жанашыр ағайын-туыстардың сағынышты сәлемі мен тілегі де бар. Бұл хат балаңдау ақын тілімен жазылған, өйткені Абай «Кәкітай хатында» тек өзі ғана айтар сөзін жазса шынайы болмас еді. Әбдірахманға Кәкітай атанан жазылған екі хаттың да шынайылығы – інілік ілтипат білдіре отырып, сөз арасында әзіл де араластыруы.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,

Жалғаны жоқ бояма

Қу көсе қандай өзімшіл

Бір сынамай қоя ма? [3, 213]

Мұндағы «қу көсесі» - Әбішті күтуге барған, Кәкітаймен түйдей құрдас, әзіл-қалжыңы жарасқан тату туысы Мағауия. Ақын әл үстінде жатқан Әбішті әзілмен сәл де болса көңілдендіруді де ойлаған. Алланың рахматын зар қылып тілеген, сағынышқа, махаббатқа толы:

Осы күн өмірімнің

Ешбір жоқ қызығы,

Жаралы көңілімнің

Жазылмай сызығы [3, 215], -

деген Кәкітайдың алабұртқан көңілі тілеулес ойынан да хабар береді.

«Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұла бойың ұят-ар едің», «Жиырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды», «Талаптың мініп тұлпарын», «Орынсызды айтпаған» деген жоқтау өлеңдерінде құрықты жұлдыздай жарқ еткен азамат ұлының өнерін, зеректігін, ойлылығын, таудай талабын, биік адамгершілік қасиеттерін қастерлей сипаттап баяндайды, қазақ жастарына үлгі-өнеге тұтады. Қайғыға бой алдырмау қағидасын берік ұстанған ақын «Тағдырға тәбділ бола ма, Сабырлық қылса керек-ті,» - деген өзінің жұбаныш сезіміне сүйенеді. «Талаптың мініп тұлпарын» деген өлеңінде:

Ел ішіне сау келсең,

Тағылым айтпас ер ме едің?

Жол көрсетіп сонда өлсең,

Арманым бар дер ме едім [3, 233], -

деген өкінішті арманда қалған ақын кемеңгер ойшылдығымен де көрінеді.

Абай поэзиясында махаббат тақырыбы реалистік түрде жырланады. Сезімдер объективтеніп, махаббат мәселесі адам еркіндігімен ұштасады.

Реалистік түрде жырланған махаббат лирикасының тамаша үлгісі – «Қызарып, сұрланып». Осы өлеңімен де Абайды адамның ішкі жан дүниесінде болатын түрлі психологиялық құбылыстарды тура суреттеу әдісін қазақ әдебиетінде бірінші қолданған ақын дей аламыз. Мысалы, оның «Қызарып, сұрланып» деген өлеңінде қос ғашықтың аласұрған жүрек тебіренісі айқын аңғарылады:

Қызарып, сұрланып,

Лүпілдеп жүрегі,

Өзгеден ұрланып,

Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,

Бір жолдан қайта алмай.

Жолықса ол зарлы,

Сөз жөндеп айта алмай...

Дем алыс ысынып,

Саусағы суынып,

Белгісіз қысылып,

Пішіні құбылып... [3, 171]

Өлеңде сағынысқан ғашықтардың ішкі дүниесінде болатын сан алуан психологиялық күйлер дәл суреттелінеді. «Бұл өлең махаббат психологиясын аса нәзік сезінген шеберлікті танытады. Абайдың махаббат жайындағы ең нәзік, ең көркем терең сөздері осы өлеңде көрінеді» [2, 151].

Жанында жапырақ,

Үстінде жұлдыз да.

Елбіреп-қалтырап,

Жігіт пен ол қыз да [3, 171].

Жапырақтың да, жұлдыздың да елбіреп-қалтырауы өлең көркемдігін тереңдетіп, шынайы сезімді күшейте түседі.

Өзге ойдан тыйылып,

Бірімен бірі әуре.

Жүрекке құйылып,

Жан рахат бір сәуле [3, 171].

Оңашадағы екі жастың бүкіл ішкі күйі, пәк сезімі, «ғажап бір жан рахатына бөленген сәулелі сәті» оқырманына шынайы түрде жеткізіледі.

Жүйрік тіл, терең ой,

Сол күнде қайда едің?

Ғашыққа мойын қой

Жеңілдің, жеңілдің... [3, 171], -

деп аяқталады өлең түйіні. Ақын шын сүйіспеншілік сезімінің ерекше күшті құбылыс екенін ұғындырып, жастардың жан сезімін жеткізерліктей сөз таба алмаған жүйрік тіл мен терең ойдың жеңіліс табатынына, сүйіскен жандардың бір-біріне деген ғашықтық халі жүрек лүпілімен ғана танылатын дәлелдей түскендей. «Қызарып, сұрланып» екі ғашықтың кездесуін бейнелеудегі әдемі психологизм, олардың көңіл күйін, ішкі сезімін терең ашып көрсетудегі көркемдік шеберлігімен айрықша көз тартады» [2, 108], - дейді Абай мұрасын зерттеуші, белгілі ғалым З.Ахметов. Бұл өлеңді әдебиет зерттеушісі Т.Нұртазин де жоғары бағалайды: «Абайға дейінгі қазақ әдебиеті сүйіспеншілікті мұндай көркем суреттей алған жоқ. Жан әлемінің құбылысын жаратылыс суретімен де қиыстыра келтіру қазақ әдебиетінде тек Абайдың ғана қолынан келеді» [5, 128].

Абайдың көңіл күй лирикасында сезімдер объективті образдар арқылы беріледі. Кейде образдың объективтенуі мен субъективтенуі қатар келеді. Объектив рухындағы өлеңдерге ақынның өз болмысы да араласып кетеді. Мысалы: «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі былай басталады:

Желсіз түнде жарық ай

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп [3, 100].

Абайдың табиғат құбылыстарын қабылдауы да ерекше Қазақ ауылының жайлаудағы бір түнгі көрінісі тамаша бейнелілікпен берілген. Жарық айдың судағы дірілдеген сәулесі елестеп, тасыған өзеннің күрілі естіледі.

Қалың ағаш жапырағы

Сыбырласып өзді-өзді,

Көрінбей жердің топырағы,

Құлпырған жасыл жер жүзі...! [3, 100]

Ағаштардың сыбырласқаны, жер бетінің жайнаған жүзі керемет суреттелген. Көңілге қонымды жанды табиғат суреттері көз алдымыздан тізбектеліп өтеді.

Таймаңдамай тамылжып,

Бір суынып, бір ысып,

Дем ала алмай дамыл қып,

Елең қағып бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,

Дүрсіл қағып жүрегі,

Тұрмап па еді сүйеніп,

Тамаққа кіріп иегі? [3, 100]

Түндегі ынтыққан екі жастың кездесуі де жанды бейнеде, асқан шеберлікпен жырланған. Бұл өлеңде ынтыққан сезімдер өзара үндестік табады. Айлы түндегі дала табиғаты жанға қғлай жайлы сезілсе, ұғысқан жүректердің лүпілі де бізге анық жетіп тұр. Осылайша объектив образ бен субъектив образ тамаша үйлесім тапқан. Өлең адамды терең ләззат сезіміне бөлейді.

«Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!» - Абайдың бозбала күнінде жазған сүйіспеншілік туралы өлеңдерінің елеулісі. Бұл ақынның өзіне өзі айтқан сөзі, Тоғжанға арналса керек. Сүйген қызынан жауап ала алмай, сергелдеңге түскен жігіттің өзіне-өзі басу айтып, сабырға шақыруы:

...Не күн туды басыңа.

Күні-түні жай таппай? [3, 39]

Осылай сұрай арнаудан, өзіне-өзі тіл қатудан басталған ойы риторикалық айшыққа ұласады:

Түн кезгенің мақұл ма,

Жан жағыңа жалтақтай?

Өлермін деп жүрмісің,

Мұнан басқа жан таппай? [3, 39]

Ғашықтық халдің дәрменсіздігі айқын суреттеледі:

...Ауру да емес, сау да емес,

Құрыды әл-қуатым [3, 39].

«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» атты өлеңінен сүйген жүректің лүпілдеп соққан лебі анық сезіледі:

...Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,

Мен не болсам болайын, сен аман бол [3, 119].

Шын ғашық жүрек осыдан артық не деп тіл қатар?! Сүйгенінің амандығын тілеген жігіт осынау дүниедегі ғашық үшін құрбан боп кетуге дайын. Безгек ауру сияқты адам жанын жүдетер ғашықтық халді өлең түйінінде өте дәл көрсеткен:

Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе,

Дәмеленсе өртенер күйіп-жанып [3, 119].

«Қор болды жаным» – қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңа түрмен жазылған өлең. Жігіттің шерлі жүрегіндегі үміт пен күдік тайталасқан сезім суреттеледі. Ал «Сен мені не етесің» өлеңінде жас жігіттің уәдесінде тұрмаған сүйген жарына ашынып жазған айыптау шері көрінеді:

...Ет жүрек өртенді,

От боп жанып,

Жалын шалып.

Ішіме.

Иттей қормын,

Зармын,

Сен үздің ғой бұл желкемді [3, 121].

Жаңа түрмен жазылған бұл өлеңде дертті жүрек бір сәт ғашығының амандық-саулығын тілесе, енді бірде қайта оралып келуін армандайды. Өлеңнің келесі шумағында жарының қатыгездігіне күйінсе де, оған «қош аман» айтады. Бірде амалы жоқтан өз тағдырына өзі мойынсұнғанын білдіреді. Қапаланған жігіт «серт бұзғаның, біл, орыны – шок» деген түйінді ойымен өзін жұбатады.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңінде психолог ақын адамның ішкі дүниесіндегі құбылысты тап басып танытады, өзіне өзі мінездеме береді.

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,

Көзбен көр де, ішпен біл... [3, 207].

Ғашық халін Абайдан асып кім айта алған?!

Абай көңіл-күй лирикасында сөзбен емес, жүрек тілімен сөйлейді. Ақынның суреткерлігі де, ойшылдығы да, психологтығы да осында жатыр. Көп өлеңдерінде айтар ойын емеуріннен білдіріп, қысқа қайыра салады. Оқырман сонда да бар сырға қанып, іштей

ойланып, өлең мазмұнын адаспай таниды. А.Байтұрсынов сөзімен айтқанда Абай өлеңдерінің «сөзі аз, мағынасы көп, терең» [6, 55].

«Абай – адамның сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, психологиясын білуге, кісінің бейне образын жасауға ұста ақын. Бұл Абайдың поэзиясының әсіресе махаббат лирикасының күшті жағы, тағы бір биік шыңы, аса маңызды ерекшелігі» [7, 16], - деп зерттеуші ғалым Б.Кенжебаев ұлы ақынның сыршыл лирикасын әділ бағалаған. Белгілі әдебиетші-ғалым Қ.Жұмалиев «Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны» деген мақаласында Абайға дейінгі адам психологиясында болатын өзгерістерді суреттеудің екі түрлі әдісін, бірінші, психологиялық параллелизмді, екінші, ерекше құрылатын әр түрлі монологтарды атап кетеді [8, 61].

Абайдың сезім құбылысын тікелей суреттеу арқылы адам психологиясын көрсете алатын шеберлігін таныған үлкен зерттеушінің айтуынша ақынның терең психологиялық сыры мынада жатса керек: Бірінші, суреттеген болмысының өмір шындығына дәл келуі. Екінші, басқаның сезімін, күйініш-сүйінішін өз сезімінен өткізе білетіндігі, сол арқылы оқушыларының сезімін тербете алуы. Ұлы ақын поэзиясының тереңіне үңілген академик З.Ахметов Абайдың көңіл-күйін, сезімін жеткізу үшін қолданған жүрек сөзіне берілген жиырма үш, көңіл сөзіне берілген он бір анықтаманы келтіреді. Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көңілінің көзі ашық, көңілдің жайлауы, ой өлкесі деген секілді метафораларды қолданғанын атап кетеді [4]. Ақынның сөз қолданысындағы бұл соны көркемдеу құралдарын негізінен Абайдың өзі шығарған.

Сезімдердің мейлінше объективтеніп берілген махаббат лирикасының озық үлгілеріне «Татьянаның хаттары», «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» сияқты өлеңдерін де жатқызуға болады. «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Жүрегім, нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрегім, соқпа, кел, тоқта» сияқты өз жан дүниесін лирикалық тәсілмен бейнелеген өлеңдерінен ақынның өзімен өзі сырласқан қалпын танимыз.

«Қайғы шығар ілімнен» - түңілу сарыны басым жалғыздық тақырыбында толғанған лирикасы.

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен... [3, 182].

Білімі асқан, сезімге бай, ақыл толы жүрегімен шерленген ақын өзін жалғыз сезінеді.

Өз халқының жай-күйін баяндайтын тағы бір туындысы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым». Мұнда жалпы жұртқа, қалың елі – қазағына арнап айтқан жолдармен қатар адамдарды іс, мінез-құлқына орай сынап отырып, саралап та айтады:

...Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың...

...Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?.. [3, 57].

Ұлы ақынның философиялық, психологиялық көзқарастарын зерттеген Т.Тәжібаев ақын дүниетанымын жалпы сөз еткенімен кей тұстарына арнайы тоқталады. Абайдың психологиялық көзқарасының қырларын ашып, үштік мүше (ақыл, сезім, ерік) жайлы ұғымдарды талдайды. Орыстың озық ойлы психологтарымен үндес болған Абай психологиялық көзқарасы жағынан сенсуалистік бағытты ұстанған тұңғыш психолог ақын деген қорытындыға келеді. Бұл зерттеуде [9] Абайдың психологиялық көзқарасы алғаш рет психология тұрғысынан қаралды.

Қазақтың жазба әдебиетінің, соның ішінде қазақ лирикасының реалистік арнада дамуында, заман талабына сай өрбуінде Абай эстетикасы, философиясы, психологиялық көзқарасы... – заңғарлығы ерекше роль атқарады.

Абай адам жанының ең асыл да құпия сырларын сол күйінде көркем де бейнелі жеткізе білді. Терең сырға құрылған, адам жанына терең бойлай білген өлеңдері ұлы ақын шығармашылығының мән-маңызы жоғары бөлігін құрайды. Осылайша терең психологизмге бастауды біз Абай өлеңдерінен таптық. Ақын өлеңдері өміршендігімен, терең сыршылдығымен құндылығын жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысмағұлов Ж. Абай: Ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. Алматы: Жазушы, 1995. – 336б.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
5. Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті. // Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986.
6. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. // Кітапта: Абайды оқы, таңырқа... Алматы: Ана тілі, 1993.
7. Кенжебаев Б. Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы. Алматы, 1954.
8. Жұмалиев Қ. Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны. // Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-т. Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
9. Тажибаев Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Құнанбаева. Алма Ата: Каз.Гос.Издат, 1957.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІНІҢ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТЫЛУ ДЕҢГЕЙІ (СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ)

¹Аитова Н.Н., ²Сарқұлова А.

¹Әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті, филол.ғ.к.

²Әл-Фараби ат. ҚазҰУ 3-курс студенті

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. «Абайтану» курсы жалпы білім беретін мектептерде міндетті факультатив пән ретінде біраз уақыттан бері жүргізіліп келеді. Біздің негізгі мақсатымыз – курстың өту сапасын мониторингтеп, келешекте оны тиімді жүргізудің кешенді бағдарламасын ұсыну. Мақалада социолінгвистикалық әдіске жүгінілген зерттеу нәтижесінің талдамасы ұсынылып отыр.

Түйінді сөздер: Абайтану курсы, социолінгвистика, сауалнама, респондент.


Жалпы білім беретін мектептерде білім алушыларға жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сай білім мазмұнын игерту көзделеді. Ұлттық мақтаншымыз Абай шығармашылығын жасөспірімдерге игерту және ұлттық тәрбиені бойларына дарыту үшін «Абайтану» курсын міндетті факультатив пән ретінде енгізу де – елдің болашағын қамдаудан туған оң қарекет. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім

академиясы әзірлеген «Жалпы білім беретін мектептің қолданбалы курстардың оқу бағдарламалары. – Астана, 2013. – 24 б» мазмұнында берілген «Абайтану курсының 9-11 кластарға арналған бағдарламасы бойынша мектептерде курс жүргізіліп жүр.

Қазіргі жалпы білім беру орындарының жаңартылған білім мазмұнына бағытталған бағдарламалар арқылы оқуға көшу кезеңінде «Абайтану» курсы қалай игертіліп жүр және оны болашақта толыққанды жаңа сапада ұсыну үшін, оқуды тиімді ету үшін ескерілуі тиіс нәрселер қандай дегенді саралап алуды жөн көрдік. Осы мақсатта арнайы әлеуметтік сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға университеттің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының әр аймақтан келген 70 студенті қатысты. Сауалнамаға респонденттердің берген жауаптарына назар аударсақ:

1- сұрақ: Мектепте Абайтану курсы оқыдыңыз ба?

Қатысушылардың 62,8%-ы курсы оқығанын айтады (төмендегі диаграмма)



Бұл жердегі назар аударатын мәселе біз тек «Абайтану» курсы мектепте оқығандардың ғана сауалнамаға қатысуын өтінген едік, респонденттерден алынған сауалнаманың алғашқы сұрағы бойынша алынған нәтижеде «Абайтану» жоспарланып, сабақ кестесінде болғанмен мүлдем өтілмеген жағдайлар да болғаны анықталды (37,2%).

2-сұрақ: Егер жүргізілсе, қаншалықты деңгейде өтті?

Жоғары деп жауап берушілер - 14 студент, яғни 23%, орташа – 32%, төмен деушілер – 45% пайызды құрайды.



3-сұрақ. Жүргізілген курста Абай шығармашылығымен қаншалықты таныса алдыңыз?

Толық таныс болдым деушілер – 14 адам ; ішнара білдім деп жауап бергендер – 30 адам, есімде жоқ – 0, жауап бермегендер -26

курста Абай шығармашылығымен қаншалықты таныса алдыңыз?



4-сұрақ. «Абайтану» курстарының жүргізілгенін қалайсыз ба?

"Абайтану" курсының жүргізілуін қалайсыз ба?




5-сұрақ. «Сіздің ойыңызша курсқа не жетіспейді?» сұрағына жауаптар төмендегідей: Оқытуда әдістемелік шеберлік жетіспейді деген – 20 адам; оқу материалының жетіспеуі туралы айтатындар – 10 адам; бәрі жетіседі дегендер – 14 қатысушы. Қалғандары жауап бермеген.

Сіздің ойыңызша курсты игертуде не жетіспейді?»



6) Жүргізілген курстағы қандай нәрсеге нақты көңіліңіз толмады? (бірнеше жауап таңдауға болады). Респонденттер оқыту материалдарының түсініксіз, оқыту әдістерінің қарабайыр екенін айтты.

Жүргізілген курстағы қандай нәрсеге нақты көңіліңіз толмады?



7) Абайтану курсының болашағы туралы пікіріңіз

«Алдағы уақытта «Абайтану» курсының мазмұны мен әдісі жетілдірілгенін қалайсыз ба?» деген сауалға басым көпшілігі, 70 студенттің 55-і «иә» деп жауап берген.

Алдағы уақытта «Абайтану» курсының мазмұны мен әдістері...



Студент жастардың сауалнама нәтижесін талдай келіп, курсты ұйымдастыруда әдістемелік шеберліктің жетіспейтіндігін, оқыту әдістері тым қарабайыр, технологияларға негізделмегеніне, кейбір жағдайда немқұрайдылықпен тіпті сабақтың өтпеу жағдайлары болатынана көз жеткіземіз. Оқу материалдарының сапасына да көңіл толмаушылық көрініс беріп қалды. Сонымен қатар, пән мұғалімдерінің курсты өздері жетік игермеу салдары да тілге тиек болған. Алайда қатысушылардың басым көшілігі Абайтану пәнінің жүргізілуін қалайтындықтарын, мазмұндық, әдістемелік сапада жетілдірілуі тиістігін баса айтады. Осыларды қорыта келе, болашақта «Абайтану» ғылыми курсын жаңартылған білім мазмұнында игертуді көздейтін кешенді оқу-әдістемелік материал жасаудың жоспарлы іске асуы күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе деп білеміз.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ТУУ» ЕТІСТІГІНІҢ ВАЛЕНТТІЛІГІ: ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ, КОГНИТИВТІК СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

Аитова Нұрлыхан Нуруллақызы

филол.ғ.к., доцент, Абай ғылыми-зерттеу институты, әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Абай шығармалары материалдары негізінде «туу» етістігінің валенттілігін зерттеуге арналған. Қазақ тіліндегі туу етістігімен мәндес жұмсалатын етістіктерге грамматикалық, когнитивтік семантикалық тұрғыдан талдау жасалады.

Түйінді сөздер: грамматика, валенттілік, етістік, когнитивтік семантика.

А.В.Джонсон өзінің «Тіл туралы трактатында» «Адамзатты жаңылыстыратын толып жатқан қателіктер мен жалған елестерге қарағанда, тіл табиғатын дұрыс түсінбегеніміздің себебінен көп уақытымыз, күш-қуатымыз бен ақыл-ойымыз бостан босқа рәсуа болды, бұл біздің жаратылыстану ғылымының кез келген саласындағы біліміміздің дамуын өлшеусіз деңгейде бәсеңдетті және бәсеңдетуге шамасы келмейтіндерін бұзып бітті», - дейді [1]. Демек, басқа салалардағы күллі қателерімізге қарағанда, тілдің табиғатын қате түсінудің қасіреті зор болады. Тілдің қоғамдық мәніне ден қою адамдардың кейінірек тілдің табиғи мәнін түсінуін әлсіреткенін мойындау керек. Бұған 20 ғасырдың ортасында тілтану ғылымына төңкерістік жаңалық әкелген туындатушы грамматиканың негізін қалаушы Н.Чомски (Н.Хомский) зерттеулерін оқығанда мейілінше көз жеткізе түсеміз.

Ғалым ғылым тарихындағы жүздеген жылдар бойы адамның физикалық дамуы мен ақыл-есінің дамуын зерттеуге әртүрлі тәсілдің қолданылып келгенін айта келіп, кейбір өлшем, даму деңгейі т.б. параметрлердің сыртқы факторларға тәуелді дамитынына қарамастан организмнің физикалық құрылысының өз-өзінен генетикалық деп есептелетінін, ал жоғары организмнің дамуының, мінез-құлық моделдерінің, когнитивтік құрылымдарының зерттеудің басқа тәсілдері барлығын айтады. Уақыт өте келе бірте-бірте дамитын ми құрылысы әу баста туғанда салынған (туғаннан берілген – Н.А.) нәрсе ретінде емес, қосымша қатысатын нәрсе секілді қаралады; бұдан басқа, «адам табиғатынан тыс» тарихтың ерекше бір өнімі түрінде қалыптасады. Яғни бұл салада анықтаушы фактор әлеуметтік орта боп саналады. Бірақ зерделеп қарасақ, когнитивтік жүйенің ұйымдасу кереметтігі мен нәзіктігі организм тіршілігі процесінде болатын физикалық дамудан кем түспейді. Онда неге біз тіл секілді ақыл-ес қызметінің көрінісін организмнің күрделі ұйымдасқан физикалық құрамдастарын қарағандай зерттемейміз? Алғашында бұл сандырақ секілді көрінуі мүмкін. Шынында тілдік әмбебаптар туралы білетініміз аз бола тұра, мүмкін болатын лингвистикалық құбылыстардың шектеулі екеніне толық сенімді бола аламыз деген пікір айтады.

Біздің әрқасысымыз игеріп отырған тілдің бір-бірінен байлығы мен ұйымдасу күрделілігі бойынша айырмасы барын, ал күрделілік балалардың тілінде көрініс табатын үзіктермен шектелмейтінін айтады. Оның үстіне тілдесімдік қауымдастықтың жекелеген өкілдері мәні бойынша бір ғана тілді дамытатынын, мұның өзі тілдің жекелеген йелмендері грамматикалық құрылыс айқындайтын қатаң шектеулерді сақтайтындығымен оңай түсіндіретінін көрсетеді[2].

Қарапайым адамдар туған тілінің бөлшегі ретінде қабылдайтын сөйлемдерді формалды белгілері бойынша мұқият талдай келе Н.Чомский және басқа да лингвистер адамның нақты тілдік білімі негізінде жатқан «менталды грамматика» теориясын жасады. Бұл теориялар әзір қазақ тіл білімі үшін анық болған, зерттелген, жаппай таралып отырған зерттеулер қатарында жоқ.

Расында тілдің даму туралы идеяларды, оның түпкі мәні мен маңызын тілдің өз мәнін түсінбей саралау мүмкін емес. Тілдің өз мәні біздің ережелерге сүйеніп ұғындыратынымыздан әлдеқайда терең, сакральды да тұнық. Қазіргі тіл және оның грамматикалық құрылысы туралы ілімдер жаппай қайта қарауға жатады. Оның бәрі бірден және бірдей жасалуы мүмкін емес. Сондықтан біз осының алғы қадамдары жекелеген сөздердің мәнін құрылымдық және лингвотанымдық семантика тұрғысынан қарауды ұсынамыз. Оның ішінде оны Абай тұнығынан тартуды жөн көрдік.

Тақырып «туу» етістігіне қатысты және оның семантикалық өрісі болғандықтан алдымен туу сөзінің өзге мағыналастарымен байланыста қарастырсақ:

Туу – жаралу, біту; Осы 3 процесс атауының қайсысы бірінші орындалатын қарекетті атайды және оның тілдегі, Абай шығармалары тіліндегі көрінісі қандай дегенге жауап ізделік.

Абай шығармашылығының негізгі өзегі – «Кемел адам» ілімі, дәлірек айтсақ, адамның/пенденің адам боп даму процесінің рухани шарттары. Адам баласы жарық дүниеге келіп, жан-жақты дамуы аралығындағы биологиялық, физиологиялық, физикалық, психологиялық, тілдік, әлеуметтік шарттастықтардағы күрделі кезеңнің барлық межесі табиғи тіл мазмұнында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықта жалғасуы ләзім. Тілдің онтологиялық табиғатының қалпы, оның өмір сүруі мен әлеуметтік факторларды есепке ала ұрпақаралық жалғасуында трансформацияланатындықтан бастапқы мәні ұмытылуы мүмкін. Ананың бойына бала біткеннен бастап оның туу мен жаралуы арасында қандай жол, қандай мән барын ұлы ақын шығармалары тілінің ішкі мазмұнына терең үңілгенде дұрысырақ пайымдап, байқай аламыз. Ең қызығы физикалық даму мен рухани даму арасында адам басынан кешетін үш әлем, ондағы алмасым қазақ Сөзтанымның кілтін білгенге, оның ішінде Абай секілді хакім адамға шынайы болмысымен ұстартқан болса, тамырынан адасқан жаңарған қазақ үшін таңсық та мансұқ та болуы ғажап емес. Алдымен адамзат танымындағы әлемдерді және ондағы үштік моделді түсінсек:

1. Астрономия-гео әлем: ғарыш ~~жәр~~ жер асты әлемі;
2. Мифологиялық әлем: Үш әлем (төмен, ортаңғы, жоғары әлем) туралы ілім – көптеген халықтардың мифологиясында көрініс табатын ғаламдық ағаш, бәйтерек түсініктерінің негізінде интерпретацияланатын ерекше ілім. Жоғары әлем – әулие-әнбие, құдайлар мекені ортаңғы әлем – адамдар мекені төменгі әлем (жын-шайтандар, перілер мекені);
3. Антропо-физиологиялық: бас (мүше) ~~→~~ кеуде қуысы ~~→~~ ас қорыту (кеудеден төменгі) бөлігі.

Мұнда назар аударатынымыз – үштік ұғымы (А.Машанида Абай үштігі мен Фараби үштігі салыстырылады (Машани А. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 1994)).

Ал адамның пайда болу-даму әлемі үш дүниенің алмасымында жүзеге асып, бұл кимыл-әрекеттер тілде үш түрлі аталады. 1-суретте:



1-сурет. Үш дүниеге сәйкес туу етістігінің баламалы аталымы

Адамның үш дүниенің алмасымындағы дамуына қатысты 3 түрлі етістіктің әуелі қазақтың төл тілінің бойында және сол тілге жетік болған шығармашыл тұлғалардың, оның ішінде Ұлы Абай шығармалары тілінде үйлесімді тіркесімділікте жұмсалғанын байқаймыз.

1-дүние – туғанға дейінгі ана құрсағындағы өмір (мөлдір/нұр дүние); 2-дүние – осы ~ жарық (пендеуи) дүние (3-дүниенің есігі, жарық болуы да содан); 3-дүние – ол дүние ~ рух дүниесі (бұл екі нәрсеге нұсқайды: егер пендеуи мән рухани түлемесе, өлілер дүниесіне өту, тән өлімімен шектелу; егер рухани дамуға, кемелденуге бағытталса, жаралуға (қайта туу), мәңгі өлмеуге қайту (әдетте ақ түспен ассаоацияланады) («Өлді деуге бола ма, айтындаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» кемел)).

Енді бұл дүниелерге тән туу етістігінің баламалы аталымына рет-ретімен талдау жасап көрейік:

Біт – біт(у) – екі мағынада жұмсалады: 1) ананың бойына, нақтырақ айтсақ, құрсағында баланың пайда болу процесінің атауы. 2) бір нәрсенің таусылу, аяқталу процесін атау. Бұл екі мағынадағы етістік сөз әу баста гомогенді десек, қателеспейміз. Қазақ тілінде басталу мен аяқталу процесінің бір ғана омоним сөзбен берілуі жағдайлары жиі ұшырасады (мысалы, көктеу – 1) даму; 2) шіру мағынасында немесе жар сөзінен – жару (баю), жарлы (кедейлену), т.с.с.). Біздің мысалымызда бірінші мағынадағы ана бойына бала біту валенттілігі Абай қолданысында абстрактылы сөзбен, алайда тура мағынасында валенттілік қатысынаста жұмсалған. Мәселен, дәулет*, иман* бойыңа біту (Оныменен бойыңа, Иман, дәулет бітер ме? (Құнанбаев А. Толық шығармаларының жинағы. 1-том, Алматы, 1957). Бұл жерде ауыспалы мағынада тұр, валенттілік емес, тіркесімділік деушілер де табылар. Алайда тереңдеп, ұлттық таным тұрғысынан қарасақ, дәулет (материалдық дүние), иман (рухани дүние) туралы идея ең алдамен бойға, яки еске/жадыға – «ой құрсағына» тура мағынасында бітуі тиіс. Содан кейін оның материалдануы басталмақ. Абайдың даналығы да осы ұлттық түсінікті еш боямасыз, дәл қолданып, тура атауында деп ойлаймыз. Сонымен қатар ол 1-дүние және оның тілдік бейнесін танытушы тілдің танымдық құрылымы ретінде көрініс береді. Сонда тіпті материалдық дүние, мал-мүлік те әуелі есте/жадта (1-дүниеде) орнығып, екінші ретте қолға (2-дүниеде) қолға түседі. Бірақ мұнда 3-дүниелік өмір жоқ. Осы 2-дүниені тұрақтап, бар/жоқ боп қалып қояды. Адамның мәні рухымен байланысты болғандықтан онда жаралу 3-дүниесі бар.

Ту (туу) – тура мағынасында белгілі материал (ұрық) қатысымымен пайда болған жандының мерзімді уақыт шегінде жетіліп, осы дүниеге физиологиялық бітімде келу/пайда болу процесінің атауы. Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады (Абай, 19-қарасөз 247-б// (Құнанбаев А. Толық шығармаларының жинағы. 2-том, Алматы, 1957).). Валенттілікке тән негізгі қасиет – тура мағыналыққа сай 1) ата-анадан туу; 2) квантативті белгісіне сай 4 валентті (ата-анадан туғанда, адам туғанда, есті болмай туу); 3) селекциялық белгісіне сай тұлғалық қана емес, мағыналық қатынасқа түсіп тұр: адам ата-анадан туады (басқадан емес); 4) туу етістігінің айналасында бұл мысалда тек факультативті актанттар басқарылып тұр (ата-анадан, адам, есті болмау)

Жарату (жаратылу) – негізінде бізден тыс құдіретті күш көмегімен дүниеде пайда болу процесінің атауы. Бірақ оны тілімізде туу етістігінің синонимі ретінде пайдаланылып жүрміз. Осы мағына орнығып қалғандықтан «адамның жаралуы» деген тіркес болғанмен, оны бәйге атын/ тұлпарды жарату дегендегі түсінікке сай қолдана бермейді. Бірақ біздіңше, бұл адамның рухани жаратылуына, бапталуына қатысты өзінің шынайы мәнін табады. Қарап отырсақ, тұлпар боп туған атты жаратпаса, бабы келмесе, бәйге алмайды. Яғни арнайы амал-тәсілдерді қолдану арқылы нәтиже алу үшін жетілдіру процесінің атауы – жарату/баптау. Мұндағы баптау құс, құмай/тазыға қатысты қолданылып, ал жарату атқа қатысты валенттілікте (ат жарату) жұмсалуды да қазақтың жылқыға ерекше қатынасын білдіретіні анық. Адам мен жылқының жақындығын жылқы мінезді адам деген фраза арқылы келтіру де кездейсоқ құрылым емес, лингвокогнитивтік құрылым.

Туу мен жаратудың әрі синоним әрі екі басқа мәнді қатар меңзеу үшін қызмет етуі төмендегі мысалда көрініс береді: Пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. (Абай, 20-қарасөз 248-б.) Жалығу ісі жаратылған валенттілігінің осы сөйлемдегі актанттық құрамы мынадай: адам, адаммен бірге, жалығу деген іс, тағдырда.

Бұл жердегі «жалығудың адаммен бірге жаратылуы» бірден туғанда пайда болған деген мәнде түсініледі. Көптеген оқырман оны осы күйінде қабылдаумен шектелетіні жоғарыда келтірілгендей тілде орныққан стандарт, тіпті стереотиптік рең алған дайын

құрылымдардың болуымен қатысты. Ал екінші жағынан қарасақ, «оны адам өзі тапқан емес» деген ой жалғасы адамның ой кеселді нәрсені іздеп таппайтұғынының бір мысалы ретінде келтіріп отырғанын байқаймыз. Адам кемелденуі процесінде оған мүмкіндік беретін рухани тіндер болмақ. Оны «құмарланып, шаттанбай» баппен, пайдаға ие отырып игеру, біліп, түсініп, қолдану мен талғамды талдау ақыл, жүрек, қайрат жұмысының нәтижесінде іске асырылмақ деп білетін Абай үшін ол пенденің адамдыққа аяқ басуындағы туа бітіп, бірге туып, даму жолында көңіл-күйіңнің бағымдылығына қарай кезігіп отыратын жаратылу жолындағы нәрсе де.

Сонда осы үш дүниедегі кезегімен алмасатын біту, туу, жаралу түсініктері қазіргі түсіндірмесіндей жай ғана синонимдер емес, тілдің Н.Чомски айтқандай «тіл секілді ақыл-ес қызметінің көрінісін организмнің күрделі ұйымдасқан физикалық құрамдастарын қарағандай зерттеуді» қажет ететін біртұтастықтағы ірі құрылымдық жүйесі.

Жоғарыдағыларды түйіндесек, «ең ілкі дүние жаратылысына ұқсас қозғалыс туудан кейін өтеді. Бұл жерде материалистердің материя бірінші деген идеясына келіспеске болмайды. Ал рухани түзіліс туғаннан кейін жүзеге асады. Бірақ тіл өзінің бірегейлігі арқасында өз бойында бұл қасиеттерді сақтап тұр» [3, 18].

Сондай-ақ, тілдің табиғатын түсіну сайып келгенде бір ғана адам, ғалам, ғаламның тілдік бейнесінің тұтас фоны барлық түрлі қырында пайымдалмайынша мүмкін еместігіне көз жеткізе түсеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джонсон А.В. Тіл туралы трактат. Нью-Йорк, 1940. 232 б.
2. Хомский Н. Язык и мышление. Перевод с английского Б.Ю. Городецкого. М.: Изд. МГУ, 1972.- 123 с.
3. Аитова Н.Н. Ана тілден ата тілге дейін: «туған» мен «жаралғанның» арақатысы туралы//«Сөз және шеберлік» ф.ғ.д., профессор Х.М.Нұрмұқановтың 90 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 19-20 сәуір, Қарағанды, 2019.

АБАЙДЫҢ ӘН ӘЛЕМІ

Каримсақова Б.А.

ф.ғ.к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада Абайдың әнге деген құштарлығы сипатталады. Абайдың кез келген әнінде халқымыздың әншілік өнерінің, ән дәстүрінің асыл қасиеттері көрініп тұрады.

Түйінді сөздер: Абай, ән, әнші, поэзия, орындаушы.

Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді...

Г. Потанин.

Қазақтың ұлттық музыка қорының ішінде ән жанры ерекше орын алады. «Ән - өмір шежіресі, өмірдің сәулесі, музыка біткеннің негізі, керегетасы, халықтың игілігі мен ақыл-парасаты» [3] деп Л. Толстой орынды айтқан.

Халықтың дәстүрлі әндерінің таралып, біздің дәуірімізге жетуінің өзі халық әншілерінің өнерімен тығыз байланысты. Өйткені сол әнші арқылы әнді естіп, ұғынамыз, сырына қанамыз. Әншілердің шығармашылық жолы ұлттық дәстүрді сақтаушы ғана емес, бұрынғы мен бүгінгінің арасын жалғастырушы ретінде көрінеді.

Халқымыздың тарихында небір бұлбұл әншілер өмір сүріп, белгілі бір музыка аспаптарының сүйемелімен туған елінің өткендегісі мен бүгінгі тұрмысын жырлайтын, оның арман-қиялын көрсететін тамаша эпопеялар, көрнекті туындылар жасады.

Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, дамып келе жатқан халық әні – адам баласының айрылмайтын жан серігі. Басқа халықтар тәрізді, қазақ халқының да әнсіз, өлеңсіз өмір сүрмейтінін, ән, өлеңнің адам баласының дүниеге келгеннен бастап өлгенге дейін ажырамас досы екенін:

Туғанда дүние есігін ашада өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,- [2]

деп, данышпан Абай айтып кетті. Абай әннің ерекше күшін, маңызын өз поэзиясында шеберлікпен суреттеді. Адамның нәзік қиял шегіне тиіп, қозғау, түрткі салатын құралдың ән екенін:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар,- [2]
деген жолдар арқылы айтады.

Абайдың ән болмысына енгізген жаңалығының өзінде үлкен эстетикалық талғам бар. Құнарлы топырақтан өнген терең тамырлы ұлттық өнер бітімінен алшақтамайды.

Абай «Сөздің ұлылығына» өз халқының бойындағы рухани даналық қасиеттері: ақындық, шешендік таным үлгілерін сіңіру арқылы жетсе, «ән көгіне де», сол халықтың әншілік, күйшілік, жыршылдық қасиеттерінен сусындау, «ыстық жүрекпен» сүю арқылы көтеріледі.

Абайдың халық өнерін бала жастан сүйіп одан мол мағлұмат алуы, оның өмірдегі, өнердегі эстетикалық талғамын ерте оятады. Өз заманындағы атакты әнші-күйшілер, ақын-жыршылармен етене араласады. Жасынан Біржанды, Естайды, Әсетті, өзінің сүйікті әншісі Әлмағамбет, Уәйісті тыңдаған Абай әнші – орындаушының ақылды болғанын қалайды.

Абай әннің адам өміріндегі алар орнын былай сипаттайды.

«Жаксы әнді тыңдасаң ой көзіңмен

Өмір сәуле көрінер судай тұнық» [2], - деп, адам жанының рухани күшінің бәрі әнде екенін айтады. Ақынның өмір танымы ұлғайған сайын, өнерге деген талап тілегі де басқаша. Адам жүрегінен шыққан көркем өнердің бәрі сол адамның рухани игілігіне қызмет етуге тұраралық, өлмес өнер болуын қалайды. Өзі тыңдаған әндердің шама-шарқын ажыратады.

«Жаманға жар» деген-ақ, ән көрінер.

Жаксы ән білсе айтуға кім ерінер»-

десе:

«Әннің де естісі бар, есері бар» - [2] деп тыңдаушыға қатаң ой салады.

Желікпе айғай, жетесіз, мағынасыз соқпа дыбыстың әнге тұсау болатынын мегзейді.

«Құр айғай бақырған,

Құлаққа ән бе екен»-

десе, енді бірде:

«Керім толған тауысар қаңғыр-күңгір,

Сол жеріне ойыңмен араласшы» [2], -

деп әнші-орындаушыға сабыр тастайды.

«Абайдың композиторлық еңбектерінде де ақындық еңбегі сияқты өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауыз әдебиетіне Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын

пайдалана отырып: «Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел» деп, өзінше жаңа түрлі өлеңдер шығарады... Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне ұқсаған қоңыр, баяу әндер туғызады... Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады», - деп жазды М. Әуезов. [3]

Абай қаламынан туындаған «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қақтаған ақ күмістей», «Сүйсіне алмадым, сүйіндім», «Сен мені нетесің», «Желсіз түнде жарық ай» секілді әндері жастық сезімді махаббат күйін жыр етеді. Бұл әндердің бәрінен бозбала Абайдың Тоғжанға деген ыстық сағынышы, арман-тілегі сезіледі. Тоғжан арқылы кер заманның билігінде, қанжығасында кеткен жастықтың мұң-наласы мен сол кездегі, даланың қатал мінезі қалыптастырған жастардың бойындағы бір-біріне деген сағыныш сезімді танытады.

Ал Абайдың өмірінде үлкен сезімнің бақытын танытқан әні - «Көзімнің қарасы» болды. Тоғжанға тағдыр қоспағанымен, аяулы сезімнің арашасындай болып, Әйгеріммен бас қосқанын оқырман қауым біледі. Тіпті «Абай жолы» романында Абайдың сезімге бөленіп қайтатыны былай суреттелген:

«Көңіл толы нұр сәуле тұр, кернеп толқытқандай... Тіл қатып, сөйлеп көрсе, сол шексіз рақатын өзі бұзып қуғандай болар еді. Жалғыз ұғып-білгені, ішінде күн туғандай. Анық бақыт сезеді. Күдер үздірген, жоғалтқан бақыт; қайта оралып өзі келіп, еркелеп аяп, қайта тапқандай.

Осы сәтте, Абай ойында қайтпас берік байлау тұрды. Бір кезде жастық, амалсыздық, әлсіздікпен айрылып еді. Кешірместей кінәлы еді өзі сол үшін. Енді мынау жұлдызынан көз жазбақ емес; айрылмақ емес... Дүние ойран болсын. Ата-ана, ағайын-туған жат көрсін. Барлық әлем оғат десін, безсін бұнан... Сонда да мынау көріктен Абай безбек емес, айрылмақ емес. Айтылар болса, тірлік те керек емес. Бар мұрат-арманы енді бұрылмастай боп, осы қиял, осы байлауға бекіп отыр» [1]. Романда ертеңіне Абай мен Ербол елдеріне үлкен тебіреніс үстінде кетіп бара жатқанда: «Әй, керім!» дедің-ау Ербол, бұдан былай Шүкіман аты қалсын, шын аты - Әйгерім болсын!» [1] дейтіні, сонан соң жаңа өлең, тың ән толқыны жүректен шалқи шығатыны суреттеледі. Бұл ән - күні бүгінге дейін әншілердің орындауында айтылып жүрген «Көзімнің қарасы» әні. «Әннің қызметі тек көңіл көтерумен шектелмейді, ол - әлеуметтік жүк көтеретін шығарма»[3] деп, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов айтқандай, ән қайсы уақытта да шындық болмысты бейнелеп келген. Абайдың кез келген әнінде халқымыздың әншілік өнерінің, ән дәстүрінің асыл қасиеттері көрініп тұрады. Халық әнін сүйсіне құмартқан Абай әншілік өнерімізден нәр ала отырып, жаңа соны әуен табады.

Бүгінгі ән өнерімізге Абай салған дәстүрдің әрі мен нәрі жоғалмай, болашақ ұрпақпен жалғасын табауда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Әуезов «Абай жолы» Алматы «Жалын» 1990 ж.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. — А., 1986.
3. Абай тағлымы: Мақалалар, зерттеулер. — А., 1986.

АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Каримсакова Б.А.

ф. ғ. к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан
baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Андатпа. Абай туған елінің тығырықтан шығар жолына нақты бағыт-бағдар берді. Соның ішінде халқын әлеуметтік бірлікке, адал еңбекке, ел игілігі үшін атқарылатын өнер-білімге үндеді.

Түйінді сөздер: Абай, білім, ғылым, әдебиет, ұлт, қазақ елі.

Абай – қазақ халқының мақтанышы. Қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі деп те танымыз. Ал, классикалық мұра құндылығы тек көркемдік сипатында ғана емес, оның елдігін басты орынға қойған ұлт тағдырымен біте қайнасқан биік отаншылдық мұратының шынайы айнасы болуында жатыр деп бағалаймыз. Қазақ елінің зиялы азаматтары өз зерттеулерінде атап айтсақ, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезұлы отаршылдық қысымдағы қазақ халқын «айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды» деп тегін айтпаса керек. Халқымыздың рух айбыны мен айбарының берік қорғаны болған әдебиетінде ұлт тағдырының мәңгілік тақырып болып өрілуінің өзіндік заңдылықтары да бар екені баршамызға аян.

Т. Жұртбай өз зерттеуінде: «Ресейдің қайыс ноктасы қазаққа киілгенін және енді ол «ноқтаның» орыс халқының өзін-өзі билеп, рухани тәуелсіздікке жеткенде ғана алынатынын не шіріп түсетінін Абай толық сезінді. Заманның ашкөз пиғылын байқаған Абай сондықтан «ызалы күлкімен» ашы зарын төгіп, сол басыбайлыққа қарсы шықты. Сол кездегі билікке, салтқа, заңға қарсы шығуының өзі Абайдың рухани тәуелсіздікке ұмтылғанын байқатады. Мына өлең жолдарынан байқауымызға болады.

Бас-басыңа би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын.
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың», - демес еді ғой.

Бұл арадағы Абайдың «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» - деп отырғаны - рухани тәуелділік. Яғни, басыбайлы бодандық. Ырық жігер, қайрат, билік, заң, мұқым ел тәуелді. Өйткені қанша ұмтылсаң да сенің еңбегің еш болмақ. Яғни: «Басың дауға, Малың жауға» - кетеді. Сондықтан: «Қор қылма, қорға, татулас», - дейді Абай. Неге басың дауға түседі? Малың неге жауға кетеді? Кім осының бәрін арандатып отырған? Неге ұлттық татулыққа шақырады. Астарына үңілсеңіз Абай өзінің елін Азаматтық Мойынсынбауға үндеп отыр»[1, 25б.]. Сондықтан да Абай және ұлт тағдыры деген күрделі мәселенің бүгінгі кезеңдегі өзектілігі айқын. Абай поэзиясының халықтық қуаты - оның ұлт тағдырын басты орынға шығаруымен, елдікті ажырамас арқау етуімен маңызды. Ал, Абайдың елдікті арқау еткен поэзиясындағы ұлттық сарын кейінгі әдеби үрдісте дәстүр мен жалғастық заңдылықтарына сай дамытылғаны мәлім.

XIX ғасырдағы әдебиетіміздегі «зар заман» ағымының айтулы өкілі Дулат Бабатайұлының:

«..Қалды кеме қайраңдап,
Абылай туы жығылды,
Қабырған, қазақ, сығылды.

Үріккен қойдай біріңе

Бірің келіп тығылдың»[2,136.], - дей отырып, «ұйқы басып сезбедің, шырмағанын жаудың сырт» деп ояну ұранын ту етіп көтерді.

Өз кезегінде «Ұятың, арың оянсын, Бұл сөзімді ойлансын» - деген Абай мұраты ұлтты ояту десек, XX ғасыр басындағы Алашшыл әдебиет өкілдері «Оян, қазақ!» деп сол үрдісті дамыта түсті. «Дәл осы қолданымдағы «ұятың, арың» деген сөздің мағынасы - намыс деп түсіну керек. Ел намысы, жер намысы, ар намысы, азаматтық намыс. Намыстың мақсаты - Тәуелсіздік. «Басынды дауға, малынды жауға қор қылмау». «Бұл сөзімді ойлансын» дегендегі астарлы меңзеу соған жетелейді. Ал Абайдың «үміт еткен жас өспірім достары» ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де «Алаш!» деген ұранға біріктірді» [1,26 б.].

Абайтану ілімінің ғылыми негізін қалаушы М.Әуезовтің ұлы ақынның қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерін терең қозғаған даналық ойының маңызын «Барынша тұтас ой ықыласымен ілгері, жарқын заманға ұмтылғандықтан Абай өз халқының ой-санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды» [3,456.], - деп бағалауы халық тағдырымен ақындық және азаматтық тұлғасы біте қайнасқан шығармашылық даралығын танытады.

Абайды тану - қазақ халқының рухани әлемін, оның азаматтық тарихындағы күрделі де ауыр кезеңі болып табылатын отаршылдық дәуірдегі ұлттың азаттыққа деген бұла күш асқақтығын да тану деуге болады. Оның поэзиясының халықтық сипатының мәңгілік арнасы М.Әуезов атап көрсеткендей: «Ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді» [3,456.].

«...Шын хакім, сөзің асыл-баға жетпес Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес Қарадан хакім болған сендей жанның Әлемнің құлағынан әні кетпес!...» [4,126.], - деп ақиық ақын Мағжанның үлкен тебіреніспен жырлауында терең мағына бар. Өйткені «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп жырлаған Абайдың жүрегі туған халқымен бірге соқты. Халқының қайғы-қасіретіне күйініп, оның келешегінің бақытты болуын армандады. Сол себептен де:

«Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын?

Халқым надан болған соң,

Қайда барып оңайын?!», - деп кемел ақын балағат заманда ғаламат ой пікірін білдірді. Заман өзгеу үшін өзің өзгер деген кемел ойларын ұлт санасына құйды. Өйткені сөз зергері оатаршылдық қысымнан елдігінен айрылу қаупі туған кезеңде оның түпкі себептеріне терең бойлай отырып «Өкінді, өксіді, жиренді»[5,346.].

Абай шығармашылығы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласының қоғамдық өмірінде болған үлкен әлеуметтік өзгерістерімен тығыз байланысты. «Оның шығармаларында сол кездегі қазақ өмірінің шындығы әлеуметтік - экономикалық тұрғыдан кең әрі жан-жақты суреттелгені соншалықты, онда тұтас бір дәуірдің көрінісі айқын берілген» [3,486.].

Абай - өлеңдері, поэмалары, қарасөздері өз қоғамының энциклопедиясы. Ақын өлеңдері мен ғақлияларында сол кездегі отаршылдық қысымдағы қазақ қоғамында орын алған келеңсіздіктер мен қиястықтар реалистік сипатта суреттелді. Отаршылдық қысымдағы әлеуметтің мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүруін елін сатқан шенқұмар кейбір озбыр әкім, әділсіз би, байлығына масаттанған таяз ойлы бай, қиянатшыл болыс, атқамінерлердің озбырлығы мен надандығынан деп түсініп, олардың рухани бишаралығын бірқатар өлеңдерінде өлтіре сынайды. Ел ішіндегі әділетсіз де ынсапсыз әміршілері мен отарлық қыспақтағы әлеуметтің үнемі бітімсіз, ымыраға келмейтін қарсылықта екенін анықтап

түсіндіреді. Ел береке-бірлігі кетуінің түпкі себебін отаршылдық саясаттың зардабы деп түсіндіреді.

Болды да партия,
Ел іші жарылды
Әуремін мен тия
Дауың мен шарыңды.

Патша өкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрынғы аға сұлтан, беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның өзі де өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған «Болыс болдым, мінекей», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген сияқты көптен-көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортанаң жиренішті, күнерсыз сурет, мінездерін, әдет машықтарын анық танытады. Патшалықтың парақор ұлық, жандарал, ояз начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер қоғамдық тілекті лайлаған, неше алуан мін мен дертке толы еді»[3, 49б.]. Сондықтан да қоғам мен адамды ақыл мен санаға, ар мен адалдыққа шақырған ақын отарлық саясат танған дерттен арылту үшін оның түрлі жолын іздеді.

XIX ғасырдың 60-жылдары патша үкіметінің қазақ даласына енгізген сайлау жүйесі - шен құмар жергілікті атқамінерлердің патша әкімдерінің алдында жарамсақтанып, өз қара басының пайдасын көздейтінін, екіжүзділігін көрсетті. Абай болыс болған жылдарында патша әкімшілігі отарлау саясатының мақсаты мен мәнін түсініп, бұл биліктен бас тартады. Бірқатар өлеңдерінде әкімшілік сайлауда еш әділеттің жоқтығын, бәрі халықты алдау екенін ашық айтады:

«Шашты малын,
Берді барын
Боларында жұртына ...»

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті әшкерелей отырып, Абай ағартушы-демократтық арнада халық өмірін жақсартудың жолын ар-ождан биігіндегі имани білім мен ақ адал еңбекте деп білді. Отаршыл әкімшіліктің «бөліп ал да билей бер» дейтін зымияндық саясатының салдарынан тарихи тығырыққа тірелген халқының мүшкіл халін көзбен көрген, саңылаусыз болашағын санамен ұғып, іштей қан жылаған ақын өз шығармаларында заманының қатал шындығына үңіліп, халық тағдырын ашына суреттеді. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман..», «Болыс болдым мінекей», «Байлар жүр баққан малын қорғалатып...», «Сегіз аяқ» сияқты өлеңдерінде ақын отаршылдық ойранның ел ішін аздырып, тоздырып бара жатқанын ауыр қасірет сезімімен бейнеледі. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі - халық тағдырын терең жырлаған қуатты ойға толы толғаныс. «Бұл шығармады тұтас халыққа арнап айтылған терең де күрделі ойлар шерлі жүректен шамырқанып, толқып шыққан. Үлкен адамгершілік, қайраткерлік, оқымыстылық биікке көтерілген ақын үні бірде айбарлы, бірде кекті, бірде мұлы. Қазақ халқын бөлмей-жармай, түгел қамтып, тұтас шолып, баршасына бағыштай айтылған өлеңнің әлеуметтік салмағы орасан зор» [6,5б.].

«Болыс болдым мінекей...», «Мәз болады болысың...» деп басталатын шығармаларында Абай баққұмар бақай қулықпен биліктің бір шетіне қол жеткізгеннен кейін, қарауындағы халықты әділдікпен басқарып, елді жемісті тіршілік өрісіне қарай ілгері бастаудың орнына, өзінің мансапқорлық мүддесінен аса алмай, өзінен жоғары әкімдер мен ел жуандарының алдында құрдай жорғалап, оның есесіне қарапайым халыққа тізесін батыра түскен әділетсіз болыс, билерді және атқамінерлерді ащы әжуалап шенейді. Абайды әсіресе қынжылтып, қатты алаңдатқаны әкімдердің жаңағыдай айдап салғанына егіліп, елдіктен кете бастаған, үнемі пәле қуып, жамандық іздеген, ата дәстүрінен ауытқып, адамгершілік ар-ұяттан безген ауыл адамдарының бойындағы келеңсіздік мінез-құлықтар еді.

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Адасқанның алды-жөн, арты-соқпақ...», «Сабырсыз, арсыз, еріншек...», «Бөтен елде бар болса...» атты өлеңдерінде ақын ел арасын жайлап кеткен мансапқорлық сатқындық, бас араздық, опасыздық, дүниеқоңыздық, жалқаулық, тіленшектік сияқты теріс мінездердің жеке адам басындағы дерттен қоғамдық қырсыққа айналып бара жатқанына қайғырып, ел-жұртты солардан сақтандырады. Атап айтқанда, ел ішіндегі зорлық-зомбылық, мейірімсіздік пен әділетсіздікке жаны төзбеген ақын қоғамдағы түрлі келеңсіздіктерді аяусыз әшкерлейді. «Ақын өз заманындағы ел билеген зорлықшыл жуандарға арқа сүйеп, солардың қолшоқпарына айналып, елдің тынышын алатын, бірді-бірге айдап салып, бүлік туғызып жүрген содырлы сойқандар мен қазан бұзар тасырларды шенейді» [7,376.]. Абай туған елінің тығырықтан шығар жолына нақты бағыт-бағдар берді. Соның ішінде халқын әлеуметтік бірлікке, адал еңбекке, ел игілігі үшін атқарылатын өнер-білімге үндеді. «Бірінді бірің, қазақ, дос, көрмесең істің бәрі бос» деп ұлттық береке-бірлікке, рухани кемелділікке шақырды. Ұлтты идея мен идеологияның темірқазығын айқындай түсті. «Қазақтың өміріндегі кемшіліктердің қайсынан болса да Абай өз емін айтып кеткен»[7,386.].

Бодандықтың бұғауынан арылу үшін ілгері елдердің оқуын, ғылымы мен өнерін игеру керек. Сол арқылы дүниежүзілік өркениетке иек артуға қазақ халқына да жол ашылмақ. Абай «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» дейді. Осы тұстағы «зарарынан қашық болуға» деген сөзде ерекше мән бар. Біріншіден, отаршылдық тілін біліп, ғылым-білімін меңгерген адам онымен иек теңестіретін деңгейге көтеріледі де, бұратаналық жәбір-жапаға оңайлықпен көне қоймайтын болады. Екіншіден, ішіне кіріп, еркін араласқан жағдайда, ұлттық психологиясындағы ерекшеліктерді айыра біліп, жақсысынан үйренуге, жаманынан жиренуге мүмкіндік алады.

Демек, ХХ ғасыр басындағы Алаштың рухани көсемі А.Байтұрсынұлының «Біз басқадан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болу үшін кәсіп керек. Күшті болу үшін бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген кемел ойы Абай діттеген ұлттық мүддені айқын танытады. Абай мұратының Алаш қайраткерлерінің жаңғыртуы да болып табылады. «Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай» [8,486.].

Ақынның өзі өмір сүрген дәуірлі, тағдырдың талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың, ел-жұрттың бейнесін көркемдік шеберлікпен суреттейтінін «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің көтерген жүгі де ауыр.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі май, бірі қан боп енді екі ұртың...» деген қуатты ойлар тасырды да бей-жай қалдырмайды.

«... Басында ми жоқ,

Өзінде ой жоқ

Күлкішіл кердең наданның.

Көп айтса көнді,

Жұрт айтса болды,

- Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз

Болмаған соң, айтпа сөз».

Надандық – ұлттың азып – тозуы. Ақиқат жолынан адасуы. Басқаға күлкі, дұшпанға таба болуы. Түйіндей айтқанда, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады» деп ұлтының тағдырын жырлаған алып ақын

«Бас басына би болған өңкей қиқым
Мінеки бұзылды ғой елдің сиқын
Өздеріңді түзелер дей алмаймын
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың»,

Я болмаса:

«Кетті бірлік
Сөнді ерлік
Енді кімге беттемек»,
«Таласып босқа
Жау болып досқа

Қор болып құрып барасың» деп өз дәуірінің ділгір мәселелерін ұлт тағдырымен сабақтастырды. Құлдық санадан арылу мақсатында «Ұятың, арың оянсын» деп ұран салды. Надандықтан, тобырлық санадан арылу керектігін айтып, «Көп шуылдақ не табар, Бастамаса бір кемел», «Еденица болмаса, не болады өңкей нөл» деп «толық», «кемел» адамның өз халқының тағдырын бей-жай қарай алмайтынын санаға құйды. Ұлттық ояну дәуіріндегі жаңа сипаттағы жаңа әдебиеттің бағыт-бағдарын айқындады. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, демократтық жолын ұстана отырып, оны саяси күрес идеясымен толықтырды. Отаршылдықты, ұлттық езгіні айыптады. Отаршылдыққа қарсы күрес, елдің тәуелсіз даму жолына түсуі, алдыңғы қатарлы елдерге теңелу, оқу-білім үйрену халық тұрмысының ауыртпашылықтарын сөз ету бүкіл дәуір әдебиетінің ерекшеліктеріне айналды» [9,336.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т. Жұртбай. Ғылыми еңбектері. - Алматы : Қайнар, 2008. - 318 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
3. М.Әуезов «Абайтану дәстүрінің дерек көздері», Алматы, Санат, 1997ж
4. Абай журналы, 3-саны, 1996ж.
5. М.Мырзахметов. «Абайтану тарихы», Алматы, Ана тілі, 1994ж
6. Р. Нұрғали. «Абай» энциклопедиясы - Алматы : Арда, 2009. - 680 б
7. М.Әуезов «Абайтану дәстүрі», Алматы, Рауан, 1994ж.
8. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны», Алматы, Жазушы, 1988ж.
9. С.Қирабаев Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. А., «Жазушы», 1971;

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АДАМИ БОЛМЫСТЫҢ СЫРЫ

Каримсақова Б.А.

ф. ғ. к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай шығармаларының бойынан адами келбеттің сан түрлі үлгілерін табамыз. Олай дейтініміз, ақын өз заманы, қоршаған ортасы арқылы адам болудың, адамша өмір сүрудің жолдары мен бағытын көрсетеді. Әр өлеңінде адами болмыстың сыры

әр қырынан танылады. Ол адамдықтың басты қасиеті - адамгершілік екенін баса жырлайды, оның дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын да алады.

Түйінді сөздер: Абай мұрасы, адамгершілік, надандық, еріншектік, адами болмыс, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Сан ғасырлық тарихымыздың сырын да, жырын да Абай әлемінен кездестіреміз. Абай мұрасы – бұл халқымыздың ең қасиетті қазынасы. «Абай өзінің халқымен мәңгі бірге жасайды. Ғасырлар бойы қазақ елін жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» [1],- деп Н.Назарбаев айтқандай, Абай мұрасы арқылы елдігімізді танимыз.

Ойымды М. Әуезовтің мына пікірі толықтырады: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олар үш нәрсе: «надандық, еріншектік, залымдық» [2,23].

Абай шығармаларындағы психологиялық құбылыстардың жарқын көрінісін мына үзінділерден танимыз. Тіпті сол дәуірдің өзінде адамның психологиялық өмірінің қыры мен сырына жаратылыстық ғылыми тұрғыда мынадай түсініктеме береді: «Адам баласы көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады». «Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу- жан құмарлығы» [3,44].

Шындығында да, Абай шығармаларының бойынан адами келбеттің сан түрлі үлгілерін табамыз. Олай дейтініміз, ақын өз заманы, қоршаған ортасы арқылы адам болудың, адамша өмір сүрудің жолдары мен бағытын көрсетеді. Әр өлеңінде адами болмыстың сыры әр қырынан танылады. Ол адамдықтың басты қасиеті - адамгершілік екенін баса жырлайды, оның дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын да алады. Абай - адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды. Оған дәлел ретінде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін келтіруге болады. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде қазақ жастарының шенеунік болуды дәреже көретінін, жан байыту қаперіне кірмейтінін ашына сынайды. Ақынның жандүниесінің тілегі бүгінгі жас дүниеқоңыздылыққа салынбаса екен, білім алып еліне тура жолда қызмет етсе деген ақ арманымен ұштасады. Оған мына өлең жолдары куә:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге,
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге,
Аз ақшаға алданып,
Қызмет қылма оязға,
Адал жүріп, адал тұр,
Жалқауланба еруге - дейді.

Байыптай қарасақ, адам мінезінің жақсыға да жаманға да тез үйір болатынын ақын ерекше ескерте келе, келешектің қадамы ең алдымен, арды, намысты ойлаудан басталады деген ойға жетелейді. Осы оймен тұстас, ол үш – ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, толық адамның қасиеттерін санамалап береді. Адам бойындағы үлкен қасиеттің бірі – мейірімділік екенін атай келе, адамды сүю туралы: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» көрсетеді, «адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» деген анықтама береді.

Ақын туған халқының әлеуметтік жағдайымен, оның әртүрлі топтарының мінез-құлықтарына да ерекше зейін қояды. Ол өз заманында халқының мінез-құлқын, көңіл-күйін, іс-әрекеттерін, күйініш-сүйінішін, талап-талғамын, салт-санасын жақсы білді. Оған мінездегі қайнап жатқан бұлқынысты көрсететін: «Қайғы шығар ілімнен, ыза шығар білімнен, қайғы мен ыза шыққан соң зар шығады тілімнен», «Ақылсыз би болмас, сәулесіз үй болмас, жүректе оты жоқ адамда ми болмас» деген жыр жолдары дәлел. Оның шығармаларынан сан алуан мінезді сипаттағы адамдардың психологиялық бейнесін жолықтыруға болады.

Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған,
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған...
немесе:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек, - депөмірдің жақсы жаманы ақыл мен надандықтың ортасында жүретінін ескертеді.

Ақын өлеңдерінен сан қырлы мінезде сипатталатын басқа да образдарды танимыз. Ақын жаманның жауы — тілі мен пиғылында, икемсіз қылығында. Іске ебі жоқ, бос сөзі көп, теріс пиғылды, жақсы көрсе оны көре алмай сынады, өз пиғылына тоқ, жақсылыққа жоқ.

Осындай жан төзгісіз мінездерді көргенде мынадай тоқтамға келіп жырлайды:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан алауыз...

Абай шығармаларында адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты деп түсіндіріледі. Ақсүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы ой айтылады.

Тіпті халық арасында жігітке жар таңдауда ақыл мен парасаттың адам бойындағы ерекше биік қасиет екенін ескеріп, оны былайша түсіндіреді:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма...

Ақын сол дәуірдің өзінде – ақ, адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін мойындады. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», -деп көрсетеді [3,22].

Қорыта келе, Абай шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік өмірімен тұрмысының шындығы таза қоспасыз бейнеленді. Біз Абай арқылы өзімізді таныдық десек қателеспейміз. Кемеңгер ақынның аса зор мақсат – мүдделері бізге әдеби еңбектері арқылы жетті. Абайдың асыл мұралары өзі тірі кезінде, кең танылып кете алмағандығы белгілі. Алайда ақынның соңғы ұрпаққа берері мол. Абайды зерттеу ісі қазір тек қазақ ғалымдарының шұғылданар ісі болмай, бүкіл Одақ ғалымдарының ісіне айналып отырғандығы қуантарлық жайт. Абайтану қазір өз алдына бөлек бір ғылым болып қалыптасты. Абайдан қалған асыл – мұраның идеялық, көркемдік сапасын шолып өткен қысқа сөз, жалпы тексеруге тек ақындығын айтамыз. Бірақ, Абай мұрасы жалғыз ақындықта емес, көркем қарасөзде де, ән – күй өнерінде де бар. Өлмес, өшпес қасиеттерінің

өзі – ақ ұлы Абайға классик әдебиеттің атасы деген атақ бергізе алады. Абайдың қазақ мәдениеті тарихынан алатын орны да оның творчествовасының жан-жақтылығымен, тереңділігімен, ағартушылық ақындық еңбегінің зор маңыздылығымен белгіленеді. Абай өзінің шығармаларында қазақ әдебиетінде жаңа бағыт туғызды. Ол реализм әдісін кеңінен қолданып, демократиялық идеяны ту етіп көтерді. Ақын өлеңдері қазақ әдебиетін бүкіл әлемдік реалистік өнер қатарына көтерді. Жалпы қорыта айтар болсақ, Абай жайында қанша айтсақ та, жазсақ та теңізге тамшыдай ғана үлес қосарымызды тілге тиек еткіміз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Назарбаева «Тарих толқынында» (А., 1997)
2. М.Әуезов «Абайтану дәстүрі», Алматы, Рауан, 1994ж.
3. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961 ж., 267 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕР

Дуйсенова Камар Есбосынқызы

«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, магистр, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай дүниетанымының ұлттық-мәдени концептілер арқылы көрінісі талқыланған. Абай тілі тезаурусын сипаттау, тілдік тұлғасын зерттеу – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі. Абайдың тілдік тұлғасының когнитивті деңгейін талдау мақсатында «Жайлау» және «Қымыз» концептілеріне қатысты тезаурус жасалынды.

«Жайлау» концептісінің тезаурусында негізгі денотаттық мағынасынан басқа, «жайлау – рухани кеңістік», «жайлау – береке-бірліктің нышаны», «жайлау – тіршілік бесігі» когнитивтік құрылымдары талданды.

Абай қазақ тіршілігіндегі қымыз сияқты қасиетті, мәні зор сусынды физиологиялық қажеттілік қана емес, идеологиялық тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Мұны келесідей когнитивтік құрылымдарды талдау арқылы берілді: а) Қымыз – әлеуметтік жіктелістің нышаны; ә) Қымыз – қызық қуғанның серігі, мінез-құлықты әшкерелеудің құралы.

Түйінді сөздер: Абай шығармалары, когнитивті лингвистика, ұлттық-мәдени концепт, қымыз, жайлау.

Абай шығармалары – ұлттық мәдениеттің айнасы. Абайдың әлемі – руханияттың өзегі. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық». Абай адамтанудың көркемсөздегі өрнегін салып, үлгісін қалыптастырды. Осы тұжырымды пікірді Абайдың тілдік тұлғасы тезаурусын талдау арқылы бекітуге болады.

Маңызды кумулятивтік қызметке ие және этноәлеуметтік мәнімен ерекшеленетін жайлау лексемасы – Абай шығармасының лингвокогнитивтік деңгейін анықтайтын тілдік таңба. Қазақ тұрмысында мезгілдік ұғымға байланысты айтылатын қан жайлау тіркесі бар. Қыстаудан көктеуге шыққан жұрттың алды жайлауға келіп, қоныс тебе бастайды. Осы бір әсем кездің көрінісін белгілі ғалым Н.Уәли былайша суреттейді: «...Бұл шақта жайлауға көшетін жұрттың бәрі келіп, бас-аяғы түгел жиналады. Той-думан, ас-су, қонақ кәде, ат жарыс, өнер жарыс т.б. қызықтардың өткізілетін шағы да – осы тұс. Сондықтан да жайлаудың нағыз қызып қайнаған дер кезі қан жайлау деп аталса керек» [1,49]. Қазақ мәдениетінің, қазақ сөзінің небір сырларын жетік білетін тілші ғалым жайлау лексемасының өрісін одан әрі

кеңейте түседі: «Жайлаудың той-думаны азайып, тұяқ таптамаған, жапырылмаған сонысы қалмай, жұрттың алды көше бастаған базардың тарқар сәтіндей шақтың да өз атауы бар. Ол – сары жайлау» [1,50]. Тілдік санадағы осы сынды бірнеше мағыналар Абай шығармаларында былайша көрініс тапқан.

«Жайлау» концептісінің тезаурусы:

1. Жайлау – тұрмыс-шаруа жағдайына қарай ауыстырылатын мекен, бұл негізгі денотаттық, сөздік мағынасы. Абай «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінде автор әр жыл мезгілінің әлеуметтік мәнін осы бір шумақпен өрнектейді:

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,

Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай

Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,

Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Мәтіндегі жайлау лексемасы өзінің негізгі денотат мағынасында тұрып-ақ лингвомәдени код міндетін атқарған.

2. Жайлау – Абайдың көркемдік әлемінде, яғни өзінің қабылдауындағы дүние бейнесінде «рухани кеңістік» мағынасын білдіреді. Жайлау – адамның жан дүниесі, ішкі рухани әлемі. Бұл – Абай тілдік тұлғасының бір жаңалығы.

Лай суға май бітпес қой өткенге,

Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.

Сол қасқырша алақтап түк таппадым,

Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңнің өрісі толығымен көңіл жайлаудың семантикалық құрылымын толықтыруға ықпал етіп, өлең өзегімен жымдаса өріліп, шығарма идеясын ашу үшін маңызды рөл атқарады. «Көңілдің жайлауынан ел кету» – ақын өмірінің трагедиясы. «Көңілдің жайлауынан ел кету» – өмірдің қызық-думаннан, мәні мен сәнінен айрылуы.

3. Келесі мәнмәтіндегі жайлау – береке-бірліктің нышаны. Кемел ойды басшы еткен елдің бейнесі. Мәнмәтіндегі бейне тікелей емес көл лексемасы арқылы танылады. Көл жағасында, орын тепкен жайлаудың сулы әрі нулы болатыны жер жағдайын жақсы білетін әр қазаққа мәлім. Дала тұрмысына бейімделген қазақ жайлауға шыққанда, мал мен жанға су ең бірінші қажеттілік болғандықтан, әдейі көлге жақын тұсқа қонады. Мөлт еткен көз жасындай күміс көлдер мен қоңыр майда желі ескен, бауырын ел мекен еткен көлдер – жайлаудың сәні. Сонымен қатар, сұлу табиғаттан одан әрі үйлесімділік іздеген елге кемел басшы, жайлы өмір тыныштық та аса қажет. «Сәуле болсаң, кеуденде» деген өлеңінің прагматикалық астарына үңілгенде осы ойларға кезігесің. Өлеңнің семантикалық құрылымы түп-түгел, тұтастай метафоралық синтагмалардан тұрады:

...Көп шуылдақ не табар,

Билемесе бір кемел?

Берекелі болса ел –

Жағасы жайлау ол бір көл.

Жапырағы жайқалып,

Бұлғақтайды соқса жел,

Жан-жағынан күркіреп,

Құйып жатса аққан сел.

Оның малы өзгеден

Өзгеше боп өсер төл.

Берекесі кеткен ел -

Суы ашыған батпақ көл.

4. Жайлау – адамның тіршілік дүниесі, сыртқы әлемі, тағдырының тұғыры. «Жайлау» концептісінің мәнін бесік семасымен бірлікте алып қарау арқылы концептуалды бейнесі ашылады.

Абай шығармаларында жиі қайталана қолданылмаса да, негізгі ой өзегіне айналған лингвомәдени таңба – бесік лексемасы. Ол әмбебап концепт сипатында белсенділік танытпағанымен, ұлт менталитетін танытатын маңызды көрсеткіш. Бесік лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мүлік, сәбидің жылы ұясы» деген ұғымы Абай дискурсында одан әріге тереңдеген.

Кең жайлау – жалғыз бесік балаға,
Алла асыраған бендесі аш бола ма?
Ержеткен соң, сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға...

«Жайлау – бесік» метафорасының мәні адамзаттың қызық қуанышы мен қайғы-қасіреті, тағдыр талқысы «бесік» деп аталатын жерде өтетіндігі арқылы анықталады. Мәтіндегі бесік сөзі әр қазақтың санасына оның түрлерінің: тал бесік, қарағай бесік, қайық бесік болып бөлінетінін де, оның құрылысының: алдығы бас, белағаш, арқалық, жақтау, табан, шабақ, артқы бас (бөген) т.б. деп аталатынын еске салуы әбден ықтимал. Көшпелі дала тұрмысында өте қолайлы осы бір қадірлі дүниенің жабдықтары: бесік көрпе, жөргек, қолбау, тізебау, құстөсек, құс жастық, түбек, шүмек деп аталатыны да белгілі. Алайда, тіл тұтынушы тілдік тұлғаның (автордың) яғни тіл жеткізушінің айтары осы ақпаратпен шектелмейтінін, когнитивтік аясын қабылдау барысында ұғынады.

«Ауруға ем, сауға қуат, дәрі – қымыз» демекші Абай қазақ тіршілігіндегі қымыз сияқты қасиетті, мәні зор сусынды физиологиялық қажеттілік қана емес, идеологиялық тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Мұның дәлелі қымыз сөзін ой қазық етіп алған мәтіндердің прагматикалық қызметінен көрінеді. Ол адам бойындағы кесірлі әдеттерден қызық қуу – қымыз қуу; еңбектен қашу – қымыз іздеу; мақтанға салыну – қымызға масаттану әрекетінен жирендіруді мақсат етеді. Өзінің сөзімен айтқанда «қаруыңның барында қайрат қылмай, қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел» болатындығын санаға сіңдірмек болады.

Осы айтылғандар мәтін бойынан табылатындығына тезаурус қатарларын талдау арқылы көз жеткіземіз.

1. Қымыз – әлеуметтік жіктелістің нышаны. Оны іштей былайша саралауға болады:

1.1. Қымыз – байлық, өйткені қолында қымызы бар мен қымызы жоқтар қоғамдағы таптық бөлініске негіз болады, яғни бай мен кедейге ажыратылады. Қымызы бар қымызы жоқты өзіне тәуелді етеді. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңінде:

Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,
Ас берер ауыл іздеп жүрсің босқа.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

1.2. Қымыз – байлықтың бағасын арттырушы құрал, сөйтіп мақтанға көрік беруші ықпалды күш. Қымыз ас, тағам болудан әрі тереңдеп, мақтанның белгісіне ауысқандығын мәтін түзіміндегі компоненттер одан әрі нақтылай түседі:

Осы қымыз қазаққа
Мақтаның ба, асың ба?
...Мақтанға бола жиям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас ұрма
Қымыз, семіз дегенің
Бір мақтан ғой, жасырма.
Мақтан қума, керек қу,

Ойсыздарға қосылма. («Осы қымыз қазаққа» өлеңінен)

Бірнеше рет логикалық екпін түсе айтылған мақтан семасы – қымыз идеясын өзектендіретін стимулятор. Көркемдік тәсіл қайталаудың мәтін түзіміндегі стильдік қызметі осы тұста тағы бір байқалады. Мақтан сөзі авторлық мақсатқа сай бірнеше рет қайталана қолданылып, көркемдік аясын кеңейткен.

2. Қымыз – қызық қуғанның серігі, бос жүріске салынғанның құмар, мінез-құлықты әшкерелеу құралы. Онымен үндес тағы бір мәні – «харекетсіз жасты» еңбек етіп, мал табуға үндеу.

Еңбек жоқ, қарекет жоқ, қазақ кедей
Тамақ аңдап қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?
Ет, қымыз тамақ болса, әр кімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең онан да арман.

Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр,

Құлдық ұрып асайын осы бардан. («Лай суға мал бітпес қой өткеннен» өлеңінен)

Абай осы өлеңінде тамақ аңдыған, «жылы жүзін асқа сатқандар» мен ас берер ауылды іздеп жүргендерді өз еңбегімен мал табуға үндейді. «Асаған, ұрттағанға (қымызға) жұбанатын ез болмай», еңбек ету керектігін айтады, өйткені «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар». Ақынның «қорқатыны» – терін емес, «телміріп көзін сатқандар», сондықтан борышкер болып қалмау үшін былай тыйым салады:

Қызылшыл семіз, жас – қымыз,

Бір үлкен борыш басында.

Жуасты мін де, айран іш,

Жоқ немеге шатылма... («Осы қымыз қазаққа» өлеңінен)

Абай Құнанбаев тағы бір тың тұжырым ұсынған. Ол – күнделікті қорек көзі қымыз қоғамдық сипат иеленген әлеуметтік таңба (белгі). Тілдік санадағы әлеуметтік таңбаның қызметі өлең идеясына өзек болған.

Даналық өлшеміне айналған Абай дүниетанымы біздің негізгі идеялық, ұлттық қаруымызға айналып, қазіргі заманғы сын таразысынан өтіп, бүгінгінің биігінен түспей, ертең де еңселі болуы үшін әлі де зерттеп-зерделей, танып-таразылай береріміз заңдылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1998.-128 б.

2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Том 1. Өлеңдер мен аудармалар. Алматы : Жазушы, 2003. -296 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

¹Айтбенбетова Айгул Кадыржановна, ²Молдабаева Зухра Мирамбековна

¹филол., ғ.к., АӨМУ доценті, ²аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай танымындағы концепт мәселесі, Абайдың ақындық тұлғасы қазіргі когнитивті лингвистика саласының ғылыми тұжырымдары негізінде талданған.

Түйінді сөздер: когнитивті, таным, тілдік, концепт, синоним, мінез-құлық.

Тіл біліміндегі қарқынды дамып келе жатқан антропоцентристік бағыттың бірі - когнитивтік лингвистика. Ол тілді таным құралы ретінде тануды мақсат тұтады. Таным - когнитивтік лингвистика нысаны. Таным - концептілердің пайда болу және өзгеру үдерісі, сондықтан да концепт когнитивтік лингвистиканың ең маңызды нысаны болып табылады. Концепттер біздің санамыздың, қоршаған орта туралы біліміміздің негізгі бөлігі бола отырып, философияның, психологияның, когнитивтік лингвистиканың, лингвомәдениеттанудың, т.с.с. гуманитарлық пәндердің зерттеу нысаны болып табылады.

Тіл білімінде концептті танымның мазмұны, мағынаның синонимі ретінде түсіндіретін негізге сүйенген үш түрлі бағыттағы көзқарас бар. Бірінші бағытты ұстанушылар концептті қарастыруда мәдениеттану аспектісіне көп көңіл бөледі. Мәдениет концептілердің бірлігі мен олардың өзара байланысы деп түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан қарағанда, концепт - адамның ментальдік әлеміндегі мәдениеттің негізгі ошағы. Мұндай түсінік тұрғысында тілдің ролі екінші кезекте, яғни көмекші құрал ретінде қалады.

Концептті түсіндіруге бағытталған екінші кезекте (Н.Д.Арутюнова және оның мектебі, Т.В.Булыгина, А.Д.Шмелев және т.б.) тілдік белгінің семантикасын концепт мазмұнын сипаттайтын бірден бір құрал деп көрсетеді.

Д.К.Лихачев, Е.С.Кубряковалар бастаған үшінші түсінікті ұсынушылар концепт тек қана сөз мағынасынан шықпайды, ол сөз мағынасы мен адамның жеке, халықтық тәжірибелерінің тоғысуының нәтижесі болып табылады деп таниды. Яғни, концепт сөз бен шындық өмір арасын байланыстырушы [1]. Ал ғалым Е.С.Кубрякованың берген анықтамасы бойынша: концепт – «ментальдік сөздік қордың белсенді, мазмұнды есте сақтау бірлігінің, мидың концептуальдік жүйесі мен әлем келбетінің адам психикасында бейнеленуі» [1.32].

Когнитивтік лингвистикалық мәні зор, өз алдына жан-жақты зерттеуді қажет ететін концептілер - шындық пен өтірік. Осы зерттеуімізде шындық, өтірік концептілерінің Абай шығармаларындағы көрінісін сөз етпекпіз.

Ғалым Р.Сыздық Абай шығармаларының тілін талдай келе: «... Абай өлеңдерінің негізгі тақырыбы адам, оның психологиялық күйі, кимыл-харакеті, ішкі, сыртқы портреті... Бұл тақырыптарды Абай бұрынғы ақын-жырауларша жалпы Констанция немесе сол адамға қарата айтылатын дидактикалық үгіт-ақыл түрінде қозғамайды, ол адамның сын-сипат, іс-әрекетін нақты суреттейді, әр іс-қимыл, мінез-құлықты жеке-жеке дәл атау түрінде жырлайды. Сондықтан адамның психологиялық күйін білдіретін сөздерді өлең тіліне молынан енгізеді. Бұл өзіне дейінгі қазақ поэзиясында көзге түспеген құбылыс» [2. 68], - деп баға берген болатын.

Мінез-құлық – «адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын оның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы» [3. 289], - десек, Абай шығармаларындағы кең сөз болған мінез-құлық концептілері - шындық пен өтірік.

Шындық концептісі туралы сөз болғанда ақиқат туралы айтпай кетуге болмайды. Бір қарағанда шындық пен ақиқат өзара байланысты болғанымен, тілдік танымда қарама-қарсы қойылады. Ғалымдар Г.В.Булыгина мен А.Д.Шмелевтер «шындық пен ақиқат бір ғана жалпы философиялық концептінің екі жағы: шындық бұл ұғымның практикалық аспектісін көрсетсе, ақиқат теориялық аспектісін меңзейді», - деп таниды [1. 217].

Қазіргі тілдік танымда ақиқатты мәңгілікпен байланыстырса, шындық жер бетіндегі тіршілікпен, әлеуметтік өмірмен байланыстырылады. Яғни, ақиқат - біреу, шындық әркімнің өз танымында.

Абай танымында ақиқаттың мағыналық эквиваленті - дін, Алла:

Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,

Хақиқат та, дін дағы тереңінде [4.187].

Алла тағала өзі - хақиқат жолы [5.81].

Ғылым - Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр [5. 81].

Абай шығармаларындағы шындық концептісінің сипатын төмендегідей семантика-прагматикалық топтарға бөліп көрсетуге болады:

1. Адам шындыққа ұмтылуы, шындықпен өмір сүруі керек:

Надандарға бой берме,

Шын сөзбенен өлсеңіз [4. 31].

Сөзіне қарай кісіні ал

Кісіге қарап сөз алма.

Шын сөз қайсысы біле алмай,

Әр нәрседен құр қалма [4. 32].

Шын илан да, таза ойла бір иманды [4. 24].

шынды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты, ықыласты құлағыңды қой [5. 82].

2. Шындық өзіне қарама-қарсы категория (өтірік) арқылы бағаланады:

Рас сөздің кім білер қасиетін

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек [4, 11].

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса жарайды, қылса сұхбат [4, 23].

Өңкей жалған мақтанмен,

Шынның бетін бояйды.

Бұл сөзімде жалған жоқ

Айтылмай сөзім қалған жоқ

Абайлаңыз, байқаңыз –

Елдің жайы солай-ды [4. 42].

Онда оны алдайды, мұнда мұны

Жанын берсе табылмас сөздің шыны [4. 139].

...ақты кара деп, қараны ақ деп, я өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? [5. 32].

Өтірік - көп аспектілі ұғым. Оның тұрмыстық, философиялық, логикалық, психологиялық, этикалық, құқықтық және лингвистикалық қырлары бар. Тұрмыстық тұрғыдан қарағанда, өтірік - алдау, қосып айту, мақтаншақтық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтамаға сүйенсек «өтірік - шындыққа жұғыспайтын, жалған, рас емес» [6. 598].

Ал қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде өтірікті – «шын мәніндегі жағдайды әдейі бұрмалауға саятын қарым-қатынас феномені» [7. 170] -деп көрсетеді. Бұдан түйетініміз, өтірік шындыққа қарама-қарсы категория.

Абай шығармаларындағы өтірік т.к.онцептісін төмендегідей топтастыруға болады:

Адам бойындағы кеселді мінез-құлық сипаты:

Мансап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап

Бұларды керек қылмыс ешкім қалап,

Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап [4. 49].

Адам деген даңқым бар,

Адам қылмас халқым бар.

Өтірік пен өсекке

Бәйге атындай аңқылда [4. 97].

Бір жолаушы алыс жерге барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол барған, көрген елін, жерін мақтап өтірікті сыбайтұғыны қалай? [5. 107]

Жаман құлықтан аулақ болуға шақырады:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ-

Бес дұшпаның, білсеңіз [4. 31].

Үлкендік - адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық, өзін осындайлардан зор есептемек. Бұл мінез - ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі [4.44].

3. Қоғамдағы үлкен кесел тұрғысында сипат тапқан:

Ел қағынды,

Мал сабылды,

Ұрлық, өтірік гу де гу [4.129].

Өтірік, ұрлық

Үкімет зорлық

Құрысын, көзің ашылмас.

Өтірік шағым толды ғой

Өкінер уақытың болды ғой [4. 70].

Ендігі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік "шапты, талады" деген әр түрлі уголовный іс көрсетіп арыз береді. Оған дознание тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін [5. 12].

...назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді [5. 13].

4. Ұлтты аздырар жағымсыз мінез-құлық:

Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазан ортасында да ұрлық, өтірік, өсек қастық қылып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? [5. 109].

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай? [5. 109].

Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер - поэзия тілінің ең бір қажетті құралы десек, өтіріктің синонимі болып табылатын алдау сөзі Абай шығармаларында актив қолданылады.

Абай шығармалары тілінде синонимдердің қолданылу шеберлігі жайында ғалым Р.Сыздық былай дейді: «Абай синонимдерді таңдауда нағыз ұтқырлық танытқан Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады» [2. 80].

Алдау – «әдейі немесе ойнап әзіл үшін айтылған өтірік, жалған сөз» [7. 17]. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіндегі деректерге сүйенсек: «алдау сөзінің түбір форманты ал - өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын өлі түбір. Ғ.Мұсабаевтың пікірінше, ал сөзі о баста «алдау» деген мағынада қолданылған. Ал кейбір көне түркі жазуларында және осы күнгі кейбір түркі тілдерінде ал сөзі жеке, дербес қолданылып, «алдау, қулық, өтірік айту» деген мағыналарда жұмсалады» [7. 32]. Ол сөз арқылы да, іс арқылы да көрініс табады. Өз қоғамындағы мақсатқа жетудің маңызды құралы болып табылған алдау Абай өлеңдерінде

де, қара сөздерінде де кең көрініс тапқан:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда? [4. 18].

Баяғы кулық, бір алдау

Қысылған жерде жан жалдау [4. 73].

Ары кеткен алдағыш

Мені-ақ алда, сөкпейін [4. 112].

Арсыз болмай атақ жоқ,

Алдамшы болмай бақ қайда? [4. 138].

Шотқара кірсе алдап, шықса күлген,

Елірмелі Досаққа кісімсінген [4. 149].

Көзді көрсең - бересің, тайсаң - танып,

Алдамшы көрінгеннің несі пайда [4. 183].

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,

Аларында шара жоқ алдамасқа [4. 172].

...қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатындығы қалай? [5. 72].

Ендігілердің достығы - бейіл емес, алдау, дұшпандығы - кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық [5. 103].

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу — мақтан [5.113].

Өтірікті болмаған нәрсенің ойдан шығарылған көрінісі немесе болған нәрсені саналы түрде жоққа шығару (жасыру) деп қабылдасақ, шындық пен өтіріктің арақатынасы философиялық терістеуді терістеу заңдылығына құрылғандығын көре аламыз. Ал "әр түрлі мәселелер, заттар, процестер және т.б. бірін бірі қабылдамау, теріске шығару арқылы байланысты болған кезде ғана олар бір-біріне қарама-қарсылық құратындығын" ескерсек, Абай шығармаларында да шындық, өтірік тұжырымдары өзара қарама- қарсылық түзіп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. -Мн., 2004 - 256 с.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. - А., 1995. - 208 б.
3. Философиялық сөздік. - А., 1996. - 525 б.
4. Абай. Қалың елім қазағым... - А., 2002. - 224 б.
5. Абай. Қара сөз. Поэмалар. - А., 1993. - 272 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. Қ. -П. - А., 1983.
7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. - А., 2002. - 256 б.
8. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. -А., 1966. - 240 б.

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ПРОЦЕСІНІҢ КӨРІНІСТЕРІ (Абай шығармалары тіліндегі сөз қолданыстары)

¹Алдашев Нұрдәулет Мырзалыұлы, ²Мұқан Фарид

¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ІІ курс магистранты Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Абай шығармаларындағы сөз қолданыстарды талдай отырып, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі сөзжасам процесіне әсер еткен кірме сөздердің жұмсалыу аясы сөз болады. Абай өлеңдеріндегі араб - парсы және орыс тілдерінен енген сөздердің қолданылу аясы мен мағыналық ерекшеліктері және Абай тілінің негізгі сөздік қорын құрайтын төл сөздер талданады.

Түйінді сөздер: араб –парсы тілі, кірме сөздер,сөзжасам,Абай тілі.

Қазақ әдеби тілін зерттеуші тілші - ғалымдар XIX ғасырдың ІІ жартысын қазақ әдеби ұлттық тілін қалыптасуында аса үлкен қызмет атқарды деп есептейді. Осы кезеңде қазақ даласында қазақ - орыс мектептері ашылып қазақ тілінде кітаптар мен басылымдар жарық көрді және қазақ тілін түрколог-тілші ғалымдары ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттей бастады.

XIX– XX ғасырдың бас кезіндегі жарық көрген кітаптар мен газет материалдары араб әрпімен жазылып, баспадан шығып тұрған. Алайда араб алфавиті қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін, оларға тән спецификалық дыбыстарды дәл бере алмады. Бұл әсіресе дауысты дыбыстарды таңбалағанда анық көрінеді. Қазақ тіліне тән дауысты фонемалардың жұмсалыуы аясында қазіргі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардан көп айырмашылық жоқ. дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігі толық сақталған. Сонымен бірге қазіргі қазақ тіліндегі еріндік үндестігінен гөрі газет тілінде ауызекі сөйлеу тілінің үлгілері, сөйлеу тілінің үлгілері жиі кездеседі.

Мысалы, «п» және «б» , «г» және «к» дауыссыз дыбыстарының таңбалануында арнайы белгілер қойылған. Көптеген жағдайларда «п» және «г» дауыссыз дыбыстарының орнына «б» және «к» дыбыстары жазылған «п» - «б» дауыссыз дыбыстарының алмасуы көбіне-көп кірме сөздер мен орыс тілінің үлгілерінде қолданылған. Себебі, бұл дауыссыз дыбыстарды қолданбаған жағдайда сөздің мағынасы бұзылып дәл, нақты мағынасы берілмейтін болған. [3,11.] Тілдегі мұндай ерекшелікті түрколог ғалым Н.А.Баскаков: «... дифференция этих звуков связано с персиданом заимствование - деп атап көрсетеді.[7] Алайда араб графикасының қолданылуы барысында қазақ тіліне тән үндесіп, дыбыстар әркелкілігі сияқты заңдылықтарға нұқсан келіп, сақталмаған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тілінің даму тарихы мен баспасөз тілін көп жылдар бойы жан – жақты зерттеген филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әбілқасымовтың көрсетуінше бірнеше лексикалық қабаттардан тұрады.[3]. Бірінші қабаты,қазақ тіліне тән төл сөздер: тіліміздің бұл қабаты Абай тілінің негізгі сөздік қорын құрайды.

Себебі, бұл сөздер сол кездегі қазақ қоғамын қамтиды. Тағы да атап өтетін жағдайы Абай қазақ тілінің тазалығын сақтауға барынша күш салып отырған. Біздің сөз еткелі отырған тақырыбымыз да осы екінші және үшінші қабаттары, яғни араб –парсы тілінен және орыс тілінен енген кірме сөздер

Араб –парсы тілінен енген сөздер сөздердің тарихы көне замандардан басталғандығы тарихтан белгілі. Десек те, араб-парсы тілінен енген сөздердің қолданылу аясы ХІХ ғасырдың І жартысында белсенді түрде еніп, тілдік айналымға енгендігін көреміз. Араб - парсы тілдерінен кірме сөздердің дендеп енуіне сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдайлар үлкен әсер етті. Себебі патшалық Ресей қазақ даласына Ислам дінінің орнығуына жағдайлар жасады. Осындай әлеуметтік – саяси мәні бар жағдайлардың бірі ретінде миссионер А.Васильев: «Указами 1782, 1784 и 1794 годов Императрица повелила строить на границе Киргизской степи татарские школы , мечети и отказать на казанной счет Коран для раздачи его киргизом» -деп жазады.[4]. Мұндай діни мектептер мен медреселерде негізінен башқұрт және татар молдалары дәріс берді. Сол кезде қазақ даласында ислам дініне деген бет бұрушылық қажылық сапарға бару сияқты мәселелер көптеп қолданыла бастады. Жоғарыда атап өткен жағдаяттар қазақ тіліне араб-парсы тілінен кірме сөздердің көптеп енуіне үлкен мүмкіндік жасады. Осы тұста Абай шығармаларының тіліне әсер еткенін де байқауға болады. Абай шығармаларында шығыс классиктеріне еліктеген кезеңде жазылған өлеңдері туралы М.Әуезовтің тұжырымдамасында [6,20], профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деп аталатын зерттеуінде Абай тіліндегі шағатай әдебиеті туралы сөз болады.[8.250] Бұл пікірге Абайдан дәлел ретінде Иузи раушан,көзі гауһар, Физули Шамси Сайхали, Әлифби атты өлеңдерін атай аламыз. Сонымен бірге Абайдың қара сөздерінде де жиі қолданылады. Мысалы: Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек.(4 –ші қара сөзі) Сол сияқты Абайдың өлеңдерінен мынадай жолдарды да кездестіреміз:Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,Мұнажат уәлилердің зор наласы [1.89] немесе Уәзінге салып тізілген,Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қор болған – [6.30].Уәзін сөзі араб тілінен енген – өлшем деген ұғымды білдіреді. Дегенмен ғасырлар бойы қазақ тілінде бар, қолданыста жүрген, жалпыхалыққа түсінікті кірме сөздерден қашқақтап кете алмады.шафағат, мәззүр, тіллә, тәуіб, мінажат, ғыбырат хұсұ, ләнин, баб, мынақыб және т.б. сөздер осындай негізде қалыптасып қолданыста болды. [1.2,3] Абай тұсында мектеп- медреселерде ,мешіттерде уағыздарда, наху - синтаксис, араб тілі, фикх – мұсылман құқығы, қырық хадис, шарх,ахлақ- (этика), иман,тақлиди және т.б.оқытылып отырған. Мысалы, Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман тақлиди дейміз.[13-сөз] немесе Жалын мен оттан жаралып,Жарқылдап Рағит жайды айдар. [1.187]. Үшінші топ, орыс тілінен енген кірме сөздер; ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ тілінің сөздік қоры лексикалық қабаттары орыс тілінен енген кірме сөздермен толығыуы жүзеге асты. 1868-1869 жылдардағы реформаға сәйкес қазақ даласын әкімшілік басқару жүйесі орталықтандырады. Осындай қазақ даласындағы үлкен қоғамдық өзгерістер қазақ тілінің лексикасына да өз әсерін тигізді. Себебі , сол замандағы көптеген ресми материалдар, маңызды ақпаратты хабарламалар негізінен орыс тілінен аударылып берілген болатын. Профессор Ғ.Мұсабаевтың көрсетуінше қазақ әдеби тілінде орыс тілінен енген кірме сөздердің дамуы мен орнығуына сол кездегі қазақ даласындағы екі үлкен мәдени ошақтың әсері болғандығын айтады. Мұндай ірі мәдени ошаққа Омбы қаласы мен Түркістан өлкесі болды деп жазады. Осы аймақтарда кітаптар басылып, баяндалып жарыққа шығып отырған. Абай шығармалары мен қара сөздерінде орыс тілінен енген кірме сөздер де қолданылады.[5]. Мысалы,Біреуі орысша «подвижной элемент» деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып,

ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол - бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. [43-сөз] Сондықтан да Абай шығармалары тілінен және қара сөздерінен белгілі бір мөлшердегі орыс тілінен енген сөздерді кездестіреміз. Мысалы, Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне, Самородный сары алтын, Саудасыз берсең алмайды немесе Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы, ... бейне қолдың саласы, Балам закон білсін деп. Бұл іске кім виноват, Салтыков пен Толстой, Я тілмаш, я адвокат, ... Айтыңызшы болсаңыз, Здравомыслящий, Ерінбей оқып көруге, Военный қызмет іздеме. Алыста болса іздеп тап, Кореннойға кіруге, Адал жүріп, адал тұр, Счетың тура келуге, Я өз бетіңмен тәуекел, Занимайся прямою [1,89 81] Абай шығармаларындағы кірме сөздерді біренеше топқа бөліп қарауға болады: сауда-саттық саласы; әкімшілік, құрылым саласы; сот құрылымы және т.б. [1.2.3.] Осы келтірілген топтағы сөздер қазақ әдеби тіліне орнығып, жалпыхалыққа түсінікті сөздерге айналды. Сол сияқты қазіргі уақытта қазақ тіліндегі кейбір сөздер сол кездегі қолданысына қарағанда жаңа мағынадағы қолданысын көруге болады. [11] Мысалы, «кандидат» сөзін алып қарайық, Абай шығармаларының тілінде «кандидат» сөзі көбіне-көп «ел басқару, билік жүргізу, болыстыққа кандидат» деген мағынада қолданылған болса, Кеңес үкіметі кезеңінде «кандидат» сөзі - партия мүшелігіне кандидат мағынасында жұмсалды. Мысалы, Болды да партия, Ел іші жарылды. [1,81] Бұл мысалдарда «партия» сөзі негізінен алғашқы «көп» келісімге келу жолындағы екі жақтық деген мағынасынан кейін, «саяси ұғым» мағынасына ауысты. Сондықтан сол кездердегі председатель, объезд, староста, секретарь, сияқты сөздер кең әрі белсенді қолданыста болды. Қазіргі қазақ тілінде осы сөздердің қазақша аударма баламалары жұмсалуда. Мысалы, төраға, топ басшы, тең төраға, төрайым, хатшы және т.б. Тілдің даму заңдылығынан байқағанымыздай тілдің грамматикалық құрылымынан өзгеруі баяу өтеді. Сондықтан Абай шығармаларының тілінде кездесетін «лексика - грамматикалық ерекшеліктер» ең алдымен қазақ тіліндегі грамматикалық әдістер мен сөзжасам құрылысы бойынша жасалғандығын байқауға болады..

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев Абай, Өлеңдер мен поэмалар, Алматы, 1976.
2. Р.Сыздықова Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. 11 – том, Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы, 2017 ж.
3. Б.Абилхасымов Язык газеты «Дала уалаяты» (1888 - 1902) автореф. дисс. на соискание ученой степени канд. филолог. наук., Алма-Ата - 1961
4. А.Васильев. Материалы к характеристике взаимных отношений татар и киргизов. Оренбург, 1898, стр 11
5. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика) Алматы, 1962, 110 – бет
6. М.Мырзахметұлы. Абай және шығыс. Алматы, «Қазақстан», 1993 ж.
7. Н.А.Баскаков. Каракалпакский язык (фонетика и морфология) часть I, Москва, 1952, стр. 62., 68.
8. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1999 ж.
9. Р.Сыздықова, Б.Шалабаев. Көркем текстті лингвистикалық талдау. Алматы, 1989 ж.
10. Абайды оқы, таңырқа... Алматы, «Ана тілі», 1993 ж.
11. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы 1961ж.
12. Қ.Өміралиев. Абай афоризмі. Алматы, «Қазақстан», 1993 ж.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕСІ

¹Қондыбай Күлшат Әбдіғанымқызы, ²Есенова Гүлшат Сериковна

¹ф.ғ.к., аға оқытушы,

²аға оқытушы, магистр

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ даласының ұлы ақыны, ойшылы, заманынан бойы озық тұрған дана Абайдың қара сөздеріндегі гуманизм мәселесі сөз етіледі, әр қара сөзінде ақын не айтқаны, оны оқушысына қалай жеткізгені сөз етіледі. Абай қара сөздеріндегі қазақ қоғамындағы орын алған келеңсіз жайлар мен адам бойындағы жағымды, жағымсыз әдеттер, олармен күресу жолдары айтылады, адам бойындағы жағымды әдеттерді қалыптастырудың шарттарын мысалмен беріп отырады.

Түйінді сөздер: қара сөздер, адамгершілік, иман, адамды сүю, жақсылық, ғылым-білім, жалқаулық, жүрек ісі, уайым-қайғы, жан құмары, тән құмары.

Заманының жеке дара тұлғасы, энциклопедист жазушы, педагог, психолог, философ, зерттеуші, ағартушы, аудармашы, дана, дара Абайдың қара сөздері өз алдына бір төбе. Абайды басқалардан даралайтын шығармасы да, оның 45 қара сөзі. Бұл сөздерді жазып отырып, оны қалың елі қазақ жұртына арнайды. Ол бір жас ерекшелігіне қарап жазбаған, жалпы қауымға, сөз түсінетін, сөз ұғатын, өскелең ұрпаққа, жалпы жұртқа арнай отырып, керек болса, алып пайдалан, өзіңе қажетін ал дей отырып, адам бойындағы адамгершілік, адалдық, төзім, сезім, түсіну, білу керекті де санамалап отырады, қазақтың ақ пен қараны ажыратуына жол көрсетеді. Адам баласының бойындағы адамгершілік, гуманизм мәселесін тереңнен қозғайды, қоғамда болып жатқан келеңсіздік, адам бойындағы жағымсыз әдеттер мен қылықтарға хакім Абайдың жаны қиналады, жүрегі қан жылайды.

Бірінші қара сөзін қарап көрелік: «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жжазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»[2, 7]. Яғни, енді осы келер ұрпаққа өсиет пен ақыл айту, дұрыс жол сілтеу міндеті дегенге саяды. Осы орайда, Н. Кенжеғараевтың мына сөзін келтіре кетсек: «Қазақ мәдениеті мен ақыл-ойының заңғар биігі – Абай Құнанбайұлынан кейін де талай дүлділ жарап шығып, өздерінің өлмес туындыларын тарту етсе де, хакім Абайдың шоқтығы биік тұратындығы неліктен? Ол ең алдымен Абай шығармашылығының эмбебаптығы, энциклопедиялығымен түсіндірілсе керек. Лирика, поэзия, сатира, поэма, аударма жанрының негізін салып қана қоймай, осы жанрларды әлемдік биікке шығара білуі, музыкалық мұрасы, әлеуметтік-публицистикалық, философиялық, діни, ғылыми, тарихи еңбектерінің мазмұн тереңдігі, ағартушылық, педагогикалық ойлары оның ұлт ұстазы, тіпті адамзат ғұламасы атануына арқау болды» [2, 9]. Шындығында, ғалым пікірімен толықтай келісуге болады, оның асыл мұралары бүкіл адамзатты тәнті етті.

Екінші қара сөзінде қазақтың басқа ұлтқа күле қарап, сынап –мінейді, мынандай ойын ашық жазады: «Біздің ең байымызды. «сәнің шақшы аяғың білән пышыратырға қойған идән, түгіл шық,»»..... Бұл жерде ұлы Абайдың осындай қазақ бойындағы жағымсыз әдеттерді көре-көре шаршағаны, ондай әдеттен арылу керектігін, оның адамды жақсы жағдайға апармайтынын айтып, қиналады, қажиды. Болашақ жастардың осындай тоқмейілсуден, құр мақтаннан арылуына ой тастайды. Былай Абай осы қара сөзді аяқтайды: «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» [2, 11].

Басқаларды менсінбей, олардың істеп отырған жақсы істерін жоққа шығарып, құр мақтанудың адам баласының қас жауы екенін, одан да адам бойындағы жағымды әдеттерді қалыптастырып, өзге ұлттар жасап жатқан жақсы істерді істесе игі еді дегенді меззейді.

Абай өзінің қара сөздерінде рухани жағынан саяздықты, білімсіздікті, надандықты, тоғышарлықты, жалқаулықты, тоқмейісуді, мақтаншақтықты, берекесіздікті, тойымсыздықты, тоғышарлықты көрсете отырып, әркез осындай мінездерді жеріне жеткізе айтып, сынады, өз елінің жағымпаз, жандайшап, не болса соған бас шұлғитын басшыларын тісін батыра отырып, сынады, қорытынды шығарса екен деп, жан –тәнімен қиналады, басын шайқайды, осындай әдеттен қалай ажыраймыз? Не істеу керек? деген мәселені терең қарастырады.

Үшінші қара сөзінде мына данышпандар сөзі келтіріледі: «Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан, келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады». Сонымен қатар қазақ арасында мынадай мақал шықты дейді: «Ісі білмес, кісі білер». Яғни бұл деген пара беріп, өз ісінді түзетесің дегенді айтады. Сол кездегі қазақ қоғамындағы жағымсыз әдеттің көптігіне қынжылады, жаны жылайды.

Төртінші қара сөзінде адам бойындағы жағымсыз әдеттерді санамалап, тізіп көрсетеді. Абай хакім былай дейді: «Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкімен азайтпа, орынды харекетпен азайт». Демек, хакім бос күлкінің зияндығын, өте уайым-қайғыға салынуудан да адам жанының қажитынын айтады. Осы сөзіннің сқңында былайша қорытынды жасайды: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ- өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды»[2, 15]. Бос күлкі, уайым –қайғы да адам өміріне зиян екенін қадап айтады, қулық, сұмдық, тіленшілік, т.б. жағымсыз қылықтардан арылу үшін, харекет ету керек, еңбек ету, құдайға сену, өз күшіне сену арқылы бір игілікті іс жасауға болатынын дәлелдейді. Дұрыс іс істеген жанды алла да құр қалдырмайды деген қорытынды тұжырым жасайды.

Алтыншы қара сөзінде мына мақалды алып, өз пайымы бойынша талдайды. Ол мақал: «Өнер алды-бірлік, ырыс алды-тірлік». Осы мақалды алып, бірлік қандай елде болатынын білмейді, қалай етсе татулық болатынын білмейді дейді, бірлік малға сатылса, антұрғандықтың нағыз өзі дейді.

Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжакбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың пысық, ішің –нас,

Артын ойлап ұялмас, болып жүріп, тірімін деме, онан да Алланың ақ бұйрықты өлімінің өзі артық [2,17]. Адал еңбекпен таппаған нәрсенің бәрі харам дейді хакім.

Жетінші қара сөзінде адам баласы дүниеге екі түрлі мінезбен туады дейді, біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұл – тәннің құмары десе, екіншісі- естігенін сұрап, тыныштық көрмейді, бұл -жанның құмары деген болатын. Тәнді жанға бас ұрғызса керек еді, біз олай етпедік деп өкініш білдіреді. Жан бізді жас күніміздебилеп жүрген екен, біреу ақыл айтса, ұқпаймыз. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ, -деп қынжылады хакім Абай. Құр даурығып таласамыз, ол не береді, надандығымызды білімділікке бермей құр даурығу да жақсылық емес дегенді айтып, қоғамдағы надандық жанын жейді.

Сегізінші қара сөзінде Абай ақылды кім үйретеді, насихатты кім тыңдайды дейді. Мысалы, болыс та, би де тыңдамайды, себебі олар өздерін үздік адамбыз, біреуге үлгі

берерлік жанбыз деп сайландық деп есептейді дейді. Байлар да тыңдамайды, ұры-залым, сұм-сұрқия екібастан тыңдамайды, кедейлер де тыңдамайды, күнін эзер көреді, олар ғылым, білім ақылды неғылсын дейді. Олар: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт», -дейді [2,19-20]. Алдыңғылардың өзгемен ісі жоқ, сондықтан күнін әрең көріп жүрген кедейге тіпті керек емес дегенді айтады.

Тоғызыншы қара сөзінде былай деген болатын: «Осы мен өзім - қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді [2,21]. Демек, бұл қара сөзінде ұлтжанды Абай хакімнің өз жұртына жаны ашуы, оларды қалай дұрыс жолды таңдатуға болады деп қиналады, жан-тәнімен бұндай жолдан құтқарам деп, қиналады, дегенмен, болашақта білім мен ғылымды үйрену арқылы ғана дұрыс қоғам қалыптасатынына сенеді.

Оныншы қара сөзінде біреулер құдайдан бала тілейтінін, ол артымнан құран оқысын, қартайған шағымда асырасын деп тілейді дейді, осыдан басқасы бар ма деп сұрақ қояды. Бұл қара сөзінде баланы не үшін тілейсің? Ол балаға өзің үлгі көрсетпесең, сен қылмаған істі ол қыла ма дейді? Алдымен, мал тілейсің, оны құдайдан тілемейсің. Сондықтан құр тілегеннен ештеңе шықпайды, құдайдан сұра дегенді айтып отыр. Осы жерде құдай тағала саған еңбек етіп, мал табарлық қуат берді, оны да пайдаланбайсың деп налиды. Сол Алла берген қуатты орнымен жұмсай алмадың деп кейиді. Соған жетерлік ғылым берді, оны да оқымайсың деп жанымен қиналады. Абай сөзімен айтсақ: «Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсамаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Сенікі біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің -сол»[2,23]. Абай, сол кездің жатып ішер байлары мен арамтамақтарға ғылым, білім алып, сол ғылымды пайдалансаң, ғана дұрыс қуатты дұрыс жұмсап, ақылмен іс істесең, мұратыңа жетесің дегенді ұстанады. Халқы сондай өнер, білім, ғылым арқылы жетістікке жетсе, адал іс істесе екен деп тілейді.

Он бірінші қара сөзінде былай деген: «Осы елдің үнем қылып жүргені не? Екі нәрсе. Әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр.... Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр» [2, 25]. Бірін-біріне айдап салып, азғырып, күн көрушілер, бірін –бірі арандатушылардың көп екенін, ауқаттыларға жел берушілер, тасада тұрып тас атушылардың көп екенін байқайды, оған да жаны қынжылады. Абай былай дейді: «Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?»[2, 26-28]. Осы тұста да Абай жанына қоғамдағы келеңсіздік, бірін-біріне айдап салу, азғыру, ұятсыздық секілді істердің белең алғаны жанын жегідей жеп, елдің жайын ойлап қиналғаны айқын аңғарылады. Осыны кім тыя алады, қалай ғана қазақты осындай істерден құтқарамыз деп, ойын сан-саққа жүгіртеді, ойланады. Мыңмен жалғыз алысқан Абайды көруге болады.

Он екінші қара сөзінде былай дейді: «кімде –кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі –иманның игітігатын махкамлемек керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде – кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадат ғибадат болмайды»[2,30]. Бұл жерде ұлы ғұламаның ғибадат туралы, имандылық туралы мәселені де өткір қоя білген. Құр намаз оқып, өзі еш нәрсе түсінбесе, онда оның еш пайдасыз екенін ескертеді. Басына сәлде орағанның бәрі молда емес, намаз оқығанның бәрі мұсылман емес деп ескертеді.

Он үшінші қара сөзінде де иман мәселесін жетік білетіні, мұсылмандық қағидаларды, сенім туралы көп білетіні аңғарылады. Абай хакімнің иман туралы айтқанын қарап көрелік: «Иман деген –алла табарака уа тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссәләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі - не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел –испат қыларға жараса, мұныякини иман десе керек. Екіншісі- кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек» [2,31].

Иман сөзіне анықтама бере отырып, оның шарты туралы айтады, қалай иманды болатынымызды түсіндіреді. Иманды адамның сенімі мен оқуы болу керектігін ескертеді. Адамның бойындағы иманға берікті түсіндіреді. Қалай үйрену керектігін айтады. Оның ішінде иман таклиди дегеннің не екенін түсіндіріп береді. Иманды сақтау үшін, қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керектігін қадап айтады.

Он төртінші қара сөзінде жүрек туралы мәселені қозғай отырып, ерлік, батырлық сияқты қасиеттердің адам бойында қалай қалыптасатынын бағамдайды. Өз сөзімен келтірелік: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – бұлар жүрек ісі. Асықтық та –жүрек ісі» [2,33]. Абай жүрек мәселесі туралы айта отырып, адам бойындағы әдемі қасиеттер: батырлық, ерлік, бауырмалдық, мейірбандық, сағыныш, жақсы көру, ғашықтық т.б. жүректен шығатынын, олардың жүрек ісі екенін мойындатады. Жүректі кісі тіркесінің мағынасы батыр кісі деп, мысалымен түсіндіреді.

Он бесінші қара сөзінде ақылды кісі мен ақылсыз кісінің парқы туралы ой толғайды. Есер кісі баянсыз,бағасы жоқ нәрсеге қызығып, өмірін босқа өткізіп алады, бос жүріспен қайрат қылуға шамасы жетпей қалады деген екен. Үшінші құмарлық мәселесі туралы, оның түрлерін, әр құмарлықтың ауру, дерт, яғни адамға зиян екенін, одан мастық пайда болатынын айтып, адамды мастықтан, ойсыздықтан сақтандырады. Абайдың мына айтқанына назар салалық: «Егер естілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыпсың?» [2,35]. Он жетінші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып кеп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің білесің ғой, дүниеде еш нәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын; әуел өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз,

болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» [2, 38].

Ақыл не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетін менмін, адамды ұғатын мен, сөзді ұғатын да –мен, менсіз өздері не істей алады депті. Жүрек оларға былай депті: Мен - адам денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекендейді, менсіз тіршілік жоқ,-деген екен, сонда ғылым оларға былай депті: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, -депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: Жақсылық айтқанына жаны-ділі құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет,- деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен» [2, 39-40].

Хакім Абай жүректің адам өміріндегі, адам денесіндегі рөлінің зор екенін айта келіп, ғылымның атынан ақыл мен қайраттың жүрекке бағынуын қалайды. Жүректің ерекшелігін, жүректің маңыздылығын ерекше көрсетіп отыр. Осы он жеті қара сөзінің өзінен-ақ ұлы Абайдың өз қоғамындағы болып жатқан келеңсіздіктердің орын алып отырғанын, көзімен көріп, жанымен қиналғаны, онымен күресу керектігін, адам бойындағы, қоғамда болып жатқан жайттар жанын қинайтыны, одан құтылмаса, болашақтың бұлыңғыр екенін меңзеп отыр. Қоғамдағы қалыптасқан жағымсыз жайлар мен адам бойындағы жағымсыз әдеттер мен мінездерді көргенде жан –дүниесімен сезініп, қайғыратыны аңғарылады. Батырлық, ақылдылық, иман, өзіне –өзі есеп беру т.б. мәселерді қозғай отырып, көп мінез, адам бойындағы жағымды және жағымсыз әдеттер, қоғамдағы келеңсіздіктерді көрсете отырып, одан алыс болу жағын ойластырады. Барлығын дәлелмен, мысалмен келтіріп отырады. Нағыз өз елінің жанашыры, ұлы Абай сол кездегі болып жатқан оқиғалар мен қоғамды жайлаған жағымсыз әрекеттерге жаны қиналып, жүрегі жылап, осындай жағымсыз әдеттерден арылу керектігін, еңбек пен білім алып, соның нәтижесінде ғана құтылуға болатындығын пайымдайды. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында былай деген болатын: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып- үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемеспіз»,- деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болу үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет»[3]. Жалпы алғанда, Абай бабамыздың қара сөздерінің оның өлеңдерімен мағыналық байланысы, сонымен қатар, адамзаттың бойына ғылым мен білімнің, басқа да жақсы қасиеттердің қалыптасуы үшін не керектің бәрін көрсетіп, дайындап, қалай алу керектігін, адамды қалай тәрбиелеу керектігін, өзінді – өзің қалай дамыту керектігін, барлық жақсылықтың дәнін сеуіп кеткенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Кенжеғараев. <https://www.inform.kz>
2. Абай Құнанбаев. Қара сөз. Поэмалар. Ел. Алматы, 1993. 272 бет.
3. Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. №1-2 (3689). 10 қаңтар, 2020.

АБАЙТАНУДАҒЫ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

¹Умирбаев Айбат Сидагытоллаевич, ²Жалғас Айдана Андрейқызы

¹Г.ғ.м, оқытушы

²«7М02304: Филология» мамандығының 2-курс магистранты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай шығармаларының қолжазба мұрасы, таралуы, Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың текстологиялық еңбектері жөнінде жазылған.

Түйінді сөздер: текстология, полемика, қолжазба, арнау өлеңдер, басылым.

Рухани құндылығымызға айналған ұлы Абайдың мұраларын тану жолында абайтану сынды ғылым қалыптасты. Бұл саланың негізгі зерттеу нысанасы Абай мұрасын тану, бағалау бүгінге дейін үздіксіз зерттелу үстінде. Қойнауы терең абайтану ғылымында әлі де зерттеуін күтіп тұрған мәселелер көп. Абайдың ақындық кітапханасы, Абай шығармаларының текстологиясы, Абайдың «толық адам» ілімі, оқытудың тиімді технологиясын қолдану арқылы Абай ілімін жастарға түсіндіру, насихаттау т.б. мәселелер жүрдім-бардым ат үсті қарауға болмайтын, үлкен жауапкершілікті, білімді талап ететін нәрселер.

Абайтану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі – ақын шығармаларының мәтіндік бірізділігі яғни текстология.

Абай шығармаларын жинау, оны бастыруда текстің зерттеудің, ғылыми тұрғыдан анықтаудың мәні үлкен болды. Олай болатын себебі, Абайдың өз қолымен жазылған шығармасы жоққа тән.

Мұхтар Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиясында былай дейді: «Қазаннан, әскери қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен татар молдалары: Ғабитхан, Кішкене молла (Мұхамметкәрім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және қазақтан шыққан: Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырды. Ғабитхан, Кішкен молла сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мүрсейіт бастаған көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын сол жаңағы 1896 жылдан бері қарай көшіретін болады» – деп жазады. Сондай-ақ, Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында «Мүрсейіт еңбегін айрықша атап өту керек. Кәзір Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағының барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз – сол Мүрсейіттің көшірмелері» [1, 35-б].

Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалар сақталмағандықтан «асыл нұсқадан тікелей көшіру көшіру» жайында жорамал түрінде ғана айтуға болады.

Енді бір атап айтатын қолжазба Керекү өңірінің тумасы – Садуақас Мұсаұлы Шормановтың 1884-1891 жылдар арасында жазған қолжазба жинағы. Бұл қолжазба жинақты алғаш тапқан академик Әлкей Марғұлан былай деген болатын: «Садуақас осы дәптерін 1897 жылы Петербургқа барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П.М.Мелиоранскийге сыйға тартқан. Кәзір бұл дәптер Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, академик А.Н.Самойлович архивында сақтаулы тұр. Садуақастың бұл дәптері – қазақ қолжазбаларының ішіндегі маржандай тізілген көркемінің бірі. Садуақас орыс әдебиетін, Күншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы білетін мәдениетті кісі болғандықтан Абай шығармаларына зор мән беріп, оны өз қолымен мүлткісіз көшіріп, ғылыми кітапханаларға тапсыруы игілікті іс болған» [2, 20-б].

Абай өлеңдері әу баста біреуден біреу жаттап алып, әнге қосып айту арқылы ауызша таралған. Кейбір өлеңдері осындай ауызша таралу түрінен баспасөз бетіне түсу арқылы да насихатталып жатты. Ақын туындыларының қолжазба көшірмелері түрінде де таралғаны мәлім. Көбінесе, қолжазба көшірмелер ақын өлеңдерінің текстологиялық жағынан түпнұсқа болмысын сақтауда орны ерекше құбылыс болды.

Ақын дүниетанымының қалыптасу жолында әр түрлі саладағы ой пікірлерінің эволюциялық даму, қалыптасу жолын ғылыми тұрғыдан танып білуде, әрине, Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау мәселесі, хронологиялық бірізділікті қалыптастырып, жүйелі түрде ізденуге әкеледі.

Абай алғаш өлеңдерін шәкірті Көкбай атынан жариялап жүрді. Көкбайдың өзі айтқан естелігіне сүйенсек: «Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», – деді. Мен: «Асса, басында қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз», – деп қалжыңдадым, сүйтсем, сол күні «Жаздыкүні шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді» [3, 201-б]. Абай өлеңі ақындық сынның негізінде туғанын аңғарып отырмыз.

Ғалым Ә.Жиреншиннің пайымдауынша, Абай өз шығармаларын Көкбай атымен жариялауының себебі мадақтау мен менмендікті ұнатпаған әрі Көкбай есімімен беруді жөн көрген.

1916 жылы Орынборда жарияланған Самат Әбішұлының «Абай термесі» атты еңбегінің абайтану саласына сіңірген қызметі орасан зор. Алғашқы 1909 жылы Петербургтегі Кәкітай бастырған жинақтан тыс осында Абайдың бұрын-соңды баспа бетін көрмеген тың туындылары болатын. Оның үстіне аталмыш еңбек авторының қолындағы Абай өлеңдері ауызша түрде емес, жазбаша қолжазба деректер бейнесінде жеткізілген. Бұны С.Әбішұлы: «Бұл бір елге көп жайылмаған қазақ ақыны Абай Құнанбайұлының бұрын басылмаған азғана сөздері еді. Мен қолымдағы барды кітапша етіп, бастырып алуымды қаладым» [4, 38-б], – деп мағыналы мақсат қояды.

М.Әуезовтың Абай өлеңдерінің өрнек үлгісін бастапқы табиғи қалпына келтіру жолында атқарған ізденістері де, ақын шығармаларын текстологиялық жағынан жетілдіру жолындағы ізденістері де абайтану тарихында өзіндік орны бар құбылыс.

Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау ісі Абайдың ақын шәкірттерінің ықпалымен 1907 жыл мен 1927 жылы жүргізілген еді. Бірақ ол жылдарда ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтаудың негізі салынғанымен, көптеген өлеңдерінің жазылу уақыты толық анықталмай, біршама кемшіліктерге жол берілді. М.Әуезов өз зерттеулерінде осы кемшін жайларды толықтырып, ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтауда толассыз ізденіп, бір ізге түсіріп кетті. [5, 36-б]

Абай мұрасын танып білуде зерттеуші ақын шығармаларында тілге алынатын арнау өлеңдерге ерекше мән бере қараған. Өйткені арнау өлең нысанасына алынған кісілерді жан-жақты терең танып білу арқылы сол заманда орын алған саяси әлеуметтік мәселелерді Абай бастан кешкен өмір шындығымен ұштастыра отырып көркемдік тәсілмен ашуға қолы жеткен.

«Арнау өлеңдерді мен өзім жинастырып көптеген кісі аттарын қалпына келтірдім», – деп Абай өмірбаянын төрт рет қайта жазып толықтыра түскенде, арнау өлеңдері арналған кісі аттарын да толығынан анықтап шығады. Осы қолы жеткен тарихи дерек көздерін, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясында шеберлікпен қиыстырып пайдалана білгені Әбсәмет туралы Абайдағы:

Әбсәмет жиенің
Ол сенің біреуің –

деген өлең жолындағы Әбсәметті эпопеядағы Әбіш ауырып жатқан кезеңмен байланыстырып суреттеуінен көреміз. Арнау өлең арналған кісілердің бәрі де Абай өмірбаянын жазу мен эпопеяны жазуға даярланған тұста толығымен анықталған болатын [5, 39-б].

Абайтанушы ғалым Қ.Мұхамедханов негіздеген Абай шығармаларының мәтіндік бірізділігі мәселесі күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, іргелі зерттеу жұмыстарының бірі. З.Ахметов, С.Қирабаев, М.Мырзахметов сынды ғалымдар жалғастырып, тереңдеп із салғанымен де түзеу жұмыстары қайырылып бітті деп те айта алмаймыз.

Абай шығармаларының текстологиясы – 1951 жылы Абай мұраларын тану, зерттеуге қатысты әдебиетімізде полемика тудырған күрделі де, іргелі тақырыптардың бірі. Қ.Мұхамедханов бұл тұста жалпылай шолған өзге сыншылардан айырмашылығы мәтін түзу мәселесінде ғылыми негізді пікірлермен ерекшеленеді. Зерттеуші ғалым: «Ақынның өз қолжазбасы сақталмағандықтан, Абай жинағын баспаға әзірлеуде 1909 жылы шыққан кітапты, Мүрсейітқолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ, ол жеткіліксіз. Оның себебі, ол кезде Қазақстанда полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы сапалы болып шығуын қамтамасыз ете алған жоқ – деп Абай шығармаларының мәтінін түзудегі кемшіліктердің орын алу себептерін айқындайды.

Ғалым айғақты деректерімен ақын өлеңдерінің бұрмаланып берілген тұстарын, арасына енгізілген сөздерін дәлелдеп берді. Сөздің бір әрпі түсіп қалса да, айтылар ойға көлеңке түсіріп, мәтіннің айқындылығын солғындатады. Абай шығармаларындағы осы тәрізді заңсыз өзгертулер Қайым Мұхамедханов назарынан тыс қалмады. Мәселен, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінің бесінші шумағы 1909, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарында

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

–деп берілген. Қ.Мұхамедханов: «біз өлең жолын былайша оқысақ, Абайдың өзіндік түп нұсқасын қалпына келтіреміз деп берік сенеміз:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы осы деп ғәділетті»

–деп түзету енгізеді. Себебі өлеңде жаратушы алла тағала туралы сөз болғандықтан «ғәділет» сөзі «әділетті» дегенге қарағанда анағұрлым мағыналық аясы кең. Әрі «ғәділет» сөзі – алланың бірден-бір ақиқат кітабы болып танылған құран кәрімнің сөзі. Біздіңше, текстолог осы шумаққа өзгеріс енгізуде осындай қисындарды ұстанған.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау

Өлеңі бірі жамау, бірі құрау –деп басылып келген. 1954 жылғы басылымда институт қызметкерлері қате деп есептеп:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау
Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау – деп түзеткен.

Абай Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың ақындығын жоққа шығарып, өлеңдерінің «бәрі жамау, бәрі құрау» деп олардың ақындығына мүлдем шек қоймайды. Өлеңдерінде кездесетін идеялық және көркемдік кемшіліктерін сынайды. «Кешілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау» деген жолдың өзінен-ақ ақынның барлық шығармаларын жоққа шығармай, тек кездесетін кемшіліктерін ғана сынап отырғанын анық аңғарамыз [6].

Кетті бірлік,

Сөнді ерлік,
Енді кімге беттемек?
Елің – ала,
Отты шала,
Тайса аяғың, кім көмбек?

1909 жылғы кітапта «кім көмек» деп берілсе, 1933 жылғы тұңғыш толық жинақта «кем көмек» деп берілген. Қайым Мұхамедханұлы 1909 жылғы кітаптағы нұсқасы дұрыс дейді [7].

Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың текстологиялық зерттеулері негізінде, Абай қолжазбалары мен басылымдарын пайдалана отырып алдағы уақытта іргелі текстологиялық зерттеулер жүргізудің маңызы зор болмақ.

Абайтану ғылымының артқан жүгі, алда тұрған міндеттері ауырлай түспесе, сынық сүйем де кеміген жоқ. Абайды таныту мен қазақты таныту егіз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, «Санат», 1995. – 320 б.
2. Марғұлан Ә. «Абай қолжазбасы». «Қазақ әдебиеті» 16 август, 1963ж.
3. Көкбай ақсақалдың естелігі. / Кітапта: Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). -Алматы: Жазушы, 1995. -296 б.
4. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.
5. Мырзахметов М. Абайтану Алматы, 2010- 152 б.
6. Смағұлова А. Қайым Мұхамедханов және текстология мәселелері//Шәкәрім.- 2012.- №1.- б.66
7. (Қ.Мұхамедханұлы. Шығармаларының екі томдығы. Астана, Фолиант, 1-том, 234-бет).

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ХАН-СҰЛТАНДАР БЕЙНЕСІ

Зиноллаева Аяжан Қанжарбайқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
«Филология» мамандығының 1-курс магистранты,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. ХІХ ғасырдың орта тұсында Абайдың балалық шағы өтеді. Бұл кезде Қазақстанда патшалық отарлау саясатының алғашқы дәуірі аяқталған. Ақынның бүкіл саналы өмірі, шығармашылық әрекеті осындай ерекшелігі бар тарихи қоғамдық өмірдің ортасында өтіп жатты. Міне, Абайдың ел тірлігіне араласып, әлеумет қайраткері болып шыққан, ақындық өнерге ден қойған тұстағы бүкіл қазақ даласындағы осындай көптеген жағдайлар орын алып жатқан-ды. Осылайша, Абай Құнанбаев өмірдің рақатын, шындығын өз жүрегінен шыққан өлеңдерімен жұбатты.

Түйінді сөздер: поэзия, хан-сұлтандар, тарихи тұлғалар, патша үкіметі, елдің жайы, би-болыстар, қазақ даласы, шындық дарыны.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) - қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы), Абай ауданы, Қасқабұлақ деген жерде өмірге келді. Қазақ халқының данышпаны, ұлы ақын, кемеңгер ойшыл, жазба әдебиетінің негізін салушы, аудармашы, ағартушы-ұстаз, әділ би, заңгер, қоғам қайраткері болып қазақ әдебиетінде

сыншыл реализм бағытын алып келді. Он үш жасынан бастап әке ықпалымен оқудан қол үзіп, ел басқару ісіне араласады. Халқының отаршыл Ресейдің қол астындағы ауыр тағдырын көріп өседі. Ұлы ақын, философ, ағартушы-ұстаз Абайдың күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «кәміл адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Абай шығармаларында қозғалатын мәселелерді түсіну үшін ең алдымен, ақын өмір сүрген дәуір болмысы мен сол ортаның саяси ахуалын білу шарт. Ақын ғұмыр кешкен заманның жағдайын білу үшін XIX ғасырдағы Қазақстанның тарихын еске алу керектігін академик М.Әуезов ескерте өтеді. “XIX ғасырдың орта кезі, екінші жартысында Абай кезінде болған жағдайларды білу үшін сол кездегі жалпы Қазақстанның тарихи халін еске алу керек”, - дейді ғалым. “XIX ғасырдың орта тұсында Абайдың балалық шағы өтеді. Бұл кезде Қазақстанда патшалық отарлау саясатының алғашқы дәуірі аяқталған. Әскери колонизация өз дегеніне жеткен шақ. Ол дәуірдің алдында болған қозғалыстар аяқталған кезі. Патша өкіметінің отарлау саясаты өз жемісін бере бастаған мезгіл. Әскери түрде отарлау арқылы бірсыпыра жергілікті шаруа халқының қонысы ауысып, өздерінің шұрайлы жерлерінен айырылады” [1,5]. Міне, осындай қиын-қыстау замандағы адамдардың өмір-тұрмысын көріп өскен бала бойында өмірге, адамға деген басқаша «көзқарастардың» туындауына себепші болды. Яғни, Абай Құнанбаев өмірдің рақатын, шындығын өз жүрегінен шыққан өлеңдерімен жұбатты. Осылайша, Абайдың бүкіл саналы өмірі, шығармашылық әрекеті осындай ерекшелігі бар тарихи қоғамдық өмірдің ортасында өтіп жатты. Міне, Абайдың ел тірлігіне араласып, әлеумет қайраткері болып шыққан, ақындық өнерге ден қойған тұстағы бүкіл қазақ даласындағы жағдайы осындай болатын. Осындай жағдай Абайдай алыпты өмірге әкелді, оны «мыңмен жалғыз алысуға» мәжбүр етті [2]. Қазақтың төл атымен белгілі XV ғасырдан басталатын ел билігі тарихы да ауыз толтырып айтарлық. Ел тәуелсіздігі үшін күрескен халқымыз, оны бастаған қайраткерлеріміз, еңселі тұлғаларымыз болды. Бірақ кеңес дәуірі кезінде ұлы державалық саясат тарапынан еліміздің тарихи шежіресі, тарихта ізі қалдырған қайраткерлеріміздің өмірі туралы ел аузындағы, халық жадындағы, көркем туындылардағы деректерге сенімсіздік білдіріп, жазба деректерге дәлелденбеген деген желеумен ондай зерттеулерге оң қабақ танытпады. Сондайды көре тұрып қой көрнекті қазақ ақыны Ғафу Қайырбековтің «Хан Абылай, қадірінді ерте біліп...» деп басталатын өлеңінде: «Бір сұрақ - әлі күнге мен аңғарман, Сұрап келем ақылды адамдардан, Өзге жұрттың хандары жақсы болып, Біздің хандар қалайша жаман болған?» [3,88]-деп ашына айтып, күйінетіні. Сол кездегі қоғамның дамуына, тарихқа таптық көзқарас тұрғысынан қарау салдарынан тарихи тұлғаларымыздың рөлі төмендетіліп, хан болса түгелдей дерлік - ел қанаушысы, батыр болса саусақпен санарлықтай басқасы - есер, би болса - әділетсіз, ханның сойылын соғушылар деп танылып, тарихи шындықтан өзгеше, тоны айналдырып, бұрмаланып көрсетілді немесе әдейі ұмыттыру мақсатымен тарихи зерттеулерде айналып өтіліп, оқулықтардан аластатылды [4,4]. Қазақ тарихи тұлғаларының ішінде ел тарихында терең із қалдырған, қоғам өміріне ерекше белгілердің бірі - хандар. Әрине, халқымыздың мыңдаған жылдарға ұласқан үлкен тарихына жүгінсек ұлтымымыздың бастауы жоғарыда айтылған түркі тілді сақтар, ал мемлекеттігіміздің басы сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы сол сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары құрған мемлекеттер болса, олардың тарихи жалғасы болып саналатын біздің жыл санауымыздан кейінгі Түрік, Оғыз-Қыпшақ, Түркеш, Қарахан қағандықтары мен Алтын Орда, Ақ Орда, Әбілхайыр хандықтары [4,5-6]. Ұлы ақынды «заман туғызады» дейміз. Заман, қоғамдық жағдай - ақын, жазушы творчествосының өмірлік тірегі, негізгі, түп тамыры. Ал ақынның өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас-байланысы, жалпы дүние-болмыстан алатын әсерлері сан алуан, оны бірнеше нақтылы жай-жағдайларымен шектеуге, бір жақты, тар көлемде түсінуге болмайды. Басты мәселе - Абай халықтың түбегейлі мүддесі, арман-тілектерін қаншалықты терең ұғып-

түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік қуаттылықпен айтып жеткізе алғандығында. Абай қазақтың жаңа реалистік жазбаша әдебиетінің негізін салды. Абайдың шындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Сонымен қатар, өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүние-танымы көбірек көрінетін өлеңдерінде қатысты, яғни, ойшыл философ ақын деген мағынада да айтамыз. Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ, ақын творчествосы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқаны, түп-тамыры арыда жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның дамуындағы бір елеулі, кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің, жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді дегеніміз жөн. Ал қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық проблемалардың, мысалы, әділдік, бірлік, достық, еңбексүйгіштік, талаптылық, адалдық, солармен қатар озбырлыққа, жауыздыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелері қай заманда да мәнін жоймайтындығын және қанша заман ауысып, уақыт, жағдай өзгерді дегенмен халықтың ұлттық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері жаңғырып жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Абай поэзиясы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге үлкен себін тигізе алатынын мойындауымыз керек. Олай болса, Абай творчествасын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайды, ол - заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра [5,9-10]. Абайдың «Күлембайға», «Мәз болады болысың», «Жылуы жоқ бойында», «Мұқыр болысы Дүтбайға арналған», «Болыс болдым мінеки» сияқты өлеңдерінде отаршы өкіметтің құлақ кесті құлдарына тән көптеген жалпы сипаттар берілген, болыс-билердің арасында жүріп жататын дау-шар, сатқындық, паракорлық, болыс сайлауы алдындағы қарсыластарына жабылған жала, шектен тыс жасалған озбырлық, жемқорлық, халыққа көрсеткен зорлық, болыс, байлар арасындағы бұлтарыстар, әсіресе, сайлау қарсаңында патша чиновниктері алдындағы шексіз жағымпаздықты өлтіре сынаған. Мысалы, Абай «Күлембайға» деген өлеңінде пара мен тартыстың күшімен болыс болған адамның билік жүргізген алғашқы күнінен бастап жасаған заңсыздықтары, қиянат-қорлығы үшін орнынан алынып, сотқа берілу қаупі туғанға дейінгі қулық-сұмдық істерін түгел әшкерлейді. «Бұрынғыдай дәурен жоқ, Ұлық жолы тарайды. Өтірік берген қағаздың, Алды-артына қарайды... Өзі залым законшік, Танып алды талайды, Көрмей тұрып құсамын. Темір көзді сарайды» [6, 65]. Сондай-ақ, ақын Дүтбайға арналған өлеңінде өз мақсатын ғана ойлайтын болыстың залымдығы мен екіжүзділігін әбден әшкерелейді: «Бір көрмеге тәп-тәтті, Қазаны мен қалбаңы, Дөң айналмай ант атты, Бүксіп, бықсып ар жағы [6,175]. «1888 жыл. Абайдың ақындық өнер жолына барынша ширығып, уыттанып кіріскен жылы. Ел ішіндегі ауырлықты, надандықты, пәлекорлықтың бәрін айтып тауыса алмастай ашу-ыза кернеп келеді де осыған орай өлең де осы тұста көп шығады. «Көңлім қалды достан да, дұшпаннан да» дегеннен Күнту болыс болған кездегі өзінің дос деп жүрген адамдарының жау болып шыққанын айтады» [7,139]. Абай болыстардың халыққа қарсы сатқындығын, патша өкіметінің қарғылы төбеті болған бұлардың паракорлығын көптеген сықақ өлеңдерінде әжуалайды. «Мәз болады болысың Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейіп орысың, Шенді шекпен жапқанға». Абайдың болыстарға арналған сатиралық өлеңдерінен, әсіресе, ерекше шыққан, бүкіл болыстардың психологиялық характерін ашатын «Болыс болдым, мінеки» өлеңін атауымызға болады. Осы өлең жөнінде академик М.Әуезов былай дейді: «Ақын сатиралық ең бір өтімді, дәлелді және өмір шындығына ерекше жақын, төте жолын алады. Жауыздығын өз аузымен тегіс түгендеп өзіне айтқызу Абайдың жаңадан

дәл басып тапқан шебер әдісі» [8,139]. «Мәз болады болысың», «Болыс болдым мінеки» өлеңдерінде ақын жаңаша сапа, сипат танытып, «роман, повестің ішінде берілетін жанды образдардың бар мүсін кейпін» қапысыз қамтыған деуге болады. Суретшілдік, сыншылдық, мысқылшылдық жағынан да Абай болыстың өз тілімен, бірінші жақтан сөйлетіп, психологиялық автопортрет жасату арқылы өзгеше үлгі, өрнек қалдырған» [9,131]. Мәселен: «Болыс болдым мінеки, Бар малымды шығындап, Түйеде қом, атта жал, Қалмады елге тығындап, Сөйтсе дағы елімді Ұстай алмадым мығымдап, Күштілерім сөз айтса, Бас изеймін шыбындап. Әлсіздің сөзін салғыртсып Шала ұғамын қырындап Сыз бар десе жүрегім Орнықпайды суылдап» [6]. Расында да, осы өлең жолдарынан пара беру арқылы болыс болып, ендігі жерде елге тізесін батырып, күштілердің алдында құрдай жорғалайтын екіжүзді, өтірікші, жағымпаз болыстардың бейшара халдерін көреміз. Абайдың өлеңдерінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы өзінің барлық бітім болмысымен сипатталады. Ақын халықты сорлатып отырған жуан содырлардың, ұрылардың, пысықтардың елге көрсетіп отырған зиянды қылықтары мен кесел мінездерін өткір сынайды. Өз халқының басынан кешіп отырған осындай кертартпа, кереғар мінездерін ашына отырып түйрейді. Абай: «Атшабар келді лепілдеп: “Ояз” шықты, сыяз бар, “Ылаң” деп, “үй” деп дікілдеп, Сасып қалдым, күн тығыз, Жүрек кетті лүпілдеп», - дейді. Абай атшабардың бейнесін өте күлкілі етіп береді. Атшабар келгенде елді дүрліктіріп, «лепілдеп» келеді. Сөйлегенде асығыс, шошыта «дікілдеп» сөйлейді. Атшабардың сөзіне болыстың жүрегі «лүпілдей» қалады. «Бұл көрініс - әкімшілік системасын мысқылдап, өте нәзік жасалған сатиралық эпизод. Сықақ бейне тудырып тұрған атшабардың «дікілдеуі», болыстың жүрегінің «лүпілдеуі» өлеңнің ұйқасымен ғана күшті емес, мысқыл, сықақ арқылы типтік тұлға жасалумен де күшті» [10,146]. Абайдың болыстық сайлау жайынан мәлімет беретін «Антпенен тарқайды» атты өлеңінде: «Антпенен тарқайды, Жиылса кеңеске, Ор қазып байқайды. Туа жау емеске». «...Аз адам шаршайды, Ебіне көнбеске. Басы ыңғай қайқайды, Амал жоқ өлмеске». «Тұрағұлдың айтуына қарағанда, болыстар мен билер сайлауы кезінде, 1894 жылы жазылған. ...Ел арасындағы пысықтардың байды жарлығы, биді байға атыстырып, ебін тауып, екі асап жүргендерін, бірін-бірі аңдыған өңкей қанды ауыз жемдестердің ақырында бет жыртысып, “таласып тарқайтынын” ащы мысқылмен түйрейді» [3,88]. Болыс сайлауының алдында жуандардың жиылып, кеңес құрып, бір-біріне ант беріп, ақырында бір-біріне ор қазып, өкпелеп, таласып тарайтын бірлігі кеткен бейберекет елдің жайын Абай айтады. [2]. Сонымен қорыта келгенде, Абай әдебиеттің маңызын, оның қоғам өмірінен алатын орнын дұрыс түсінді. Ол өлеңге жеңіл желпі қарап, байларды мақтап, тілін безеп, мал үшін сатылып, өнердің қадірін кетіріп жүрген ақынсымақтарды қатты сынға алды. Абай - өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі-сыртқы сырларын жете ашқан реалист жазушы. Ол өз кезіндегі қоғам өміріне сын көзімен қарап, барлық қайшылықтарын көре білді. Елінің әлеуметтік жайына, тұрмысына, ой-армандарына, мұң-мұқтаждарына үнілді. Қалың бұқараның өз еңбегінен игілік, бақыт көрмей, азап тауып, қорлық көріп келе жатқанына қынжылды. Ел берекесін алып, дау-жанжалды қоздырып, бүліктен пайда тауып жүрген кулардың зұлымдық бетін ашты. Ақын пысықсыған қазақ даукестерін өлтіре мысқыл етіп жазды. Ұлы ақын, жазушы Абай Құнанбайұлының негізгі идеялық мазмұны – болыс, сұлтан образында хан мен патшаларды көрсетіп, халықты олар сықылды ел жаулағыштардан жирендіру, әділдікке үндеу. Әділдік пен даналықтың айқын көрінісін би болып төрелік айтатын, басың, көзің бар-ау демей шындықты тура айтатын Аристотель секілді дана тұлғалар арқылы көрсету, оларды басқаларға үлгі ету. Автор өз шығармаларында ретроспективті әдісті молыннан пайдалана отырып, тарих бетінде із қалдырған хандар, билер, сұлтандар, батырлар, ақын-жыраулар мен қарапайым халықтың бейнелерін қолданады. Негізгі ойы – жастардың қанмен жазылған тарихты ұғындыру мен түсіндіру деп айта аламыз.

Сонымен қатар, қазіргі таңда 175 жыл толса да ұлы философтың кез келген ойы мен үздік идеялары әлі күнге дейін өз мазмұнын жоғалтпағанын, қанша ғасырлар өтсе де жоғалпайтындығын зор сеніммен айта аламыз. Елдің жоғын-жоқтап, зарын зарлаған елдің үміті мен сенімі болған ұлы Абай қанша өз жағдайы тәуір өзіне жетерлік байлығы мен дәулеті бола тұра елдің іштегі ашу-ызасын, бастарын өткеріп жатқан қиыншылығын аша білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Құраст. Н.Ақбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
2. Картаева А.М. К 20 Абайтану: Оқу құралы/А.М. Картаева – Алматы: Эверо, 2016. – 272 б.
3. Қазақ ертегілері. Алтытомдық. Т.1 Алматы: Жазушы, 2000 б.
4. Бораш Б. Т. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 440 б.
5. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2016 – 296 бет.
6. Әуезов М. «Абай» романының жазылуы жайынан. - Сөзстан: әдеби мақалалар. - Алматы: Жалын, 1982. – 224 б.
7. Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. - 368 б.
8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1985. - 20 т. – 496 б.
9. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. - Алматы: Қазақстан, 1997. - 224 б.
10. Әбетов Ғ. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиралық типтері / Кітапта: Абайдың өмірі мен творчествосы. Ред басқ. М.Ақынжанов, З.Ахметов. – Алматы: ҚазССР Ғылым акад., 1954. – 266 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ ТУРАЛЫ

Балтоғаева Жайлы Елепқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада Абайдың «толық адам» концепциясы талданады. Абай танымындағы адамгершілік, имандылық мәселелерінің қазіргі адамтану, ұрпақ тәрбиесіндегі орны қарастырылады.

Түйінді сөздер: толық адам, дині таным, руханият, ұлт тұтастығы, ұрпақ тәрбиесі.

XXI ғасырдағы ұлт санасының ілгерілеуі мен дамуына оң бағыт бере алатын рухани күш ретінде Абай Құнанбаев шығармашылығының жалпы идеясы соның ішінде «толық адам» ілімі танылып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласының «Ұлттық болмыстың үлгісі» бөлімінде, «Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [1], – деп беріледі.

Бұл бастама – біздің бүгінгі қоғамның ұстанымы, не ұрпақ тәрбиесіндегі идеологиялық негіздің қайнар көзіне айналса, алдымен ұрпақ үндестігі мен уақыт сабақтастығы арасындағы рухани байланысты нығайтып, ұлт тұтастығын жұмырландыра түсері хақ.

Қазіргі Абайтану ілімінің көш басында тұрған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Мекемтас Мырзахметұлының «Абайдың «толық адам» ілімі бізді аласапыран дүниеде адастырмай, тура жолға бастайды»[2]– деген пікірі де мемлекет басшысының бастамасымен астарлас ұғымды туындатады.

Ол – Абайдың «толық адам» ілімін тұңғыш рет ғылыми айналымға әкелген ғалым.

Ал Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясында «Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық орта мен қоғамдық шындық мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қара сөздердің арманы мен мазмұны, мұраттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек. Екінші – адамгершілікжөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес.»[3, 220] – деп келтіреді.

Егерде бүгінгі басты мақсат «интеллектуалды ұлтты» тәрбиелеудің кілті «кемелдіктің көрінісінде» десек, XIX ғасырда өмір сүрген Абай ұлылығы да осыны өсиет етеді. Айталық, ақынның отыз сегізінші қара сөзі: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзентілерім!» – деп басталып, «ғылымды-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қанша бір бала ғылым, білімді махаббатпен, көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфагат (табыс, кіріс, пайда, қайырымды іс, қызығушылық), дәфғы мұзарратларны (зарарлыдан қашу) айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білсе деп үміт қылмаққа болады»[4,72] – делінген.

Біз өз ойымызды бүгінгі күннен бастап тереңдете қарастыруды, яғни негіздеуді дұрыс көрдік. Өзіміз куә болып отырғандай бүгінгі бастаманың көрнекті Абайтанушы М.Мырзахметұлының он жыл бұрынғы пікірімен және Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны мен әдеби портретін сомдаған М.Әуезовтің жарты ғасыр бұрынғы жазған зерттеу еңбегіндегі ойларымен тоғысуы мақала мәтінінің түбегейлі зерттеліп, құндақталған ойдан туған құндылығы мен маңыздылығын танытады.

Халқымыздың тарихына ұқсаған Абай ілімінің дүниеден өшіріліп қалмай бүгінге жетуі мен енді қоғамға толықтай қызмет етуге жұмсалуды біздің рухани жеңісіміз деп танылуы керек.

Мысалы, академик М.Мырзахмет 2010 жылғы сұхбатында: «Абайдың үлкен ілімі бар «толық адам» бірақ, біз оны аша алмадық,» – дей келіп М.Әуезов бұл ілім туралы білсе де, дінге қатысты болғасын Абайды толық адам деп емес «нравственный, гармонический» тұлға,[2] – деп келтіргенін түсіндіреді.

Ал діни ілімде «толық адам» – кемел адам. Кемел адам (араб. «инсан-и камил» - толық адам) - ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – (яғни) кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздің қалыбы мен негізіне мейілінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбірі ісі – темірқазықтай жол көрсетуші. ... бұл ұғымның арғы төркіні Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен сопылық сарындағы туындылардан тамыр тартады. Қазақ әдебиетінде кітаби ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді.

Кемел адам туралы ой Абай шығармаларында толық адам, жарым адам, камили инсани, толық сөздер арқылы жүйелі түрде жауанмәрттік (көне түрік тілінде zomard-жомарт) ілімі негізінде таратылып отырады. Осы энциклопедиялық анықтама-түсініктің бәрі ғалымныңөзіндік ой-нұсқасында да тұспалдап айтылып кетеді.

Абайдың адамгершілік негіздері туралы ой-пікірлері жауанмәртеліктегі ақыл, әділет, рахым жайлы ізгілік ұғымдармен сабақтасып жатады. Кемел адам сипатына тән нәрсе – нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек.

Бұл – діни ілімді зерттей келе өз заманы мен туған халқының тағдырын бақытты етудің жолын іздеген Абай Құнанбаевтың «толық адам» яғни ақыл-ойы толысқан кісі ілімінің концепциясы. М.Мырзахмет бұл ілімді ашуда М.Әуезовті басшылыққа ала отырып, ақынның «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» – жолдарына мән береді. Ғалым Абай дүниетанымының Мұхтар Әуезов көрсетіп кеткен үш рухани бұлағын да атай отырып, Абайды толық тану үшін осы үш саланың әлі де болса тереңдеп өз дәрежесінде зерттелмегенін, қоғамда болған өзгерістерді себеп ете отырып, нақты түсіндіреді. Ғалымның айтуынша кеңес тұсында Әуезов көрсеткен бұл концепция бұзылып шығыс пен батыс бағытын бара зерттеу, яғни тереңдей зерттеу жүргізуге тиым салынғаны айтылады. Осы кезеңнен зерттеушілер Абайды тануда оның негізгі ілімінің жүрегі болып табылатын шығыс ғылымына мүлдем бара алмаған, керісінше ақынды орыс әдебиетіне қатысты зерттеу көлемді түрде қолға алынған.

Сонымен бірге ғалым Абай шығысының сырын ашу үшін араб, парсы, шағатай (ортағасырлық түркі) тілдерін біліп, исламиаттың тарихын түбегейлі зерттеп білуіміз керек. Оның әлеміне ұлттық шығыстық модель арқылы кірсек қана Абай ашылады, – дейді.

Жолдамада «Жаңғыру– өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс»[1] екендігі айтылады.

Ендеше, Абай қара сөзіне оралсақ, онда былай деп келтіреді: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады. Ол – алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Аның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі хақлық һәм адамдық дүр»[4,73].

Абайдың дүние даналығын танудағы философиялық ойлары заманы озса да рухани сипаты жағынан қоғамның – болашағымызжастарға және жалпы әрбір қоғам мүшесіне бүгінгі тілегімен өзектес жатыр.

Абай, өзінің қырық бесінші қара сөзінде: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. ...Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» – деп, табиғат жаратылысының адам ақылының, ойлап табар ғылымының таусылмас, түбі жеткізбес ғажабы екенін танып кеткен.

Ал бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің әртүрлі ғылым бағытында ақынның шығыс әлемін зерттеп жүрген ғалымдарымыз, өз мүмкіндіктерінше талдап, түсіндіріп жалпы қоғамның игілігіне айналдыруда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://eqemen.kz> “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан”- Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020 жыл.
2. inform.kz /Халықаралық ақпарат агенттігі/9 тамыз, 2010 жыл. Сұхбат.
3. Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеу. Алматы. Санат, 1995.
4. Абай. Қара сөздері. Алматы. Өнер, 2006.

ХАКІМ АБАЙ – РЕНЕСАНСТЫҚ ТҰЛҒА

Аймұратов С.Б.

философия ғылымдарының кандидаты, Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Ұлы даланың ұлы перзенті Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы туған халқына баға жетпес рухани қазына сыйлаған адам. Кемеңгеріміз тұңғыш рет қуатты ойын суарып, қазақ философиясын поэзиямен өрнектеді. Құдайға сенімнің, жүрек культінің және адам болмысының генезисін ашты. Өмір, махаббат, өлім, әділет ұғымдарына ғарыштық мағына берді. Ал, оның мұрасының ұлылығы, әрине, оның ішкі сыры мен мәнінде жатыр.

Түйінді сөздер: сенім, идеал, адами қатынас, даналық, философия.

Өткен ХХ ғасыр куә, Абай айтқан даналық өсиеттер, оның өлеңдері мен жырлары, поэзиялары мен қара сөздері қазақ халқына қалтқысыз қызмет етті. Данышпан ойшылымыздың еңбектері тозбайтын, тозғанның орнынына түлей беретін киелі қазына екеніне көз жетті. Хакім Абай күллі адамзатқа ортақ жантану, кемел адам, үш сүю сияқты өлмес ілімдер иесі. Оған дүниежүзі тағзым етер алтын дәуір, сөз жоқ әлі алда деп ойлаймыз. Алыс - жақын шет елдерде қазірдің өзінде қазақ данасының кемеңгерлігі мойындалып, көптеп ескерткіштер орнатылып, көше аттары да беріле бастады.

Қазіргі жаңа заман қазақтың тұрмыс -тіршілігіне де, қоғамдық сана-сезіміне де түбегейлі өзгеріс әкелді. Бүгінгі таңда сенім, идеал, таным, көзқарас бәрі де басқа. Яғни, бүгінгі күннің шындығы сол, адами қатынас адам жүрегінен алыстап кетіп барады. Сондықтан да рухани жаңғыруымыз үшін ұлы ұстазға арқа тірмесек болмайды. Себебі, келер ұрпақ онсыз бізді тани алар ма екен деген сұрақта бізді мазалау керек, жоқ әрине.

Себебі, біріншіден, рухани деңгейін көтермеген ұлтта болашақ жоқ. Екіншіден, кешегі бодандық дәуір мен бүгінгі тәуелсіздік арасы жер мен көктей алшақ. Қазақ елі өркениетті елдер қатарына қосылуға ниетті. Бірақ ұлттық сана-сезім таяздаған, рухани байлық ортайған халде кемелдікке жету-жетпеуіміз беймәлім. Ұлы Абай:

Малда бар жан мен тән
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса. –

деп осыны ескерткен болса керек. Туған тілінен, мәдениетінен жеріген ұлттың да, жеке адамның болашағы да бұлдыр. Кемел Абай: «Қайран тіл, қайран сөз, наданға қадірсіз» деп осы рухани қараңғылықтан сақтандырған.

Ой алыбын тану мен танысу ісінде екі деңгей бар: алғашқысы – қазақ әдебиетін негіздеген классик, екіншісі – жалпы адамзатқа ортақ ойшыл.

Танымдық деңгейдің екіншісіне көшетін, яғни әдебиеттен философияға сатылайтын уақыт жетті.

Қарап отырсақ Ұлы бабамыздың қай шығармалары да терең философиялық ой-аңсарларға толы. Ол материалдық дүние мен идеялық дүние арақатынасы шешілетін адам проблемасын барынша өткір түрде алға тарта білген. Онымен қоса шайыр, философ өзінің шығармаларында адамгершілік қасиеттерді талдай келе, адам баласын иман тұрғысынан жетілуінің адам парықтарын қозғайды.

Ұлы ойшылдың қаламынан философия бойынша өзінің даналық философиясынан басқа философиялық толғаныстар мен тәлтума идеялардан да тұратын. «Ғақылия» немесе

«Қара сөздер» атты еңбек туды. Жүсіпбек Аймауытұлы 1917 жылы «Абай» журналында жарияланған «Журнал туралы» - атты мақаласында Абайдың дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда оны қазақтан шыққан нағыз философ данышпан» - деп жазған болатын.

Әрине, Абай туралы қалам тартқан авторлардың барлығы, оның қазақ халқы үшін ренесанстық тұлға екендігі, Абайтану өз халқымызды, тарихымызды мәдениетімізді тану және оларды әлемге таныту, сол үлгісімен халқымыздың бүіл рухани байлығын терең игерудің қажеттілігін мойындайды.

Әсіресе белгілі Қазақстандық философ Ғ.Есім «Абай туралы философиялық трактатында» оның «Ренесанстық тұлға деп мәлімдеді.

Дегенменде,, ақын шығармашылығының аса маңызды қырларының бірі оның философиялық толғаныстары мен көзқарастары.

Ұлы ақынның қиын-қыстау Ұлы Отан соғысы аяқталған кезде, яғни 1945 жылы 100 жылдығының тойлануы ойшылдың қазақ әдебиетінде қаншалықты орны зор екенін көрсетеді.

Сол кездегі «Абай азат ойшыл» - атты мақала жазып, «Данышпан Абай» тақырыбына мерекелік баяндама жасаған Ақжан Машановты атап өтуге болар еді. Ол өзінің «Әл-Фараби және Абай» - атты еңбегінде «Абай шығармасы әдебиетке сыймайды, оның ойшыл философ екені мәлім.» - деген тұжырымға келеді. Әрине мұндай атақты философтың пікіріне қосылмасқа да болмайды.

Халқымыздың тарихында даналықтың нағыз шығыстық көрінісін ойшылымыздың дүниетанымынан, шығармашылығынан тұтастанған тереңдеген сипатта көре аламыз. Әсіресе оның жастарға өнегелі жолды сілтейтін, кез келген пендені рухани жетілу жолына шақыратын идеялық маңызы бар шығармасы «Ғылым таппай мақтанба» - атты еңбегінен көреміз.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол.,,

Осы бір еңбегінде ақын жас ұрпаққа адамның жақсы мен жаман қасиеттерін аса шеберлікпен, әдемілеп жіктеп береді. Көңсеңіз осы бір даналықтың жолы дегендей тұжырым жасайды. Әрине, адамның қандай жолды таңдаудағы еркі өзінің жеке басының құзырында. Бірақ сол көп жолдардың ішінде адамның өзіне рухани пайдасын тигізетінін көбіне ғұламалар тереңірек аңғарады.

Абай жақсыға да, жаманға да қайран қалады. Бұл Аристотельдің философиялық бастауы болған таңдаулы, Декарттың күдіктенуі сияқты Абай дүниетанымындағы бастапқы философиялық принцип. Басқа ақындармен салыстырғанда Абай шығармашылығында сезімдіктен рационалдыққа өрлеу басым. Ол өзінің көңіл күйін, ішкі толғаныстарын, сырын, жанын мазалаған ойларын, поэзия тілімен өрнектелген логикалық тұжырымдарын көпшілікке жеткізуге ұмтылады.

Қорыта келгенде, Абайдың философиялық дүниетанымының диалектикалық жолы, ыстық қайраттан нұрлы ақылға және одан жылы жүрекке қарай жол. Мұны қазіргі ұрпақ түсініп қабылдап, басшылыққа алуға және мойындауға тиісті деп қабылдауымыз керек.

АБАЙДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ КӨЗІМЕН

¹Қайрат Асау Айниязұлы, ²ғылыми жетекшісі Мұратбек Б.Қ.

¹филология: Қазақ филологиясы мамандығының 4-курс студенті

²филол., ғ.к., доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада Абай мұрасы, оның қазақ руханиятындағы орны туралы өткен ғасырдың басында зерттеп-зерделеген ойшыл-ағартушылардың пікірлері талданады.

Түйінді сөздер: ағартушылар, зиялылар, Абайтану, шағатай әдебиеті, ислам мәдениеті.

XX ғасырдың аумалы-төкпелі заманында біздің ағартушыларымыз өздеріне рухани демеу боларлық көсем ретінде хәкім Абайды алады. Сонымен қатар оның артынан қалдырған мұраларын зерттеу және жарыққа шығару барысында өте белсенді түрде жұмыс атқарған да осы, Алашордашылар еді. Алашордашыл ағартушыларымыз өздерін Абайдың тікелей ізбасарлары санаған. Бұл қара тұманды бір зұлмат қарсаңындағы, бір адамның жан айқайы іспеттес, сол уақыттағы біздің зиялыларымыздың әрекет қамы еді. Белгілі адам немесе жануар болсын, өзінен күштірек нәрседен таяқ жесе, зорлық-қорлық көрсе ішіндегі оған деген ыза-кекпен қатар, өзіне тиісті әрбір, тіпті кішкене деталды бір нәрсесіне дейін қорғап, сақтап қалуға тырысады және сол жолда жанын беруге даяр тұрады.

Міне, біздің өткен ғасырдағы ғалымдарымызда осындай көңіл толқынысы ішінде болған десек қателеспейміз. Ол кезеңде рухани ұран, рухани жолбасшы құдды бір алдымызды ашар нұр секілді еді. XX ғасырдың басындағы біздің зиялыларымыз пайдаланған Абай мұрасы да, қазақтың шын мәнінде кім екендігін айна қатесіз танытатын, таптырмас көздір болатын. Сол арқылы бүтін қазақ даласын ояту науқаны басталғанды. Бірі «Маса», бірі «Оян қазақ», бірі «Тұран» - деп бүкіл атырапқа хабар тастады. Бұл тізімдер арасында, ойып тұрып орын аларлық тағы бір тұлғамыз бар, ол лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов.

Абай хақында Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы «Абай - қазақтың бас ақыны» мақаласын жазады. Бұл мақала Абайды танудың беталысы еді. Ол мақалада А Байтұрсынов: «Одан асқан бұрын-соң заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» - деп, Абайға аса жоғары баға береді. Осындай толқын легімен, тарих сахнасында 1934 жылы Қ. Жұбанов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын, классик мәртебесіне көтеру керек деп ұйғарады.

Үлкен үш тараудан тұратын бұл мақалада, Қ. Жұбанов «Абайды қаншалықты деңгейде таныта алды?»- деген сұраққа: Бұл мәселе төңірегінде ой қозғап көрсек, жан жақты ғалым тарапынан берілген ақпараттарға сүйенсек, сол замандағы нөмірі бірінші ақын Абай, тек қазақта емес, төңіректегі біраз халықтардан артық болғанын сөйлетеді. Тарих сахнасында түркі халықтары құрамына кіретін өз замандастарын шаң қаптырады. Ескі күншығыс мәдениетін жұқтырған талай татар, башқұрт, әзірбайжан әдебиет басындағы өкілдерін көрсетіп беріп, тіпті Ресей мен Түркиядағы таза әдебиет жасау олқылықтарында жазады. Бұл Абай жайында асыра сілтеушілік болжамына жақын көрінгенімен, ғалым тарих қатпарларын толық зерттегені көрініп тұр. Өйткені, Қ. Жұбанов Абайды бәрінен артық қойып, қалған әдебиет өкілдеріне кінә тақпайды, тек қана тарихи жағдайлар аясындағы шындықты көрсетеді. Бұл ғылым үшін де, ғалым үшін де жоғары қойылатын талап.

Ескі Ислам мәдениетінің «кірлі көрпесі»- деп шығыс әдебиеті үлгілерін сөгеді. Бұл да ғалымның өз тұжырымдамасы. Ал, Ислам мәдениеті біздің халық үшін, кіршіксіз таза-дін болып саналады. Бірақ ғалымның айтқысы келгені, адам қолымен кірлетілген, адам қолымен шұбартылған әдебиет «үлгісі». Ғалым әдебиет майталмандарын орынды, керек жерінде ашы

да сынай білді. Неге десеңіз, Абай ол әдебиеттен (шағатай әдебиеті) бас тарту сырын ұғынбақ, ғалым алдындағы міндет еді. Сондай-ақ Абай, өркениетті жолға бастаушы тұлға ретінде, Батыс жаңашылдығына жөн сілтеуші «көк бөрі» сияқты. Қалай болғанда да, ол кезеңде Абайды толық талдап, түсіндіріп беру керектігі, күн талабында тұрған мәселе болатын. Соны орындауға бел байлаған біздің ғалымға, ештеңе кедергі бола алмады. Абайдың «жағдайының жағдайсыздығы» тақырыбында ғалым, Лютердің алдында да әдеби ағым өкілдер болды дей келіп, Абайға мұндай «сыбаға» тимегенін анықтап жеткізуге тырысады.

Ғалым өз сөзін толықтырып: «Абайды өзгеден өңге қылатын оның тағы бір ерекшелігі: бұл – Тоқай мен Дәрдімәндей, Ғали Асқар Камал мен Фатих Әмірхандай, тіпті Мәржани мен Насиридей – кезінің қолайлы жағдайы жарыққа шығарған, өсіңкі тұрмыс тілегі тікелей тудырған адам емес. Ол – дәуірінің толқынынан пайда болған неміс Лютері, француз Малербі де емес. Сондықтан, Ренессанстай ұлы нәсердің ірі жемістері: Леонардо да Винчи, Албрехт Дюрер болуы да Абайға «бұйырмаған»-дейді. Бұл дегеніміз Абай олармен тұспа-тұс туғанда, қоғам санасы өсіңкі болғанда, сондай ұлы тұлғалар тізімінде, қазіргі даңқынанда биікке шарықтарын меңзей сөйлегені.

Қ. Жұбанов Абайдың шағатай әдебиетімен ара-қатынасына да сын көзбен қарай келе, Абайдың өте жастық шағындағы еліктеушілік сезімінен туған болмашы бір өлеңдері, оны тарих көшінде, шағатайшыл ақындар тізбегінде кетуден арашалап қалған. Бала кезінде жазған үш өлеңі, неліктен олай жазылды дерсіз? Осы сұрақты негіз ретінде ала отырып, ғалым Абай шығармашылығын ашық талдау майданына кіріседі. Жалпы алар болсақ, Қ. Жұбанов ақынды арашаламайды, тек даттаушыларға, ысырмалаушылар мен дұрыс түсінбей жүргендерге құлаққағыс ретінде, ұғымды бір түрде «көздерінді дұрыстап ашып қараңдар» дегендей үндеу тастайды.

Егер шағатай әдебиеті мистикалық, диуаналық лирика болып, көнбістілікті, құлдық идеалды жырласа, Абай – «оймен бостандық іздеуші», «көппен керген ұлы тойды» бұзбақ болған адам. Алғашқысы «мен» - нен қашса, Абай, керісінше, «мен» - ді ардақтайды. Рас, Абайдың шығыс ақындарына еліктеп жазған кейбір өлеңдерінде араб – парсы сөздері де, ғаруз өлшеуі де, сол поэзияға тән теңеулер де көптен кездеседі. Ол өлеңдерде «тұрмыстың қандай түкпірлеріне де жанары түскен қырағы көз әлі жоқ», «сондықтан тұрмыстан алынған бейне де жоқ, олар кейін болады».

Қ. Жұбанов Абай мен шағатай әдебиетінің үлкен айырмашылығын мына тұста былай баяндайды: «Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Бірақ оның ойы – сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сыярлық қана болып қоймайды; бірі олай, бірі бұлай да кетпейді; солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй болып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады. Дін, құдай жайын өлең қылса, «Мәкен берген, налық қылған – ол ләмекен», «Уә кутубиһі дегенмен ісі бар ма? «арабшалап кетеді; орыс мектебі, Салыков, Толстойларды сөз қылса, жаңа кәсіпке шақырса, «здравомыслящий», «занимайся промыслом» деп, орысшалап та қояды». Бұл жерде Абайды көрсеқызар, әрнәрсеге бір кірген адам сияқты көруімізде мүмкін. Жоқ! Абай халық қамы үшін өзінің соны жолын қалады. Абай шағатай әдебиетіндегідей ғашықтықтың шарабын ішіп, өлеңнің әр бұрышында мас болмады. Не десе де халық үшін деді. Не қылса халық үшін қылды. Міне осы себепті, Абайдың жетіліп келе жатқан ойшыл сезімі шағатай әдебиетінің мистикасына, тар қалыбына

сыя алмады. Ол анық шындық, анық тарихи оқиғаны өз парқынша саралады. Ой сүзгісінен өткізді. Саралай отырып келер ұрпаққа қалдырар өсиет, тарих қатесінен сабақ алу деді. Біз заманымызда қателестік, бірақ сіз қателеспеніздер жас ұрпақ деді. Абай тарихқа әділ таразымен қарады. Екінші қара сөзінде басталатындай: «қазақ бәрінен артық болса, неге мұнша бишара жағдайдамыз?»- деген еді. Негізгі ақынның поэзиясына арқау болған тақырып, қазақтың сол кезеңдегі жағдайы. Сол кездегі халық алданышы, болмашы бір қамсыз тірлік, Абай үшін үлкен қауіп сезілірді.

Қ. Жұбанов ақын шығармашылығын бәрінен бөлек алып қарайды. Абайды жоғары мәртебеге лайық қоюының себебі, ол өскен орта басқа ортадан бөлек, ол білім алған орта өз шығармашылығына қарама-қайшы келетін тұстары ие, ол сынаған қоғам өз халқы екендігі туралы пайымдаулар бәлкім, бірақ, ол жасаған халық санасынан әлдеқайда жоғарғы санамен келешекті түйсінгенін байқаймыз. Ақын халық әдебиетіндегі басы артық қыстырма сөздерді, ғалым тарапынан қалай байқағанын осы орайда, оларға қарсы шағын, тілге орамды, сөздері төселген, жағымды мақам, керек десеніз өлеңге әнде шығарған. Халық ауыз әдебиетін жазба әдебиетке көшіру Абайдың арқасы, дегенмен тек көшіріп қана қоймай, ауыз әдебиет үлгілерін талдай білген талғай білген сарапшы. Қазаққа зиян, бірақ қазақ жақсы көрген жаман әдеттер; рушылдық, қызымырлық, өзімшілдік бұларды Абай әуел бастан аямай сыпыртып сынаған.

«Бірінді қазақ, бірін дос,
Көрмесең - істің бәрі бос»

деп бірлікке шақырған Абай жәйін бүгінгі ұрпақ біз түсінбесек, ақынның хақын бермеген боламыз.

Қазақтың бас ақынын таныту мақсатында, жазған осы мақаланы ғалым, мына біз үшін талдайды. Абай і ұлт болашағына сенді, осы бір ұлттан Алашорда алыптары сияқты, қаймақтардың шығатынына Бабалар аманатына байыппен қарайтын, өзі секілді алдыңғы буын шерін ақтара алатын перзенттер шығатынына.

Қорытындылай келе тұңғыш ғылыми профессор, лингвист Қ. Жұбанов танымымен Абай- шағатай әдебиетінің батпағын белшесінен кешіп барып ұшығына шығып, тастап кетті. Дегенмен, ғалым, шағатай әдебиеті Абай шығармашылығына әсерін тигізді дей келіп, кейбір жерде сәйкестік те болатынын көрсетеді. Оған дәлел ретінде «шағатай әдебиеті, ғаруз үш ұйқтаса түсіне кірмеген» М. Дулатов өлеңін мысалға береді.

Сонымен қатар, Абай халық ауыз әдебиетін елеп-екшеп бір қалыпты нормаға түсірген, шағатай уәзінінен құтқарып өзінің буын екпін ережелерін қазақ поэзиясына енгізген. Абайды зерттей келе ғалым Қ. Жұбанов: «Мұндай үлкен жігер, халқы үшін пайдалы іс үйреніп және үйретуге қанағат етпеушілік, ақын ойының басты идеясы»,- деген пікір айтқысы келеді. Төменде берілген 3 абзацта Абайға қатысты мақаланы түрікшеге аудару кезіндегі тұщымды тұжырымдар ретінде арнайы қорытынды бөлімге ұсындық.

Sonuç olarak K. Zhubanov'un bakış açısıyla Abay, Çağatay edebiyatının eksikliklerini aşan bir şairdir. Ancak alim, Çağatay edebiyatının Abay'ın eserlerine etkisi olduğunu dikkate alarak, bazı yerlerde benzerlikler olabileceğini söyler. Buna delil olarak Çağatay edebiyatı, aruz vezninden haberi olmayan M. Dulatov şiirini örnek alır.

Bununla birlikte Abay sözlü halk edebiyatından yazılı edebiyata göçerek kendi veznini, tarzını meydana getiren yetenekli bir şairdir. Abay'ı araştıran K. Zhubanov, şu sonuca ulaşır: Cesaretli olmak, halkı için yararlı işler öğrenmek ve bildikleriyle kanaat etmeyerek daha çok öğrenip halkını geliştirmek, şairin en önemli özelliklerindedir.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Абай қазақ әдебиетінің классигі» мақаласы// 251-273 бб. Ішінара өңделген үшінші басылымы. Тіл білімі институты. Алматы, «Атамұра» баспасы.2010.- 608 бет
- 2.Шалабай Б.. «Қ. Жұбанов-Абай поэзиясын лингвопоэтикалық тұрғыдан тұңғыш зерттеуші. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, филология сериясы, 2006ж. №1. 46-48бб.
3. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki>
4. Мұратбек Б.Қ., Атеш Ө.Ф., Қайрат А.А. Қ.Жұбанов «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» мақаласының түрікше нұсқасы (ұжымдық аударма).

МАЗМҰНЫ

MODERN AZERBAIJAN EDEBİYATINDA TEMEL TOPLUMSAL MESELELER	
Ömer Faruk ATEŞ	4
SOME THOUGHTS ON ABAI'S POEM 'ALIFBA'	
Orhan Soylemez	7
АБАЙ МЕН ГЕТЕ: РУХАНИ ЖАҚЫНДАСТЫҚ	
Пангереев А.Ш., Алдабергенова Р.С.	16
АБАЙ МҰРАСЫ АДАМГЕРШІЛІК ІЛІМНІҢ ҚАЙНАРЫ	
Бекбосынов М.Н.	19
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МОДУСЫ	
Мұратбек Б.Қ.	27
ИДЕИ АБАЯ КУНАНБАЕВА И ПРОГРАММА ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	
Унгарбаева Г.И., Курманова Б.Ж.	30
ХӘКІМ АБАЙ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ	
Жабал Шойынбет	34
АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МҰРАТТАРЫ	
Рақымжан Тұрысбек	36
АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ	
Бекежан Ө.Қ.	40
АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ	
Нүрдәулетова Б.И.	43
АБАЙ «КҮЛКІ» МАҒЫНАСЫ МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖАЙЛЫ	
Абдрахманова Ж.М.	45
АБАЙ ҚУНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ (АКАДЕМИК Ж.ДӘДЕБАЕВТЫҢ «АБАЙДЫҢ АНТРОПОЛОГИЗМІ» МОНОГРАФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)	
Мұсалы Л.	47
АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТІ САНА ТҰРҒЫСЫНАН ПАЙЫМДАУ	
Даутова Б. Д.	50
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЗОЙНАТЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ	
Салихова А.З.	55
АБАЙ ИРОНИЯСЫ: ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ	
Қабылов Ә.Д.	56
АБАЙ ТІЛІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ («ҚАРА СӨЗДЕР» -РУХАНИ МҰРА)	
Кастуганова Л.К.	61
АБАЙДЫҢ «МАСҒҰТ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫП ЕРЕКШЕЛІГІ	
Қобланов Ж.Т.	63
АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ – ТЕРЕҢ ПСИХОЛОГИЗМ БАСТАУЫ	
Қамарова Н.С.	67
«АБАЙТАНУ» ПӘНІНІҢ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТЫЛУ ДЕҢГЕЙІ (СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ)	
Айтова Н.Н., Саркұлова А.	73

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ТУУ» ЕТІСТІГІНІҢ ВАЛЕНТТІЛІГІ: ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ, КОГНИТИВТІК СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ Аитова Н.Н.	76
АБАЙДЫҢ ӘН ӘЛЕМІ Каримсакова Б.А.	80
АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ Каримсакова Б.А.	83
АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АДАМИ БОЛМЫСТЫҢ СЫРЫ Каримсакова Б.А.	87
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕР Дуйсенова К.Е.	90
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ Айтбенбетова А. К., Молдабаева З.М.	93
ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ПРОЦЕСІНІҢ КӨРІНІСТЕРІ (Абай шығармалары тіліндегі сөз қолданыстары) Алдашев Н. М., Мұқан Ф.	98
АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕСІ Қондыбай К.Ә., Есенова Г.С.	101
АБАЙТАНУДАҒЫ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР Умирбаев А.С., Жалғас А.А.	106
АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ХАН-СҰЛТАНДАР БЕЙНЕСІ Зиноллаева А. Қ.	109
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ ТУРАЛЫ Балтоғаева Ж. Е.	113
ХАКІМ АБАЙ – РЕНЕСАНСТЫҚ ТҰЛҒА Аймұратов С.Б.	116
АБАЙДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ КӨЗІМЕН Қайрат А.А., ғылыми жетекшісі Мұратбек Б.Қ.	118

Пішімі 60x84 1/12

Көлемі 123 бет

Шартты баспа табағы 10,25

Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а